

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
2010 ЖЫЛҒЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

АЛМАТЫ

2011 ЖЫЛ

Пайдаланылатын қысқартулар тізімі

Қазақстан Республикасының Президенті	Президент
Қазақстан Республикасының Парламенті	Парламент
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	Ұлттық Банк
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі	ҚҚА
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры	Ұлттық қор
Қазақстан Республикасының Үкіметі	Үкімет
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	Қаржы министрлігі
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	Әділет министрлігі
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі	Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі	АӨҚОҚРА
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі	Статистика агенттігі
Тәуелсіз мемлекеттер достастығы	ТМД
Еуразия экономикалық қоғамдастығы	ЕурАзЭҚ
Шанхай ынтымақтастық ұйымы	ШЫҰ
Халықаралық қаржы ұйымдары	ХҚҰ
Халықаралық валюта қоры	ХВҚ
екінші деңгейдегі банк	банк
АҚШ доллары	АҚШ долл.

Мазмұны:

I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ	6
1.1. Экономиканың нақты секторы	6
1.2. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингі	9
1.3. Салық-бюджет саласы	10
1.4. Төлем балансы және сыртқы борыш	12
1.5. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету	15
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ, АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ.	18
2.1. Ақша-кредит саясаты	18
2.2. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтері және оларды басқару	23
2.3. Валюталық реттеу және бақылау	25
III. ЭМИССИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫМЫ	28
3.1. Ұлттық Банктің эмиссиялық операциялары	28
3.2. Қолма-қол ақша айналымы	29
IV. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ	30
4.1. Валюта нарығы	30
4.2. Банкаралық ақша нарығы	32
4.3. Депозит нарығы	33
4.4. Кредит нарығы	35
4.5. Мемлекеттік бағалы қағаздардың нарығы	36
V. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ	36
5.1. Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ)	38
5.2. Банкаралық клиринг жүйесі	39
5.3. Төлем құралдары	40
VI. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ	42
VII. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ АҚПАРАТТЫҚ- ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ	47
7.1. Халықаралық ынтымақтастық	47
7.2. Ұлттық Банктің ақпараттық-түсіндіру қызметі	51
VIII. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ	53
IX. АКТИВТЕРДІ СЕΝІМГЕРЛІК БАСҚАРУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР	54
9.1. Ұлттық қорды басқару	54
9.2. Ұлттық Банктің клиенттеріне қызмет көрсету бойынша кастодиандық, брокерлік және басқа да қызмет	55
X. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ҚЫЗМЕТ	56
10.1. Ұйымдық құрылым	56
10.2. Адам ресурстары саласындағы саясат	57
10.3. Ақпарат технологияларын дамыту	59
10.4. Ішкі аудит	61
10.5. Қаржы-шаруашылық қызмет	62
СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАР	63

НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1. 2010 жылдың қорытындылары әлемдік экономиканың дағдарыстан кейінгі жанданудан баяу, бірақ тұрақты өсу кезеңіне біртіндеп өту фактісін растады, ол болжамдарға сәйкес келесі екі жыл бойына жалғасады. ХВҚ бағалауы бойынша 2010 жылы әлемдік ЖІӨ 5,0%-ға өсті. Бұл ретте АҚШ экономикасында 2,8%-ға, Жапония экономикасында 4,3%-ға өсті, еуро аймағы елдерінің жиынтық ЖІӨ 1,8%-ға өсті. 2011 және 2012 жылдары әлемдік экономиканың өсуі тиісінше 4,4% және 4,5% деңгейінде болады деп күтіледі.

2. 2009 жылы қол жеткізген нәтижелер ЖІӨ-нің 2010 жылы 2-2,5% деңгейінде нақты өсуіне болжам жасауға мүмкіндік берді. Алайда Қазақстан экспортының негізгі баптарының бағасы мен сұранысы өсуінің жандануына ықпал еткен әлемдік экономиканың біртіндеп қайта қалпына келуі және Ел экономикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырыла бастауы болжамдарды айтарлықтай көтеруге мүмкіндік берді. Мәселен, жедел деректер бойынша, ЖІӨ 2010 жылы 7,0%-ға ұлғайды. Тауарлар өндірісі 5,0%-ға, қызмет өндірісі 6,0%-ға ұлғайды. Өндірілген ЖІӨ-нің номиналды көрсетудегі көлемі 21 513,5 млрд. теңгеге жетті.

3. 2010 жылы жылдық инфляция 7,8% деңгейінде қалыптасты, бұл Ұлттық Банктің 2010 жылға белгіленген 6-8% мақсатты дәлізіне толығымен сәйкес келеді.

Тұтыну бағаларының 2010 жылы өсуі, негізінен, экономикадағы сұраныс пен ұсыныс теңгерімсіздігіне байланысты болды. Бұл ретте 2010 жылы монетарлық факторлардың инфляцияға әсері барынша аз күйінде қалды.

2011 жылы Ұлттық Банк инфляцияны жылдың қорытындысы бойынша 6-8% шегінде ұстап тұруды ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты етіп айқындады.

4. Ұлттық Банктің шаралары, сондай-ақ Қазақстан экспортының негізгі позицияларының қолайлы баға конъюнктурасы ішкі валюта нарығында тұрақты ахуалдың сақталуына әсер етті. Осы жағдайларда Ұлттық Банк 2010 жылғы 5 ақпаннан бастап теңге бағамының ауытқу дәлізін: 150 теңге/доллар (+)10% немесе 15 теңге, (-)15% немесе 22,5 теңге ауқымында кеңейтті.

2010 жылы теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығына аз қатысуы жағдайында берілген дәліз деңгейінде қалды. Бұл ретте ұлттық валютаның ұлғаю үрдісі байқалды.

Ұлттық Банктің жалпы алтынвалюта активтерінің көлемі 2010 жылдың аяғында 23,0%-ға ұлғайып, 27,7 млрд. АҚШ долл. құрады.

5. Ішкі қаражат көздерінің банктерді қорландыру базасын қалыптастыру кезіндегі тұрақтылығын көтеру, қаржы жүйесінің тұрақтылығын және депозиторлардың мүдделерін қорғау мақсатында Ұлттық Банк 2010 жылғы қыркүйекте «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның жарғылық капиталын 11 млрд. теңгеге дейін ұлғайтты. Қорды жалпы ірілендіру енді 121 млрд. теңгені құрайды, өтеу резерві 2010 жылдың қорытындылары бойынша 126,1 млрд. теңге болды.

2010 жылы резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері 12,5%-ға өсті, бұл ретте жеке тұлғалардың салымдары 15,9%-ға, заңды тұлғалардікі 11,2%-ға ұлғайды.

6. Банктердің жинақтаған өтімділігі көлемінің айтарлықтай болғанына қарамастан экономиканы кредиттеудің жалпы деңгейі 2010 жылы 7596,5 млрд. теңгені құрап, 0,6%-ға төмендеді. Ұлттық валютадағы кредиттеу 11,1%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы 13,1%-ға төмендеді. Кредиттеу белсенділігі, негізінен, банктер портфеліндегі сапасыз кредиттер деңгейінің жоғары болуымен, капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарындағы тәуекелдердің

сақталуымен, нақты сектор және халық тарапынан кредиттер бойынша төлем қабілеттілігі перспективасының көмескілігі себебінен іркіліп отыр. 2011 жылы кредиттерді өтеу және «нашар» кредиттерді есептен шығару көлемдері жаңа кредиттерді беру көлемінің орнын жабады деп болжанады. Соған байланысты 2011 жылы кредит портфелінің айтарлықтай өсуі күтілмейді.

7. Ақша базасының 2010 жылы кеңеюі 5,0% құрады, ақша массасы 14,1%-ға, айналыстағы қолма-қол ақша 25,7%-ға артты. Қолма-қол ақшаны шығарудан және алудан болған эмиссиялық нәтиже 2010 жылы оң болып қалыптасты және 2009 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда нәтижесінде (+)258,5 млрд. теңгені құрап, 4,2 есе ұлғайды. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйелері арқылы жүргізілген төлемдердің көлемі 14,6%-ға ұлғайды, төлемдер сомасы 17,5%-ға өсті. Айналыстағы төлем карточкаларының саны 10,2%-ға өсті.

8. 2010 жылы үш банкті: «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ қайта құрылымдау сәтті аяқталды. Мемлекеттің осы банктерді құтқару және берешектерін қайта құрылымдау жөніндегі шешімдері көбіне теріс көңіл-күйлерді барынша азайтуға ықпал етті. Қайта құрылымдаудың аяқталуы шетел инвесторлары үшін де, ішкі нарық үшін де маңызды сәт болып табылады.

9. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде Президенттің 2010 жылғы 12 маусымдағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес құрылды, оның отырысы шеңберінде Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және жүйелік тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған макропруденциалдық реттеудің стратегиялық тәсілдерін әзірлеу жүзеге асырылуда. Кеңестің бірінші отырысы 2010 жылғы 30 маусымда өтті. Кеңестің барлығы 7 отырысы өтті, банк, сақтандыру, зейнетақы және қаржы нарығының түрлі сегменттерінің жұмыс істеу мәселелері оның тақырыбына өзек болды.

10. Инвестициялық басқарушысы Ұлттық Банк болып табылатын Ұлттық қордың кірістілігі базалық валютасы – АҚШ долларымен – 2010 жылы 3,02 % болды. Ұлттық қордың кірістілігі құрылған кезден бастап 2010 жылғы 31 желтоқсан аралығында 59,67% болды, бұл жылдық көрсеткіште 5,0% құрайды.

11. Ұлттық Банктің кірісі 2010 жылы 64 018,5 млн. теңге, шығындары 14 908,8 млн. теңге болды, таза пайда 49 109,7 млн. теңгені құрап, 2009 жылмен салыстырғанда 14 945,0 млн. теңгеге (43,7%) өсті.

І. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

1.1. Экономиканың нақты секторы¹²


2010 жылы әлемдік экономиканың біртіндеп қайта қалпына келуі нәтижесінде Қазақстан экспортының негізгі баптарының бағасы мен сұранысының өсуі жанданды. Әлемдік экономиканың жандануы және сыртқы сұраныстың көтерілуі Қазақстан экономикасының қайта қалпына келіп өсуінің жоғары қарқынының басталуына ықпал етті. Ішкі сұраныстың өсуі бюджеттен берілетін жалақының, әлеуметтік жәрдемақылардың және зейнетақының 2010 жылы көтерілуіне байланысты болды.

Бұл ретте экономика салаларындағы іскерлік белсенділіктің өсуіне мемлекеттің іске асырылуы 2010 жылы да жалғасқан дағдарысқа қарсы шаралары, сондай-ақ Ел экономикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырыла бастауы ықпал етті.

Нәтижесінде ЖІӨ-нің ағымдағы бағалармен көлемі жедел деректер бойынша 2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда 21,5 трлн. теңгеге жетті, ал ЖІӨ нақты өсу қарқыны 2009 жылмен салыстырғанда айтарлықтай үдеп, 7,0% құрады (1.1.1-сурет).

1.1.1-сурет

Нақты ЖІӨ динамикасы



2010 жылы, жекелеген үш құрамдас бөлікті есептемегенде, ЖІӨ-нің барлық құрамдас бөліктері жақсы өсу қарқынын көрсетті. Өсудің жоғарғы қарқынын өңдеуші өнеркәсіп көрсетті, ол 18,4%-ға өсті (1.1.2-сурет). Мынадай салаларда: «ауыл, орман және балық шаруашылығы» – 11,7%-ға; «қаржы және сақтандыру қызметі» – 2,4%-ға, «қаржылық делдалдықтың жанама өлшенетін қызметтері» – 25,5%-ға төмендеуі байқалды.


Дәнді-дақылдардың 2009 жылы бұрын-соңды болмаған көлемде жиналуынан кейін ауыл шаруашылығы көрсеткіштерінің 2010 жылы төмендеуі салыстырудың жоғарғы базасымен, сондай-ақ қолайсыз ауа-райы жағдайынан жылдың шығымсыз болуымен байланысты болды.

Экономикалық қызметтің қалған екі түрі көрсеткіштерінің төмендеуі негізінде 2010 жылы 0,6%-ға төмендеген, кредиттеудің шамалы құлдырауына себеп болған, банктердің кредиттік белсенділігінің төмен болуы жатыр.

2010 жылы ЖІӨ-нің тұтастай алғанда өсуі тепе-тең болып, тауар өндірісінің 5,0%-ға ұлғаюымен, қызмет көрсету өндірісінің 6,0%-ға өсуімен қамтамасыз етілді, ал 2009 жылы бір жылда 3,3%-ға ұлғайған экономиканың нақты секторы ЖІӨ-нің өсу көзі болды, ал қызмет көрсету өндірісі 1,5%-ға төмендеді.


Экономиканың жекелеген салаларындағы өндірістің нақты көлемі индексінің динамикасы

өткен жылға %-бен



ЖІӨ-нің құрылымында басым бөлік қызмет көрсетуге (52,8%) тиесілі, бұл ретте 2002 жылдан бері оның үлесі тұрақты түрде ЖІӨ көлемінің жартысынан асады (1.1.3-сурет).

Жалпы ішкі өнімнің құрылымы




* ҚДЖӨҚ – қаржы делдалдығының жанама өлшенетін қызметтері

Негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны 2009 жылы айтарлықтай баяулағаннан кейін 2010 жылы инвестициялар 0,5%-ға төмендеді (1.1.4-сурет). Бұл азаю дағдарыс кезінде айтарлықтай қиындықтарды басынан кешірген бірқатар салаларда негізгі капиталға инвестициялар түсімінің төмендеуімен байланысты болды.

Негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны

өткен жылға %-бен



Инвестициялардың 2010 жылы қызметтің мынадай түрлері бойынша: көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу 22,7%-ға, көлік және қоймаға қою 28,0%-ға, тұру және тамақтану 47,4%-ға, ақпарат және байланыс 17,9%-ға, қаржы және сақтандыру қызметі 23,7%-ға, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет 51,1%-ға, қызметтің басқа түрлерін көрсету 3,5%-ға төмендеуі байқалды. Бұл салалардың үлес салмағы инвестициялардың жалпы көлемінің 21,9% құрады.

Негізгі капиталға инвестициялардың айтарлықтай үлес салмағы өнеркәсіпке (55,6%), көлік және қоймаға қоюға (15,2%), сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен жүргізілетін операцияларға (8,4%) тиесілі. Тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді әзірлеу бұрынғысынша инвестициялық салымдар үшін тартымды сала болып қалады, олардың негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 36,0% құрады.

2010 жылы негізгі капиталға инвестициялардың құрылымы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік бюджет есебінен қаражат үлесі жалпы көлемнің 18,9%-дан 21,1%-ға дейін өсті, меншікті қаражат 32,6%-дан 45,9%-ға дейін ұлғайды, ал шетел инвестицияларының үлесі 37,0%-дан 24,4%-ға дейін төмендеді, заем қаражаты 11,5%-дан 8,6%-ға дейін азайды.

Технологиялық құрылымы бойынша үйлер мен ғимараттарды салу және күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарға инвестициялық салымдардың және машиналарды, жабдықты, құралды, мүкәммалды сатып алуға бағытталған инвестициялардың ұлғайғандығы (тиісінше 2,5% және 11,7%) байқалады.

Тұрғын үй құрылысына инвестициялар 2010 жылы 2,1%-ға төмендеді, бұл 2009 жылы 36,9%-ға дейін төмендеген ахуалдан айтарлықтай жақсы. Нәтижесінде берілген тұрғын үйдің нақты көлемінің индексі 0,1%-ға көтеріліп, құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) жалпы көлемі 1,0%-ға ұлғайды.

Экономикалық белсенді халықтың саны 2010 жылы 8,6 млн. адам болды, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 1,8% көп. Экономикада жұмыспен қамтылған халық саны 2,7%-ға 8,1 млн. адамға дейін өсті. Жұмыссыздар саны 10,4%-ға 496,6 мың адамға дейін қысқарды. **Жұмыссыздық деңгейі** 2010 жылы 5,8% (2009 жылы 6,6%) деңгейінде қалыптасты.

2010 жылы **орташа айлық номиналдық жалақы** 77 482 теңге болды, бұл 2009 жылғы деңгейден 14,6%-ға жоғары. Нақты көрсеткішпен жалақы 7,0%-ға ұлғайды (2009 жылы 3,2%-ға өсті). Жалдамалы қызметкерлердің еңбек ақысы 2010 жылы экономиканың барлық саласы бойынша өсті (I бөлімнің 1.1-бөлімшесіне 1-қосымша, 1.1.1-сурет).

Халықтың орташа жан басына шаққандағы номиналдық ақшалай кірістері 2010 жылы 463 мың теңгеге жетті, бұл 2009 жылға қарағанда номиналды көрсеткішпен 13,9%-ға, ал нақты көрсеткішпен 6,3%-ға көп.

1.2. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингі

2010 жылы ел экономикасының негізгі салаларын білдіретін мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 1 917-ден 2 139-ға дейін, оның ішінде орташа және ірілері 1 180-нен 1 269-ға дейін өсті. Кәсіпорындарды мониторингке қатысу үшін іріктеу кәсіпорындарды таңдау репрезентативтігі есебінің негізінде экономиканың салалық және аймақтық құрылымы есепке алына отырып жүргізілді. Мониторингке қатысушы кәсіпорындардың өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатудан түскен кіріс 2010 жылдың 4-тоқсанында 3 884,7 млрд. теңгеге жетті, бұл экономика бойынша өнімді сатудан түскен жалпы кірістің 41%-ға жуығын құрайды.

Кәсіпорындардың тоқсан сайынғы пікіртерім нәтижелері 2010 жылы қалыптасқан экономикалық ахуал және экономиканың нақты секторындағы негізгі үрдістер туралы мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

2010 жылдың басында 2009 жыл бойына байқалған сұраныстың төмендеу үрдісі жалғасты. «Құрылыс» және «жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалдау және кәсіпорындарға қызметтер көрсету» салаларындағы сұраныстың төмендеуі есебінен жылдың аяғында өсу қарқынының баяулағанына қарамастан 2010 жылдың 2-тоқсанынан бастап сұраныс өсе бастады. Көрсеткіштің айтарлықтай өсуі 2010 жылғы 2 және 3-тоқсандарда байқалды, оны пікіртерімге қатысушылардың тиісінше 28,1% және 27,3% атап өтті (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 1-қосымша, 1.2.1-сурет).

Шикізат пен материалдардың бағасы жыл бойына едәуір өсті. Тандалған кәсіпорындардың 50%-ы бағалардың өсуін және тек 1%-ы ғана бағалардың төмендеуін атап өткен, 3 және 4-тоқсандарда баға айтарлықтай өсті (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 2-қосымша, 1.2.2-сурет). Бағаның өсу қарқыны «ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы» салаларын қоспағанда, барлық салаларда ұлғайды.

Жыл бойына кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның динамикасы шикізат және материал бағасының өзгеруімен айқындалды: жылдың екінші жартысында көрсеткіш бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда айтарлықтай үлкен қарқындымен өсті. Баға айтарлықтай 2010 жылдың 4-тоқсанында өсті (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 1-қосымша, 1.2.3-сурет). Бағаның өсуі «өндіруші өнеркәсіп», «электр энергиясын, газды және суды өндіру мен бөлу», «өңдеуші өнеркәсіп» және «көлік және байланыс» сияқты салаларда байқалды.

Кәсіпорындардың айналым активтерін көбіне меншікті қаражаттары есебінен қаржыландыру үрдісі сақталды, оны кәсіпорындардың 80%-ға жуығы атап өтті.

Экономика бойынша орташа жылдық сату рентабельділігі (салық салғанға дейін) ұлғайып, 45,2% құрады (2009 жылы – 41,1%). Тиісінше рентабельділігі төмен және зиян шеккен кәсіпорындар үлесі 26,4%-ға дейін төмендеді (2009 жылы – 28,9%).

Басқа салалармен салыстырғанда өндіруші сала бұрынғыша инвестицияларды жүзеге асыру үшін неғұрлым тартымдырақ болып қала береді: орташа жылдық сату рентабельділігі 63,5% болды. Өңдеуші өнеркәсіптегі рентабельділік 32,4%, саудадағы – 15,7%, көлік және байланыстағы – 29%, электр энергиясын, газды және суды өндіру мен бөлуде – 27,3% деңгейінде қалыптасты.

Жыл аяғында теңгемен де, шетел валютасымен де алынған кредиттер бойынша пайыздық ставкалардың төмендегені байқалады (2010 жылғы 1-тоқсандағы 14,9% және 13,6%-дан 2010 жылғы 4-тоқсанда тиісінше 14,1% және 12,1%-ға дейін) және кредит алған кәсіпорындардың үлесі ұлғайды (2010 жылғы 1-тоқсандағы 16,7%-дан 2010 жылғы 4-тоқсанда 20,4%-ға дейін) (I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 2-қосымша, 1.2.4-сурет, I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 3-қосымша, 1.2.5-сурет). Пайыздық ставкалардың айтарлықтай төмендеуі «өңдеуші өнеркәсіп» және «көлік және байланыс» сияқты салаларда байқалды.

Жыл бойына инвестициялық белсенділіктің өсуі байқалды: негізінен кәсіпорындардың меншікті қаражаттары инвестицияларды қаржыландыру көздері болып

табылды (мұндай кәсіпорындардың саны 2010 жылғы 1-тоқсандағы 49,1%-дан 2010 жылғы 4-тоқсанда 56,2%-ға дейін өсті).

Теңгенің АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне қатысты бағамы құбылмалылығының кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне теріс әсер етуі 2010 жылғы 1-тоқсандағы 16,1%, 11,2% және 12,2%-дан 2010 жылғы 4-тоқсанда тиісінше 11,7%, 10,4% және 9,8%-ға дейін едәуір төмендеді.

1.3. Салық-бюджет саласы ¹³

2010 жылы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне корпоративтік табыс салығының және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық ставкаларына қатысты бірқатар өзгерістер енгізілді. Корпоративтік табыс салығы бойынша 20% ставканы 2013 жылдан бастап 17,5%-ға және 2014 жылдан бастап 15%-ға дейін төмендетпеу туралы шешім қабылданды.

Қаржы құралы ретіндегі алтынның инвестициялық тартымдылығын көтеру үшін жағдай жасау мақсатында заңда инвестициялық алтынмен жүргізілетін операцияларды қосылған құн салығынан босату жөніндегі түзетулер көзделген.

Шығындарын өтеуге мемлекет бюджетінің қаражатынан шаруа (фермерлік) қожалықтары алған сомаларды салық салудан босату мақсатында осындай сомаларға салық салудың тәртібі нақтыланды.

Көлікке салынатын салықты есептеу мақсатында көлік құралдарын жіктеу тәртібі нақтыланды.

3G ұялы байланысының және 4G мобильді байланысының енгізілуіне байланысты радиожелілік спектрін пайдаланғаны үшін ақы төлеу ставкасы 2200 АЕК мөлшерінде өзгертілді. Сондай-ақ Ресей, Қазақстан және Беларусь арасындағы Кеден одағының құрылуы салық салу саласындағы жылдың ең айтулы оқиғасы болды.

2010 жылдың қорытындылары бойынша мемлекеттік бюджеттің кірістері 2009 жылмен салыстырғанда 22,6% ұлғайып, 4 299,1 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-нің 20,0% (2009 жылы ЖІӨ-нің 20,6%) құрады.

Мемлекеттік бюджет кірістері құрылымындағы салықтық түсімдер 68,2%, бюджетке 2 934,1 млрд. теңге сома түсім немесе ЖІӨ-нің 13,6% (2009 жылы ЖІӨ-нің 13,1%) түсті. Бұл ретте салық салу жүйесіндегі өзгерістер салықтық түсімдердің 2009 жылмен салыстырғанда 31,7%-ға ұлғаюына әкеп соқты. Халықаралық саудаға және сыртқы операцияларға салынатын салықтар 2,5 есе ұлғайды. Түсімдер қосылған құн салығы бойынша – 31,3%-ға, корпоративтік табыс салығы бойынша 30,1%-ға, мүлікке салынатын салық бойынша 17,5% және жеке табыс салығы бойынша 16,2%-ға ұлғайды.

Әлеуметтік салық бойынша 9,0%-ға және акциздер бойынша 7,0%-ға аздап өсу байқалды.

Салықтық емес түсімдер 2010 жылы 23,3%-ға қысқарып, 104,4 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-нің 0,5%-н құрады. Мұндай төмендеу негізінен айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, және өндіріп алу түсімдерінің және басқа да салықтық емес түсімдердің қысқаруымен камтамасыз етілді.

Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 2009 жылмен салыстырғанда 69,0%-ға ұлғайды.

Ұлттық қордан трансферттердің түсуі 2010 жылы кепілдік берілген трансфертті аудару есебінен жүзеге асырылып, 1 200,0 млрд. теңгені құрады. Трансферттердің түсуі 2009 жылмен салыстырғанда 8,6%-ға ұлғайды.

Мемлекеттік бюджеттің шығындары 2010 жылы 4 457,2 млрд. теңге сомада немесе ЖІӨ-нің 20,7%-ы болды (2009 жылы – ЖІӨ-нің 22,0%-ы). 2009 жылмен салыстырғанда

¹³ Қаржы министрлігінің деректері бойынша

шығындар 19,0%-ға артты, бұл әлеуметтік көмекті және әлеуметтік қамсыздандыруды, денсаулық сақтауды және білім беруді қаржыландыруға арналған шығыстардың ұлғаюымен байланысты болды.

Шығындардың жалпы көлемінің 2,1%-ын құраған борышқа қызмет көрсету, отын-энергетикалық кешені және жер асты қазбаларын пайдалану (шығындар көлеміндегі үлесі – 1,8%), жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер (5,0%) және мәдениет, спорт, туризм және ақпарат кеңістігі (5,1%) шығындары айтарлықтай ұлғайды.

2010 жылы берілетін бюджеттік кредиттер 3,5 есе ұлғайды, бұрын берілген кредиттер бойынша өтеу есебінен түсімдер 21,8 есе өсті. Бұрын берілген кредиттер бойынша өтеу есебінен түсімдердің күрт ұлғаюы «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ 1 жыл мерзіммен берген 80,0 млрд. теңге сомасындағы кредитті өтеу есебінен болды. Осылайша таза бюджеттік кредиттеу көлемі 19,2%-ға ЖІӨ-нің 0,1%-на дейін қысқарды.


Мемлекеттік бюджеттің қаржылық активтерді сатып алуға арналған шығыстары 55,0%-ға, ал оларды сатудан түскен түсімдер 18,0% ұлғайды. Нәтижесінде бұл операциялар бойынша сальдо 55,1%-ға ЖІӨ-нің 1,6%-на дейін өсті.

2010 жылы мемлекеттік бюджет 527,3 млрд. теңге мөлшеріндегі дефицитпен орындалды (ЖІӨ-нің 2,5%-ы), 2009 жылы дефицит 492,7 млрд. теңгені құраған болатын (1.3.1-сурет).

1.3.1-сурет

Мемлекеттік бюджеттің орындалуы

ЖІӨ-ге %-бен



Республикалық бюджеттің кірістері 2010 жылы 3 626,2 млрд. теңге немесе 2009 жылғымен салыстырғанда 30,5%-ға артық болды. Республикалық бюджетке салықтық түсімдер 43,6%-ға, негізгі капиталды сатудан түсімдер 5,2 есе, трансферттердің түсімі 19,7%-ға ұлғайды. Салықтық емес түсімдер 37,5%-ға қысқарды.

3 861,0 млрд. теңгеге жеткен республикалық бюджет шығындарының өсуі 2009 жылмен салыстырғанда 23,8% жетті, бұл ретте «денсаулық сақтау» (2,1 есе), «отын-энергетикалық кешен» (41,7%-ға), «борышқа қызмет көрсету» (36,7%-ға), сондай-ақ «жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» (31,5%-ға) баптары бойынша айтарлықтай ұлғаю байқалады.

Республикалық бюджетті таза бюджеттік кредиттеу көлемі 2010 жылы бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша түсімдер көлемінің 5 есе ұлғаюына карамастан, бюджеттік кредиттер көлемінің 3 есе ұлғаюы есебінен 43,7%-ға 36,0 млрд. теңгеге дейін өсті. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 93,9 %-ға ұлғайды.

Осылайша, 2010 жылы республикалық бюджеттің іс жүзіндегі дефициті жоспарланған 721,0 млрд. теңге мөлшеріндегі дефицит жағдайында 554,8 млрд. теңгені құрады.

Жергілікті бюджеттер 2010 жылы 6,6 млрд. теңге профицитпен орындалды, ол 2009 жылғы профициттен 66,3%-ға (19,6 млрд. теңге) аз. Мұндай профицит шығындардың 15,3%-ға, таза бюджеттік кредиттеудің 6,4 есе өсуі және қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдоның 18,4%-ға төмендеуі жағдайында кірістердің 13,6%-ға ұлғаюы салдарынан қалыптасты.


2010 жылы үкіметтік ішкі борыш 2009 жылмен салыстырғанда 29,5%-ға ұлғайып, 1 669,1 млрд. теңгені құрады (ЖІӨ-нің 7,8%-ы) (1.3.2-сурет).

Ішкі борыштың өсуі ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық облигацияларын және ұзақ мерзімді қазынашылық облигацияларды шығарумен қамтамасыз етілді.

1.3.2-сурет

Үкіметтің борышы

ЖІӨ-ге %-бен



Үкіметтің сыртқы борышы 2010 жылы (ЖІӨ-нің 2,6%-ы) 2009 жылмен салыстырғанда 69,1%-ға артып, 3,8 млрд. АҚШ долл. болды. Мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш 36,1%-ға қысқарды.

1.4. Төлем балансы және сыртқы борыш

2010 жылы ағымдағы операциялар шотының профициті 2009 жылғы 4,4 млрд. АҚШ доллары дефицитімен салыстырғанда 4,3 млрд. АҚШ долл. құрады (I-бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 1-қосымша).

Ағымдағы операциялар балансының 2009 жылмен салыстырғанда айтарлықтай жақсаруы энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағасының қолайлы конъюктурасымен байланысты тауар экспорты құнының өсуімен қамтамасыз етілді. 2010 жылы орташа алғанда Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы 1 баррель үшін 79,64 АҚШ долл. құрады, бұл оның 2009 жылғы орташа деңгейінен (1 баррель үшін 61,86 АҚШ долл.) 28,7%-ға артық. Нәтижесінде тауарлар экспорты 2009 жылмен салыстырғанда 38,5%-ға ұлғайып, 60,8 млрд. АҚШ долл. құрады. Бұл ретте тауарлардың ресми экспорты 59,5 млрд. АҚШ долл. құрады, оның ішінде 37,0 млрд. АҚШ долл. (62,1%) мұнай және газ конденсатының экспортына тиесілі (2009 жылы 26,2 млрд. АҚШ долл.). Қара металдар экспортының құны 43,4%-ға, түсті металдардікі 44,4%-ға өсті. Бұл ретте мұнай және газ конденсаты, қара және түсті металдар экспортының ұлғаюы негізінен бағаның өсуімен байланысты болды.

Тауарлардың импорты 10,3%-ға ұлғая отырып, 32,0 млрд. АҚШ долл. құрады, оның ресми импорты – 30,4 млрд. АҚШ долл. (2009 жылы 28,4 млрд. АҚШ долл.). Импортының өсуі инвестициялық тауарлар тобынан басқа негізгі номенклатураның барлық тауар топтары бойынша атап өтілді. Аралық тұтыну тауарлары бойынша 22,3%-ға, ал тұтыну тауарлары бойынша 16,4%-ға ұлғаю болды. Бұл ретте азық-түлік тұтыну тауарларының жалпы әкелінуі 30,1%-ға, ал азық-түлікке жатпайтындары 7,6%-ға өсті. Тауарлар импорты құнының 37,4%-ы

инвестициялық тауарларға тиесілі, ал тауарлардың осы тобының импорты 9,6%-ға қысқара отырып, 11,4 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы алғанда сауда балансы 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық ұлғая отырып, 28,9 млрд. АҚШ долл. болатын оң сальдомен қалыптасты.

Қызмет көрсету балансының дефициті 2010 жылы 7,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Халықаралық қызметтер теріс дисбалансының 2009 жылмен салыстырғанда 21,4%-ға (2009 жылы 5,8 млрд. АҚШ долл.) өсуі бұрынғысынша Қашаған кен орнындағы жобаларды іске асырумен байланысты.

Тауарлар экспортынан түскен түсімдердің өсуі салдарынан экономиканың тиісті салаларының тікелей шетелдік инвесторларының кірістері айтарлықтай ұлғайды. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеудің төмендеуі кезінде (3,3 млрд. АҚШ долл. 2,6 млрд. АҚШ долл. дейін) тікелей инвесторларға төлемдер 14,9 млрд. АҚШ долл. жетіп, 39,3%-ға ұлғайды, бұл инвестициялық кірістер балансы теріс сальдосының 2009 жылғы 11,5 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда 15,7 млрд. АҚШ долл. дейін ұлғаюына ықпал етті.

Капиталмен операциялар шоты бойынша 2010 жылы 7,9 млрд. АҚШ долл. дейін өсім негізінен Қазақстан банктерін («Альянс Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «БТА Банк» АҚ) 2010 жылдың алғашқы үш тоқсаны бойына қайта құрылымдау барысында сыртқы берешектің бір бөлігін кешірумен байланысты болды.

Қаржы шоты бойынша 2010 жылы 8,9 млрд. АҚШ долл. нетто-әкетілуі қалыптасты. Бұл ретте Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың таза түсуі 10,0 млрд. АҚШ долл. құрады.

Шетелге тікелей инвестициялар бойынша 7,8 млрд. АҚШ долл. болатын нетто-әкелінуі негізінен 2010 жылдың екінші жартысындағы операциялармен қамтамасыз етілді. 2,0 млрд. АҚШ долл. болатын үшінші тоқсандағы нетто-әкетілуі мұнай және түсті металлургия саудасымен байланысты қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік еншілес ұйымдарының акционерлік капиталын ұлғайту есебінен болды. Төртінші тоқсандағы 5,4 млрд. АҚШ долл. болатын айтарлықтай нетто-әкетілу «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ-ның еншілес кәсіпорны (АМК) 6 млрд. АҚШ долл. болатын жалпы сомаға еурооблигациялар бойынша эмитентті ауыстыру нәтижесінде «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ-ның осы АМК алдындағы борыштық міндеттемелерінің қысқаруына байланысты болды. Еурооблигациялар бойынша эмитентті ауыстыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес салық үнемін¹⁴ алу мақсатында жүргізілді.

Нәтижесінде, тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 2009 жылғы 10,7 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда небәрі 2,2 млрд. АҚШ долл. құрады.

Қазақстандық банктер мен кәсіпорындардың АМК еурооблигациялары бойынша эмитентті ауыстыру, банктердің міндеттемелерін қайта құрылымдау барысында бағалы қағаздар шығару және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ (2010 жылғы 2-тоқсан), «Қазақстан Даму Банкі» АҚ және «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ (2010 жылғы 4-тоқсан) еурооблигацияларын жаңадан шығару нәтижесінде портфельдік инвестициялар бойынша Қазақстанға таза әкелінуі (міндеттемелер) 15,9 млрд. АҚШ долл. құрады (2009 жылы 1,1 млрд. АҚШ долл.).

Ұлттық қордың резидент еместердің бағалы қағаздарымен активтерінің өсімін есептегенде портфельдік инвестициялар бойынша баланс 2010 жылы 8,7 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы банк секторының операциялары бойынша нетто-әкетілу 2010 жылы 11,0 млрд. АҚШ долл. (2009 жылдың қорытындылары бойынша 8,1 млрд. АҚШ долл.) құрады. Бұл

¹⁴ Төлем көзінен алынатын салық ставкасы сыйақыны есептеу күні ҚР аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыға қазақстандық төлем көзінен ұсталатын салықтан босатуды көздейтін Салық Кодексіне сәйкес нәтиже болады. Салықтың мұндай үнемделуі кәсіпорындар мен банктерге таза кірісті ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ретте банк жүйесінің сыртқы активтері 1,2 млрд. АҚШ долл. ұлғайды, ал операциялар нәтижесіндегі сыртқы міндеттемелер 9,8 млрд. АҚШ долл. қысқарды.

Ұлттық Банктің халықаралық резервтері операциялық өзгерістердің нәтижесінде жыл басындағы 23,1 млрд. АҚШ долл.-нан 4,7 млрд. АҚШ долл. ұлғайды және 2010 жылдың аяғындағы бағамдық және баға түзетулерін есептегенде 28,3 млрд. АҚШ долл. құрады. Нәтижесінде халықаралық резервтердің қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулер импортын қаржыландыру үшін жеткіліктілігінің деңгейі 7,8 айды құрады (2009 жылдың қорытындысы бойынша 7,1 ай).

2010 жылы Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы (бұдан әрі – ЖСБ) фирмааралық берешекті есептегенде 3,0 млрд. АҚШ долл. ұлғайды және 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 66,0 млрд. АҚШ долл. құрады. Бұл ретте «Банктер»¹⁵ секторы бойынша төмендеу 10,1 млрд. АҚШ долл. құрады, «Мемлекеттік басқару» секторының сыртқы борышы 1,6 млрд. АҚШ долл. ұлғайды, ал «Басқа секторлар»¹⁶ бойынша өсім фирмааралық берешекті есептегенде 11,5 млрд. АҚШ долл. құрады (I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 2-қосымша).

«Басқа секторлардың» фирмааралық берешекті есептегендегі міндеттемелері жылдың аяғында 119,2 млрд. АҚШ долл. жете отырып, 14,5 млрд. АҚШ долл. ұлғайды, бұл 2010 жылғы жалпы сыртқы борыштың 6 млрд. АҚШ долл. өсуіне ықпал етті. Бұл ретте «Басқа секторлар» міндеттемелерінің өсуі көбіне жалпы сомасы 4,4 млрд. АҚШ долл. болатын, оның ішінде АМК арқылы «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, «Жайықмұнай» ЖШС, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ сияқты кәсіпорындардың еурооблигациялар шығаруы есебінен, сондай-ақ Қазақстанда шетелдік компаниялардың филиалдары арқылы іске асырылып жатқан жобалардың 8 млрд. АҚШ долл. болатын таза ағынның қаржыландырылуы есебінен қамтамасыз етілді.

Сыртқы борыштың өткен жылдармен салыстырғанда қалыпты өсу қарқыны (2008 жылы - 11,4%, 2009 жылы - 4,9% және 2010 жылы - 5,3%), ЖІӨ-нің, тауарлар мен қызмет көрсетулер экспорты (бұдан әрі – ТҚЭ) көлемдерінің 2010 жылы өсуі еліміздің орта-ұзақ мерзімді төлем қабілеті индикаторларының жақсаруына әкеп соқты (I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 3-қосымша). 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша фирмааралық берешекті есептегендегі ЖСБ-ның ЖІӨ-ге қатынасы 2009 жылдың аяғындағы 98,6%-дан 81,7%-ға дейін, ал ТҚЭ-ға қатынасы, тиісінше, 235,1%-дан 183,2%-ға дейін төмендеді.

Ұзақ мерзімді борышқа қызмет көрсетудің ауыртпалығын сипаттайтын көрсеткіш – 2010 жылы борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің ТҚЭ-ға қатынасы осы кезеңде 33,5% (2009 жылы - 63,2%) құрады. Қызмет көрсету ауыртпалығының мұндай жақсаруы банктердің міндеттемелерін қайта құрылымдау барысында олардың ұзақ мерзімді сыртқы борышының көп бөлігін кешірумен байланысты.

Кейінгі 12 айдың ішінде төленуі мүмкін негізгі борыш және сыйақы сомасын білдіретін өтегенге дейінгі қалған мерзім бойынша қысқа мерзімді борышқа қатынасы бойынша Ұлттық Банктің 31.12.10 жылғы бағалауы бойынша халықаралық резервтер 117 % (2009 ж. аяғында 112%) жабады. Гвидотти (Гринспен-Гвидотти) ережесіне сәйкес бұл қатынас жаңа қарыз алуларсыз сыртқы борыш бойынша төлемдердің жылдық көлемін жабуды көрсетеді және көлемді, бірақ әлемдік қаржы нарықтарына кіруі әлі де тұрақты емес елдер үшін кемінде 1 (немесе 100%) болуы тиіс.

Валюталық өтімділікпен байланысты проблемаларды реттеуге қатысты әсіресе, Ұлттық Банктің халықаралық резервтері сыртқы активтердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, олар 2010 жылдың аяғында өтеудің бастапқы мерзімі бойынша қысқа мерзімді сыртқы борыштан 3,1 есе асып кетті.

¹⁵ Екінші деңгейдегі банктерден және «Қазақстан Даму Банкі» АҚ тұрады

¹⁶ Банктік емес қаржы корпорацияларынан, қаржылық емес корпорациялардан, сондай-ақ үй шаруашылықтарынан және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардан тұрады

Жалпы алғанда, тек резервтік активтер мен экспорттан түскен түсімдер ғана емес, резиденттердің барлық сыртқы активтері жинақталған сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету үшін валютаның әлеуетті ресурстары болып табылады. Соған байланысты борыштық құралдар түріндегі жалпы сыртқы активтерді алып тастағандағы жалпы сыртқы борышқа тең келетін таза сыртқы борыштың да жай-күйін бағалау қажет.

Жалпы алғанда, 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еліміздің борыштық құралдардағы жалпы сыртқы активтері 93,1 млрд. АҚШ долл. құрап, 7,7 млрд. АҚШ долл. ұлғайды және еліміздің таза сыртқы борышы есепті күні 2009 жылдың аяғындағы 27,8 млрд. АҚШ долларынан 26,2 млрд. АҚШ долл. дейін қысқарды. Бұл ретте «Банктердің» таза сыртқы борышы 0,4 млрд. АҚШ долл., «Басқа секторлардікі» 72,8 млрд. АҚШ долл. құрады.

Мемлекеттік сектор «Мемлекеттік басқару» секторы және Ұлттық Банк бойынша таза кредитор ұстанымын нығайтты – жиынтық сыртқы борыштық активтері 2010 жылдың аяғында сыртқы борыштық міндеттемелерден 47,1 млрд. АҚШ долл. асып кетті (2009 жылдың аяғында 38,4 млрд. АҚШ долл.).

1.5. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету

Қаржылық тұрақтылыққа теріс әсер ететін көптеген тәуекел факторларының, негізінен, мемлекет тарапынан жүргізілген шаралар мен саясаттың арқасында төмендеуі 2010 жылдың қорытындысы болды. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік шаралар 2010 жылы қаржы жүйесі үшін тәуекелдердің айтарлықтай күрделі факторларын төмендетуге, сол сияқты еліміздің қаржы жүйесінің дағдарыстан кейінгі кезеңде тұрақты өсуіне негіздер жасау үшін бағытталды.

Жекелеген қазақстандық банктердің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдау үдерісінің аяқталуы, соның нәтижесінде банк секторының сыртқы міндеттемелерінің төмендеуі негізгі оң үрдіс болып табылады. Соған қарамастан, банктердің кредиттік портфелі сапасының төмен болуы қаржы жүйесі үшін айтарлықтай маңызды тәуекел факторы болып қалуын жалғастыруда.

Сыртқы борыш және банктердің сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдау. Банк секторының сыртқы берешегі деңгейінің жоғары болуы барлық дағдарыс кезеңінде қаржы жүйесінің тұрақтылығы үшін айтарлықтай қауіп төндірді. Сыртқы нарықтарда қайта қаржыландыру мүмкіндігінің іс жүзінде мүлдем болмауы жағдайында банктердің көпшілігінің сыртқы берешегін өтеуге экономиканы кредиттеудің қысқаруымен қатар, халық салымдары және заңды тұлғалар депозиттері ағындарының сақталуы ықпал етті. Бұдан басқа «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ сыртқы міндеттемелерін қайта құрылымдаудың 2009 жылдан басталған және 2010 жылдың 3-тоқсанының аяғында аяқталған үдерісі банк секторына түсетін борыштық жүктеменің төмендеуінде негізгі рөл атқарды. Бұл банктердің проблемаларын көбіне қаржы нарығына қатысушылардың Қазақстанның қаржы жүйесінің болашағына қатысты күтулерінің белгісіздігі күшейтті және қайта құрылымдаудың сәтті аяқталуы Қазақстан банк жүйесінің жүйелік тәуекелінің деңгейін төмендетуге және оның сенімділігін қолайлы деңгейде сақтауға ықпал етті.

Сыртқы берешекті қайта құрылымдау жөніндегі Қазақстан тәжірибесі банктер банкрот не мемлекет қаражаты есебінен олардың міндеттемелерін жабу кезінде мемлекет және жалпы алғанда қаржы жүйесі көтеретін шығасылар мен тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік берді. Банктердің банкрот болуы кезіндегі ахуалдың дамуының айтарлықтай ықтимал сценарийі бүкіл банк жүйесіне, уәкілетті қаржы органдарының құзыреттілігіне деген сенімнің жоғалуынан, салымшылардың қашуынан, ұлттық валютаға алыпсатарлық шабуылдардан және елден капиталдың әкетілуінен тұрған болар еді. Өз кезегінде банктердің міндеттемелеріне мемлекеттің қызмет көрсету сценарийі моральдық тәуекелдің (moral hazard) іске асырылуына, мемлекеттік қаржыға түсетін жүктеменің ұлғаюына және қаржы

жүйесінің және мемлекеттің инвесторлар алдында беделінің айтарлықтай түсуіне әкеп соққан болар еді.

Қайта құрылымдау қорытындысы бойынша «Альянс Банк» АҚ сыртқы борышы 4,5 млрд. АҚШ долларынан 1,1 млрд. АҚШ долларына дейін қысқарды, ал борышқа қызмет көрсету мерзімі 1-7 жылдан 7-20 жылға дейін ұзартылды. «Темірбанк» АҚ сыртқы берешегі 770-тен 61 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды, ал оған қызмет көрсету мерзімі 1-4 жылдан 10-12 жылға дейін ұлғайды. «БТА Банк» АҚ сыртқы борышын 12 млрд. АҚШ долларынан 4,4 млрд. АҚШ долларына¹⁷ дейін төмендетті, міндеттемелерді төлеу мерзімі 1-5 жылдан 8-20 жылға дейін өзгертілді. Жалпы алғанда үш қазақстандық банктің сыртқы берешегін қайта құрылымдау үдерісінің аяқталуы Қазақстанның банк секторы сыртқы борышының 2009 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 30 млрд. АҚШ долл.-дан 2010 жылдың аяғында 20 млрд. АҚШ долл. дейін төмендеуіне ықпал етті.

Банк секторын қорландыру. 2010 жылы әлемдік қаржы нарықтарындағы қаржылық жағдайдың қалыпқа келе бастағанына қарамастан, тәуекелдер деңгейі жоғары күйінде қалды, көбіне ол Еуропа елдері тәуелсіз борышының дефолттары қаупінің әсерінде болды. Осы жағдайда сыртқы қорландыруға шектеулі қол жеткізудің сақталуы және сырттан ресурстар тарту үшін қолайлы жағдайлардың болмауы 2010 жылы сырттан қорландыруды іштен қорландырумен ауыстыру үрдісін нығайтты. Іштен қорландыру көздерінің өсуі, ең алдымен, клиенттер депозиттерінің ұлғаюымен қамтамасыз етілді және көбіне іс жүзінде банктерді мемлекет тарапынан қорландыру есебінен жүргізілді. Жалпы алғанда 2010 жылы мемлекеттік қорландырудың жиынтық көлемі банк жүйесінің жиынтық активтерінің 8-9% құрады және банктердің кредиттік белсенділігіне көбіне экономиканың басым салаларына қолдау көрсету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы осы мақсаттар үшін бөлінген қаражат шеңберінде қолдау көрсетілді.

Жалпы алғанда, экономикаға және қаржы секторына дағдарыс кезінде мемлекеттік қолдау көрсету Қазақстанның банк жүйесіне деген сенімнің сақталуына ықпалын тигізді. Мәселен, 2010 жылдың нәтижелері бойынша жеке тұлғалардың депозиттік базасының қалыпты оң өсімі байқалады. Оған қоса, сыртқы берешектерін қайта құрылымдаған үш қазақстандық банктен депозиттердің әкетілу үрдісі 2010 жылы осы банктердегі депозиттердің таза оң өсіміне ауысты.

Банктердің төмен кредиттік белсенділігі. Кредиттік тәуекелдің жоғары болуы аясында 2010 жылы банктер өздерінің кредит саясатын барынша сақтықпен жүргізді. Бұл, өз кезегінде, банктердің несие портфелінің белгілі бір стагнациясына әсер етті, нәтижесінде несие портфелінің 2010 жылы 5,9%-ға қысқаруына әкеп соқты.

Ұлттық Банк тоқсан сайын жүргізетін кредит нарығының банктер бойынша жай-күйіне зерттеу нәтижелеріне сәйкес 2010 жылдың қорытындылары бойынша кредиттеудің корпоративтік секторында қаржылық емес ұйымдар тарапынан кредит ресурстарына деген сұранысының аздап қалпына келуі байқалады. Бұл өсу, көбіне корпоративтік сектор өтімділігінің жеткілікті деңгейіне қолдау көрсету қажеттілігінен және, соның салдарынан, айналым қаражатын қаржыландыру және қолда бар борышты қайта құрылымдау сұранысынан туындады.

Бөлшек кредиттеу сегментінде банктер өздерінің тұтыну кредиттері бойынша бағдарламаларын біртіндеп жаңғырта және, тиісінше, тұтыну заемдары бойынша кредиттік портфельді аздап өсіре бастады. Жаңғырту аздаған сомаларға қатысты мақсатты емес қысқа мерзімді заемдар сегментінде байқалады. Тұтынушылық кредиттеу көлемдерінің өсуі халық тарапынан кейбір тауар түрлеріне еліміздегі экономикалық ахуалдың тұрақтануы арқасында мүмкін болған кейінге қалдырылған сұранысының іске асырылуымен түсіндіріледі. Өз кезегінде, кредиттеудің ипотекалық нарығында негізгі тәуекелдер әлі де сақталуда, бұл ретте

¹⁷ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ деректері бойынша

халық тарапынан сұраныстың аздап жандануы және осы сектордағы бәсекелестіктің шамалы өсуі байқалады.

Жалпы алғанда 2010 жылдың қорытындылары бойынша банктер өздерінің кредит саясатын жұмсарту жағына қарай іс жүзінде өзгерткен жоқ. Алайда кредиттік тарихы жақсы және тұрақты қаржы түсімі бар сапалы заемшылар үшін нарықтағы бәсекелестіктің өсуі банктерді кредит саясатын икемді өзгертуге және сапалы заемшыларды тарту және ұстап қалу мақсатында оларға берілетін кредиттер бойынша пайыздық ставкаларды аздап төмендетуге мәжбүрлейді.

Кредиттер сапасының нашарлауы. Көбіне 2009 жылы – 2010 жылдың басында кредиттік тәуекелдердің материализациясы несие портфелінің сапасына едәуір әсер етті. 2010 жылдың басынан бастап банктердің несие портфеліндегі проблемалық заемдардың деңгейі көтеріле берді, ал экономикалық өсудің қалпына келуі және іскерлік белсенділіктің жандануы банк секторының несие портфелінің сапасын жақсартуға ықпал ете алмады. Алайда 2010 жылдың екінші жартысынан бастап несие портфелі сапасының нашарлау қарқынының біртіндеп азайғаны байқалады, бұл банктердің несие портфелімен ахуалдың жақсару үрдісінің басталғанын білдіреді.

Несие портфелінің сапасын сауықтыру мақсатында банктер проблемалық заемдарды қайта құрылымдау және проблемалық кредиттер бойынша кепіл мүлкін өндіріп алу жөніндегі қарқынды жұмысты жалғастырды. Банктердің ақпараты бойынша несие портфелінің шамамен 25%-на қатысты банктер клиенттердің кредитке қабілеттілігінің сапасын жақсарту мақсатында кредиттеу талаптарын өзгертті. Мерзімі өткен берешекті өтеу мерзімін кейінге қалдыру және кредиттің жалпы мерзімін ұзарту және төлемдер мерзімін өзгерту банктер жүргізіп жүрген қайта құрылымдаудың негізгі түрлері болып табылды.

Бұдан басқа банкроттық ықтималдылығының төмендегені және көптеген салалардағы кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерінің жақсарғандығы байқалған корпоративтік сектор жай-күйінің қалпына келуі несие портфелінің сапасын жақсарту, заемшылардың тәуекелдерін азаю жағына қарай қайта бағалау және кредиттеуді одан әрі қалпына келтіру үшін алғышарттар жасайды.

Сонымен қатар несие портфелі сапасының жақсаруына банктердің үмітсіз заемдарды баланстан тыс есептен шығаруға ниетсіз болғандығы кедергі жасады. Заемдарды баланстан тыс есептен шығару көлемдерінің 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында ұлғаюы, ең алдымен, осы заемдарды есептен шығаруды үдету және сыртқы борышын қайта құрылымдау үстіндегі банктердің шығындарды балансқа қабылдауы есебінен болды. Жалпы алғанда банктер жүйелік деңгейде проблемалық заемдарды баланста ұстау саясатына сүйенді, бұл проблемалық заемшылардың дефолтынан кейін банктерге өтетін кепіл мүлкін басқару тетіктерінің болмауымен және провизияларды қайта қалпына келтіруден түскен кірістерге салық салу жөніндегі реттелмеген мәселелердің болуымен түсіндіріледі.

Жалпы алғанда банктердің бөлшек портфелі сапасының аздап жақсарғаны байқалады, бұл осы заемдарды өтеу мерзімінің қысқа болуынан және ескі заемдарды жаңа заемдармен қарқындырақ ауыстырумен байланысты. Өз кезегінде, 2010 жылдың қорытындылары бойынша берілген жаңа заемдардың көлемі көп емес, бірақ жаңа заемдардың сапасы ескі несиелермен салыстырғанда әлдеқайда жақсы, бұл, ең алдымен, әлеуетті заемшылардың тәуекелдерін бағалауға барынша мұқият қараумен байланысты.

Өлемдік қаржы жүйесіндегі қаржылық тұрақтылықты ұстап тұру және нығайту мақсатында барлық жерде экономикадағы теңгерімсіздікті ертерек анықтауға және болашақта жүйелік тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған реттеу саласы кеңейтілуде. Президенттің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 923 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасында мемлекеттік саясаттың орта мерзімді кезеңде макропруденциалдық реттеуге және, тиісінше, осы саясатты іске асыруға жауапты орталық орган ретінде Ұлттық Банктің рөлін нығайтуға бағытталатыны айқындалды.

Тұжырымдамаға сәйкес макропруденциалдық реттеу деп мыналар түсініледі:

1) жүйелік тәуекелдерді пруденциалдық реттеудің және тиісті нормативтерді қолданудың негізгі секторалды қағидаттарын, тәсілдерін айқындау;

2) жүйелік тәуекелдерді материалдандырған жағдайда дағдарысқа қарсы басқару шараларын және зиянды барынша азайту тетіктерін әзірлеу.

Қазақстандағы дағдарыс кезеңінде алынған тәжірибе қаржы жүйесін реттеу саясатын әзірлеу кезінде институционалдық құрылымдардың өзара іс-қимылының маңыздылығын көрсетті және макропруденциалдық реттеу жүйесін дамытуға түрткі болды. Макропруденциалдық реттеудің Қазақстанда қалыптасқан жүйесі екі деңгейлі жүйеден тұрады, олардың шеңберінде мыналар бар:

- макро- және микропруденциалдық реттеудің стратегиялық тәсілдерін әзірлеу Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) шеңберінде жүргізіледі;

- Кеңес қабылдаған шешімдерді іске асыруды қаржы жүйесінің түрлі сегменттерін дамытудың түрлі мәселелерін шешу үшін Кеңес шеңберінде құрылған жұмыс топтары жүзеге асырады.

Кеңес Президенттің «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңес туралы» 2010 жылғы 12 маусымдағы № 994 Жарлығымен құрылды және Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығына және жүйелік тәуекелдерді барынша азайтуға бағдарланған макропруденциалдық реттеуді іске асыруға жәрдемдесу және ұсыныстар әзірлеу Кеңестің негізгі міндеттері болып табылады. 2010 жылы барлығы Кеңестің 7 отырысы болды, банк, сақтандыру, зейнетақы және қаржы нарығының түрлі сегменттерінің жұмыс істеуінің түрлі мәселелері тақырыбына өзек болды.

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ, АЛТЫНВАЛЮТА АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ.

2.1. Ақша-кредит саясаты

2010 жылы экономикадағы инфляция аясының сақталуы байқалды. 2010 жылы экономикадағы инфляциялық аяның төмендемеуінің себебі сыртқы факторлардың пайда болуы болды. Мұнайдың, металдың бағаларын қоса алғанда, тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың көтерілуі Қазақстанның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындары бағаларының өсуіне себепші болды. Сонымен қатар, кейбір елдегі қолайсыз ауа-райы жағдайы (құрғақшылық, өрт) азық-түліктің кейбір түрлері, оның ішінде астық дақылдары өндірісінің қысқаруына алып келді. Осы жағдай Қазақстан ішіндегі инфляциялық күтулердің өсуіне себепші болды.

2010 жылы инфляцияның өсу факторлары сондай-ақ экономикадағы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңсіздігіне байланысты болды. Бұл ретте халықтың ақшалай кірісінің өсуі экономикадағы жалпы сұраныстың кеңеюінің басты себептерінің бірі болды, бұл 2010 жылы тек іскерлік белсенділіктің жандануымен ғана емес, мемлекеттік бюджеттен берілетін жалақының, жәрдемақылар мен зейнетақылардың 2010 жылғы сәуірде 25% артуымен нығайды.


Бұл ретте 2010 жылы Қазақстанда инфляциялық үдерістердің қалыптасуы монетарлық факторлар тарапынан ең төменгі әсер ету аясында болды. Мәселен, ақша массасының өсуі 2010 жылы 14,1% құрады, ақша базасы небәрі 5,0% кеңейді.

Сондай-ақ, 2010 жылдың қорытындысы бойынша инфляция Ұлттық Банктің мақсатты дәлізі 6-8% шегінде қалыптасты (2.1.1-сурет).

2.1.1-сурет

Жылдық инфляцияның деңгейі


өткен жылдың тиісті айына %-бен



2010 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 7,8% деңгейінде қалыптасты (2.1.2-сурет), бұл 2009 жылғы инфляциямен салыстырғанда 1,6 п.т. жоғары (2008 жылғы желтоқсанға қарағанда 2009 жылғы желтоқсан – 6,2%). Орташа жылдық инфляция 2009 жылғы 7,3% салыстырғанда 7,1% болды.

2.1.2-сурет

Инфляция деңгейі



2010 жылы жылдық инфляцияның жеделдеуі азық-түлік тауарлары бағасының өсу қарқынының ұлғаюы аясында болды, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлардың және ақылы қызмет көрсетудің бағасы бәсеңдеді. Азық-түлік тауарлары 10,1% (2009 жылы – 3,0%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 5,5% (8,6%), халыққа ақылы қызмет көрсету – 6,8% (8,4%) қымбаттады.

Жеміс пен көкөністің бағалары 19,1%, май мен тоң майдың 18,8%, қанттың 12,3%, ет өнімдерінің 12,1%, медициналық қызмет көрсетудің 9,8%, тұрғын үй коммуналдық қызмет көрсетудің 7,0% біршама өскенін көрсетті.

Әлемдік бағалардың біртіндеп өсуі Қазақстан өндірушілерінің өнеркәсіп өнімінің 2010 жылы қымбаттауына әсер етті. Өнеркәсіп өнімі тұтастай алғанда 2010 жылы 12,9% қымбаттады (2009 жылы 31,0% өсті).

Бұл ретте өндірілген өнім 13,4%, оның ішінде аралық тұтыну өнімі 13,8%, тұтыну тауарлары 9,7%, ал өндіріс құралдары 0,6% қымбаттады. Өндірістік сипаттағы қызмет көрсету 5,1% қымбаттады.

Ақша-кредит саясатының құралдары. 2010 жылы Ұлттық Банктің негізгі мақсаты елде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және жылдық инфляцияны 6-8% шегінде ұстап тұру болды.

Ұлттық Банктің шаралары, сондай-ақ Қазақстан экспортының негізгі позицияларының қолайлы баға конъюнктурасы ішкі валюта нарығындағы тұрақты жағдайды сақтауға себепші болды. Осы жағдайда Ұлттық Банк 2010 жылғы 5 ақпаннан бастап теңге бағамының ауытқу дәлізін кеңейтті: 1 доллар/150 теңге (+)10% немесе 15 теңге, (-)15% немесе 22,5 теңге. Осы дәліз 2011 жылғы 20 наурызға дейін белгіленді.

2010 жылы теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында барынша аз қатысуы болған кездегі берілген дәлізде қалды. Бұл ретте ұлттық валютаның нығаю үрдісі байқалды.


2010 жылы Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында басым түрде шетел валютасын сатып алушы ретінде болды. 2010 жылы Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында нетто-сатып алуы 2,7 млрд. АҚШ долл. құрады.

2010 жылы Ұлттық Банк банктерге кері РЕПО операциялары арқылы қайта қаржыландыру заемдарын берді. Қайта қаржыландыру заемдарының жалпы көлемі 2010 жылы 5,7 трлн. теңгені құрады. Осы операциялардың мерзімдері 1 айдан асқан жоқ.

2010 жылдың аяғындағы жағдай бойынша банктердің Ұлттық Банк алдындағы кері РЕПО операциялары бойынша өтемеген берешегінің көлемі 464,9 млрд. теңге құрады (2.1.3-сурет).

2.1.3-сурет


Банктерге берілген қайта қаржыландыру заемдары бойынша өтелмеген берешектің көлемі (кезеңнің аяғында)



Ақша нарығындағы қысқа мерзімді өтімділікті реттеуді Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттардың эмиссиясы және банктерден депозиттер тарту арқылы жүргізді. Пайыздық ставкалардың ең төменгі деңгейге дейін төмендеуіне қарамастан осы құралдарға банктер тарапынан сұраныс бүкіл жыл бойы жоғары болып қалды.


2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2009 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2,3 есе ұлғайып, 3,3 трлн. теңгені құрады. Бұл нарық қатысушыларының осы мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сұранысының 94,7% құрады. Айналыстағы ноттардың көлемі 2010 жылғы желтоқсанда 2009 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 899,5 млрд. теңгеге дейін 2 есеге жуық өсті (2.1.4-сурет).

2.1.4-сурет



Ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 2009 жылғы желтоқсандағы 2,23%-дан 2010 жылғы желтоқсандағы 1,19%-ға дейін төмендеді (2.1.5-сурет). Ұлттық Банк 2010 жылы айналыс мерзімі 3 және 6 ай болатын қысқа мерзімді ноттар шығарды.

2.1.5-сурет




Екінші деңгейдегі банктерден 2010 жылы 17,1 трлн. теңге сомаға депозиттер тартылды, бұл 2009 жылға қарағанда 5,0% көп. Банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша қалдықтар 2009 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 12,2% төмендеп, 2010 жылғы желтоқсанның аяғында 429,1 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық Банктің ішкі нарықта екінші деңгейдегі банктермен операцияларының қорытындылары 2010 жылы 377,1 млрд. теңге өтімділік алу болды.

2010 жылы Ұлттық Банктің пайыздық ставкаларының дәлізі өзгеріссіз қалды. Бүкіл жыл бойы осы дәліздің жоғарғы шегі болған ресми қайта қаржыландыру ставкасы 7,0% деңгейінде сақталды. Банктерден тартылған депозиттер бойынша ақша нарығындағы қысқа мерзімді ставкалары дәлізінің төменгі шегі ретінде болатын ставка 7 күндік депозиттер бойынша 0,5% және 1 айлық депозиттер бойынша 1,0% болды (2.1.6-сурет).

Ұлттық Банктің операциялары бойынша ставкалар



Ең төменгі резервтік талаптар. 2010 жылы ең төменгі резервтік талаптардың механизмі, сондай-ақ олардың нормативтері өзгерген жоқ. Банктерге арналған ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері ішкі міндеттемелер бойынша 1,5% және өзге де міндеттемелер бойынша - 2,5%, олардың міндеттемелері бойынша борышын қайта құрылымдау барысында тұрған банктер үшін осы банктердің барлық міндеттемелері бойынша 0% құрады.

Ақша агрегаттары. Ақша ұсынысы көрсеткіштерінің динамикасы 2010 жылы мынадай өсу көрсеткіштерін көрсетті: айналыстағы қолма-қол ақша 25,7% өсті, ақша массасы 14,1% ұлғайды, ақша базасының кеңеюі 5,0% болды.

2010 жылы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 27,7 млрд. АҚШ долл. дейін 23,0%-ға өсті.

Олардың құрылымында, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операцияларға және банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуіне қарамастан, ішкі валюта нарығында валюталар сатып алу және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валюталардың түсуі нәтижесінде таза валюта қорлары 23,2% ұлғайды. Алтындағы активтер 22,1% өсті.

2010 жылы елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (31,0 млрд. АҚШ долл.) қоса алғанда, 59,3 млрд. АҚШ долл. құра отырып, 24,8% өсті.

2010 жылы ақша базасы 2572,9 млрд. теңгеге дейін 5,0%-ға (2009 жылы – 60,7%) кеңейді. Ұлттық Банктің таза сыртқы активтерінің өсуі ақша базасы кеңеюінің негізгі себебі болды.

Тар ақша базасы, яғни банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2143,7 млрд. теңгеге дейін 9,3% кеңейді.

2010 жылы Ұлттық Банктің таза ішкі активтері негізінен, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттар бойынша банктер алдындағы міндеттемелерінің айтарлықтай ұлғаюы есебінен қысқарды.

2010 жылы ақша базасының неғұрлым көп тарылуы (13,5%) қарашада байқалды, ақша базасының барынша кеңеюі (8,7%) маусымда болды.

2010 жылы ақша массасы 14,1% өсіп, 8546,4 млрд. теңге болды, оның өсуінің негізгі себебі банк жүйесіндегі таза сыртқы активтердің өсуі болды.

Банк жүйесінің таза сыртқы активтері құрылымында 2010 жылы Ұлттық Банктің және сол сияқты банктердің таза сыртқы активтері өсті. Банктердің таза сыртқы активтерінің өсуіне негізінен банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің төмендеуі себепші болды.

Экономиканы монеталандыру деңгейі ақша массасының өсу (14,1%) қарқынымен салыстырғанда номиналдық ЖІӨ басым өсуі салдарынан (26,5%) 2009 жылдың аяғындағы 44,0%-дан 2010 жылғы қорытындылар бойынша 39,7%-ға дейін төмендеді.

Ақша мультипликаторы ақша базасының кеңеюі қарқынымен салыстырғанда ақша массасы өсуінің басым қарқыны нәтижесінде 2009 жылғы желтоқсандағы 3,06-дан 2010 жылғы желтоқсандағы 3,32-ге дейін өсті. Бұған сондай-ақ депозиттердің өсуімен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның өсу қарқынының неғұрлым жоғары болуына байланысты резервтеу коэффициентінің төмендеуі және артықшылық коэффициентінің ұлғаюы себепші болды.

Ақша массасының құрылымында айналыстағы қолма-қол ақша (M0) 2010 жылы 1148,5 млрд. теңгеге дейін 25,7%, резиденттердің депозиттері 7397,9 млрд. теңгеге дейін 12,5% өсті. Осылайша, ақша массасының негізгі құрамдас бөлігінің құрылымында резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің өсу қарқынымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның басымдықпен өсу қарқыны тіркелді. Нәтижесінде резиденттер депозиттерінің ақша массасының құрылымындағы үлесі 2009 жылғы желтоқсандағы 87,8%-дан 2010 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша 86,6%-ға дейін төмендеді.

2010 жылы айналыстағы қолма-қол ақшаның (M0) 2009 жылғы 6,5%-дан 25,7%-ға дейін ұлғаюы қолма-қол ақшаның өсуін қамтамасыз ететін факторлардың (жалақының, зейнетақының және жәрдемақының өсуі) олардың азаюына себепші болған факторлардың (айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын сату көлемінің ұлғаюы, депозиттердегі қалдықтың өсуі, тауарларды, жұмысты және қызмет көрсетуді сатудан түскен түсімдері) әсер етуінен басым болды.

2.2. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтері және оларды басқару

Алтынвалюта активтері көрсеткіштерінің динамикасы.

Ұлттық Банктің жалпы алтынвалюта активтерінің жалпы көлемі 2010 жылдың аяғында 28 290,8 млн. АҚШ долл. болды, бұл 2009 жылдың аяғындағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 5 199,4 млн. АҚШ долл. көп. Жалпы алтынвалюта активтерінің көлемінің өзгеруіне еркін айырбасталатын валютадағы активтердің 4 647,81 млн. АҚШ долл. ұлғаюы әсер етті, қымбат металдардағы активтер 551,58 млн. АҚШ долл. ұлғайды.

2010 жылы активтердің валютадағы бөлігінің өзгеруіне Қаржы министрлігінің пайдасына мұнай-газ секторының компанияларынан салықтарды төлеу түрінде 9 826,97 млн. АҚШ долл. сомасында шетел валютасының түсуі себепші болды. Бұл ретте 7 106,5 млн. АҚШ долл. мөлшердегі түсімдердің бір бөлігі Ұлттық қордың тұрақтандыру портфеліне айырбасталды.

Ұлттық қордың валюта активтерінің бір бөлігін қайта айырбастау шеңберінде Ұлттық Банк тұтастай алғанда 1 350,7 млн. АҚШ долл. сомаға шетел валютасындағы активтерді сатып алды.

Ұлттық Банк 2010 жылы Қаржы министрлігінің сыртқы борыш бойынша жалпы сомасы 134,6 млн. АҚШ долл. төлемдерін жүзеге асырды.

2010 жылы Қазақстанның валюта нарығы еркін айырбасталатын валютаға ұсыныстың оған сұраныстан артып кетуінің ықпалында болды. Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (KASE) және биржадан тыс нарықтағы нетто-сатып алуы 2 715,7 млн. АҚШ долл. болды.

Осылайша, Ұлттық Банк жүргізген операциялардың қорытындылары бойынша таза алтынвалюта активтері 2009 жылмен салыстырғанда 5 191,3 млн. АҚШ долл. ұлғайды және 27 722,6 млн. АҚШ долл. болды.

Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін басқару.

Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы № 105 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару бойынша инвестициялық стратегиясында белгіленген талаптарды сақтауға бақылау күн сайын жүзеге асырылды.

Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің кірістілігін есептеу күн сайын жүзеге асырылды.

2010 жылы активтерді алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелінен алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфеліне баламасы шамамен әрқайсысы 5 млрд. АҚШ долл. болатын 2 аударым жүргізілді.

Сондай-ақ есепті кезеңде Ұлттық Банк Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару бойынша инвестициялық стратегияны бекіту туралы» 2006 жылғы 27 қазандағы № 105 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 21 мамырдағы № 44 қаулысы қабылданды, оған сәйкес алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің еуроғағы субпортфелі үшін эталондық портфель өзгерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару бойынша инвестициялық стратегияға алтынвалюта активтерінің портфелінің құрамына кіретін бағалы қағаздардың сапасы және олардың эмитенттері бойынша талаптар қатаңдатылды. Сонымен қатар, осы Қаулыға сәйкес тізімнен инвестициялау үшін рұқсат етілген, ABS, MBS, Қазақстан Республикасының банктеріне арналған кредиттік-дефолттық своп келісімшарттар сияқты құралдар, мемлекеттік емес бағалы қағаздар кепілге салынған репо және кері репо операциялары алып тасталды. Мыналар нақты айқындалды: инвестициялау саласы, алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелі үшін дюрация бойынша және құралдардың кластары бойынша ауытқулар бойынша талаптар. Алтынвалюта активтерінің портфельдері жаңа Инвестициялық стратегияға сәйкес келтірілді.

Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін басқару нәтижелері. Алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелі. Алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің нарықтық құны 2010 жылдың басында 9 329,1 млн. АҚШ долл. болды, ал 2010 жылдың аяғында инвестициялық портфельдің нарықтық құны 19 733,6 млн. АҚШ долл. болды. 2010 жылы алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінде АҚШ долларымен есептелген инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) пайда болды, ол 426,9 млн. АҚШ долл. болды.

2010 жылы валюталар қоржынында көрсетілген алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің кірістілігі 1,39% болды. Эталондық портфельдің кірістілігі 1,85% болған кезде үстеме кірістілік (-)45 базистік тармақ болды.

2010 жылы АҚШ долларымен көрсетілген алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфелінің кірістілігі 1,10% болды. Эталондық портфельдің кірістілігі 1,55% болған кезде үстеме кірістілік (-)45 базистік тармақ болды.

2010 жылдың аяғында инвестициялық портфельдің активтерін құралдар бойынша бөлудің мынадай құрылымы болды: ақша және оның баламалары – 2,62%, мемлекеттік бағалы қағаздар – 94,44%, агенттік бағалы қағаздар – 2,94%, ХҚҰ БҚ – 0,00%, корпоративтік бағалы қағаздар – 0,00%. Инвестициялық портфельдің активтерін кірістілік қисығын бөлудің мынадай құрылымы болды: 1 жылдан аз – 17,02%, 1-2 жылғы – 47,46%, 2-3 жылғы – 27,06%, 3-4 жылғы – 0,00%, 4-5 жыл – 0,40%, 5 жылдан астам – 8,06%.

Абсолюттік кірістілік портфелі. Алтынвалюта активтерінің абсолюттік кірістілік портфелінің нарықтық құны жылдың басында 390,8 млн. АҚШ долл., ал 2010 жылдың аяғында 393,3 млн. АҚШ долл. құрады.

Алтынвалюта активтерінің абсолюттік кірістілік портфелінің кірістілігі 2010 жылы 0,64% болды. Бұл ретте эталондық кірістілік 0,35% болған кезде үстеме кірістілік 29 базистік тармақ болды. Инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) 2 510,3 мың АҚШ долл. болды.

Алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелі. Алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелінің нарықтық құны 2010 жылдың басында 9 772,1 млн. АҚШ долл., 2010 жылдың аяғында 4 535,5 млн. АҚШ долл. болды.

Алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелі ақша-кредит саясатын жүргізуге арналған және барлық ағындар және түрлі төлемдер де ол арқылы жүзеге асырылады. Осы портфель алтынвалюта активтері портфельдерінің кірістілігін бағалауға қосылмайды және эталондық портфелі жоқ.

Алтын портфелі. Алтынвалюта активтерінің алтын портфелінің нарықтық құны 2010 жылдың басында 2 500,7 млн. АҚШ долл., ал 2010 жылдың аяғында 3 052,2 млн. АҚШ долл. болды. Портфель көлемінің өзгеруіне алтынның бір жылдағы бағасының бір троя унциясы үшін 1 104,00 АҚШ долл. деңгейінен 1 410,25 АҚШ долл. деңгейіне дейін өсуі ықпал етті.

2.3. Валюталық реттеу және бақылау

Валюталық реттеу режимдері. Валюталық операциялар және капитал ағындары бойынша шынайы ақпарат базасын құру және осы база негізінде валюталық операциялардың талдама мониторингін жүргізу валюталық реттеудің басым міндеті болып қалды. Валюталық реттеудің қазіргі режимдері (тіркеу және хабарлау) валюталық операциялар жүргізуді шектемейді және капитал қозғалысы операцияларының статистикалық мониторингі мақсаты бар.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарының валюталық операциялары тіркеуі шеңберінде 1446 тіркеу куәлігі берілді, оның ішінде мынадай операциялар бойынша:

- резиденттердің резидент еместерді кредиттеуі – 307;
- резидент еместердің резиденттерді кредиттеуі – 854;
- резидент еместердің Қазақстанға тікелей инвестициялары – 204;
- резидент еместердің шетелге тікелей инвестициялары – 67;
- капитал қозғалысының басқа операциялары – 14.

Валюталық операциялар туралы хабарлау шеңберінде Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары және орталық аппараты 469 хабарлау туралы куәлік берді, оның ішінде:

- резидент еместердің банктерді кредиттеуі – 126;
- резидент еместердің Қазақстанға тікелей және портфельдік инвестициялары – 58;
- резиденттердің шетелге тікелей және портфельдік инвестициялары – 20;
- туынды қаржы құралдарымен операциялар – 8;
- капитал қозғалысының басқа операциялары – 13;
- резиденттердің шетелде шоттар ашуы – 244.

Айырбастау пункттерінің қызметін реттеу. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау шеңберінде 2010 жылы шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға 25 лицензия берілді.

Айырбастау пункттерінің қызметін талдау, айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін бұзу бойынша жұмыс, айырбастау пункттеріндегі валюталар бағамдарының мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 2995 айырбастау пункті жұмыс істейді, оның ішінде 1978 банктік айырбастау пункті, 978 уәкілетті ұйымдардың (банктік емес заңды тұлғалардың) айырбастау пункті және «Қазпочта» АҚ-ның 39 айырбастау пункті. 2010 жылдың басымен салыстырғанда Қазақстан Республикасындағы айырбастау пункттерінің саны 66-ға қысқарды, оның ішінде банктердің айырбастау пункттері 12-ге, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері 55-ке қысқарды, бұл ретте «Қазпочта» АҚ-ның айырбастау пункттерінің саны 1 бірлікке ұлғайды.

2010 жылы барлығы 300 айырбастау пункті ашылды, оның ішінде банктік – 166, банктік емес – 133, «Қазпочта» АҚ – 1, ал айырбастау пункттерінің 366 тіркеу куәлігі ерікті түрде қайтарылды, оның ішінде банктік – 178, банктік емес – 188.

2010 жылдың қорытындысы бойынша уәкілетті ұйымдар ерікті түрде 55 лицензияны қайтарды, 5 лицензияны Ұлттық Банк қайтарып алды.

Салыстыру үшін, 2009 жылы айырбастау пункттерінің жалпы саны 364-ке азайды, бұл ретте 382 айырбастау пункті ашылып, 746 айырбастау пункті жабылды.

Осылайша, 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ашылған айырбастау пункттерінің саны іс жүзінде сол деңгейде қалды, ал жабылған айырбастау пункттерінің саны 2 есеге жуық қысқарды, бұл валюта нарығының осы сегментіндегі ахуалдың тұрақты екенін көрсетеді.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау. Резиденттердің экспорттық және импорттық мәмілелер бойынша шетел және ұлттық валютаны репатриациялау талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк экспорттық-импорттық валюталық бақылауды (ЭИВБ) қолданады. ЭИВБ мақсаттары үшін уәкілетті банктер сомасы 50 мың АҚШ долларынан асатын экспорттық және импорттық келісімшарттар бойынша мәміле паспортын ресімдейді және келісімшарт бойынша ақша және тауар қозғалысын одан әрі салыстыру ЭИВБ автоматтандырылған схемасы шеңберінде жүргізіледі. Мәміле паспорты ресімделген келісімшарттар шеңберіндегі тауарлар қозғалысы бойынша деректерді кеден органдары жүк кедендік декларациялардың деректері түрінде ұсынады, онда деректемелердің бірі ретінде мәміле паспортының нөмірі көрсетілген.

2010 жылы Ұлттық Банктің экспорттық-импорттық валюталық бақылау саласындағы қызметі ЭИВБ нұсқасын түрлендіруді одан әрі іске асыруға бағытталды.

2010 жылғы ақпанда Премьер-Министрдің өкімі бойынша ЭИВБ жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы құрылды, оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдар және «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Атамекен» ұлттық экономикалық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігі сияқты жеке құрылымдардың өкілдері кірді. Осы Жұмыс тобының жұмыс нәтижесі бойынша Үкіметке ЭИВБ одан әрі жетілдіру жөніндегі, оның ішінде кедендік ресімдеу үшін қажетті құжат ретінде мәміле паспортын жою және келісімшарттың есептік тіркеу нөмірін көрсете отырып келісімшартқа банк мөртабанының таңбасын қою арқылы келісімшартты есептік тіркеу рәсімдерін ендіру жөнінде ұсыныстар берілді. Осы көрсетілген төлемдер жүргізу не экспорт немесе импорт бойынша тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыру кезінде экспортерлерден немесе импортерлерден талап етілетін құжаттардың санын қысқартуға мүмкіндік жасайды.

Жұмыс тобының ұсыныстарын Үкімет қолдады және 2011 жылы ЭИВБ жетілдіруді қамтамасыз ететін тиісті заң жобасын әзірлеу жоспарланды.

Сонымен қатар, Кеден одағының құрылуымен Кеден одағына қатысушы мемлекеттерде репатриация талаптарын келісу және осы талапты Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің резиденттері арасындағы сыртқы сауда мәмілелеріне қатысты орындалуын бақылауды іске асыру мәселелері туындады. Кеден одағының Комиссиясы шеңберінде «Валюталық реттеу және валюталық бақылау» бағыты бойынша Сараптамалық топ құрылды, оның құрамына сондай-ақ Ұлттық Банктің өкілдері кірді. Сараптамалық топ қазіргі кезде есепке алу және валюталық бақылау талаптарын келісу жөнінде және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдарының Кеден одағы ішіндегі сыртқы сауда операциялары бөлігіндегі өзара ақпараттық іс-әрекет жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыруда.

«Экспорттық-импорттық валюталық бақылау нәтижелерін жинау және талдау» ААШЖ шеңберінде валюта және тауарлар қозғалысы жөнінде, сондай-ақ валюталық заңнаманың нормаларын бұзу жөнінде электрондық хабар алмасу жалғастырылды.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2010 жылы уәкілетті банктерден Ұлттық Банктің филиалдарына 938 (оның ішінде 1, 4, 5 негіздері бар МТ-105 – 578 және МТ-115 – 360) хабар валюталық заңнаманың бұзылуын қарастыру үшін келіп түсті.

ЭИВБ автоматтандырылған схемасының деректерін өңдеу нәтижелері бойынша Президент Әкімшілігіне ресімделген мәміле паспорттарының саны және экспорт пен импорт бойынша келісімшарттар бойынша жүргізілген төлемдердің көлемі туралы деректер жіберілді.

ЭИВБ қолданылып жүрген схемасын одан әрі жетілдіру және автоматтандыру мақсатында экспорттық және импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде Бірыңғай электрондық терезе жүйесін ендіру үшін ақпарат жүйелерін ықпалдастыру жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмыс тобы отырыстарына қатысу жүзеге асырылды және осы мәселе бойынша ұсыныстар берілді.

Валюталық заңнаманы бұзушылықтар саласындағы әкімшілік іс жүргізу. Ұлттық Банк 2010 жылы валюталық заңнама саласында әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмау бойынша жұмысты жалғастырды, оның ішінде уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың қызметін валюталық заңнамаға сәйкес келуін тексеру арқылы.

Сыртқы сектордың статистикасын қалыптастыру үшін валюталық операциялар бойынша уақтылы, толық және шынайы есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында тіркеу куәліктерін және хабарлау туралы куәліктерді алуға өтініш беру мерзімдерін бұзғаны үшін, шынайы емес ақпарат бергені үшін, сондай-ақ валюталық операциялар бойынша есептілікті уақтылы ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

Ұлттық Банк 2010 жылы валюталық заңнама, сондай-ақ бухгалтерлік есеп, ақшаның жылыстауына қарсы іс-қимыл туралы заңнама және банктік заңнама саласында әкімшілік құқық бұзушылықтар (валюталық бақылау саласындағы функцияларды жүзеге асыру барысында анықталған) туралы 1568 іс қозғады, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы жасалған хаттамалар – 366, жасалған ескертулер – 1202. Салыстыру үшін, 2009 жылы әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1957 іс қозғалды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 366 хаттама бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

1) қарау Ұлттық Банктің (оның филиалдарының) құзыретіне жатқызылған – 357 хаттама:

- 268 іс бойынша әкімшілік айыппұл түрінде 595 млн. теңгеге жуық жалпы сомаға санкция салынды, оның ішінде ерікті түрде 14,5 млн. теңгеге жуық төленді;

- 10 іс бойынша санкция ескерту түрінде қолданылды;

- 66 іс бойынша өндіріс тоқтатылды, оның ішінде 9 іс бойынша тоқтатуды сот органдары Ұлттық Банк шешімдерінің күші жойылуы және тиісінше әкімшілік жауапкершіліктен босату нәтижесінде жүзеге асырды;

- 13 іс қарау үстінде (2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша);

2) қарау сот органдарының құзыретіне жатқызылған – 9 хаттама:

- 7 іс бойынша әкімшілік айыппұл түрінде 411 мың теңгеге жуық жалпы сомаға санкция салынды;

- 1 іс бойынша өндіріс тоқтатылды;

- 1 іс қарау үстінде (2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша).

Ұлттық Банк салған әкімшілік айыппұлдардың сомасы 2009 жылмен (60 млн. теңгеге жуық) салыстырғанда 2010 жылы (595 млн. теңгеге жуық) 10 есеге жуық ұлғайды. Сондай-ақ ұлғаю 2009 жылғы тамыздан бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 187-бабы бойынша санкцияның (қайтарылмаған сомасының 20% дейін) қатаңдатылуына байланысты болды.

Валюталық бақылау мәселелері бойынша инспекциялау. Валюталық заңнамада әр түрлі шектеулердің қысқартылғанын және тұтастай алғанда валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібінің жеңілдетілуін ескере отырып, валюталық операциялар саласындағы

Ұлттық Банк жүзеге асыратын тексерулердің сипаты талдау міндеттеріне, сондай-ақ валюталық бақылау агенттерінің Ұлттық Банкке беретін ақпаратының уақтылы және шынайы болуына қарай бағытталды. Тексерулерді жүзеге асырудың жаңа әдістері селективтік бақылау қағидатына байланысты және статистикалық мониторинг, валюталық мониторинг жүйелері, шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздері туралы есептерді, экспорттық-импорттық валюталық бақылау нәтижелерін жинау арқылы алынатын ақпаратты, сондай-ақ валюталық заңнама шеңберінде ұсынылатын басқа материалдарды және ақпаратты неғұрлым толық зерттеу мен талдауға негізделеді.

Осы жағдайлар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында көзделген, бизнес-ортаны жақсарту мақсатында бақылау-қадағалау функциялар берілген мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жоспарлы тексерулерді 30%-ға қысқарту Ұлттық Банк жүргізетін тексерулер санының одан әрі қысқаруына себепші болды. Мәселен, 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы жүргізілген тексерулер саны 26,3%-ға, яғни тексерулер 552-ден 407-ге дейін қысқарды.

Ұлттық Банк 2010 жылы (2011 жылғы 14 қаңтардағы жағдай бойынша «Экспорттық-импорттық валюталық бақылау нәтижелерін жинау және талдау» ААШЖ деректеріне сәйкес) банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға валюталық заңнаманы сақтау мәселелері бойынша 407 тексеру жүргізді, оның ішінде:

- 398 жоспарлы (оның ішінде уәкілетті ұйымдарды – 316, уәкілетті банктерді (филиалдарды) – 78 және «Қазпочта» АҚ-ын (филиалдарын) – 4);

- 9 жоспардан тыс (оның ішінде уәкілетті ұйымдарды – 6, уәкілетті банктерді – 2 және валюталық заңнаманы сақтау мәселелері бойынша басқа заңды тұлғаларды – 1).

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін бұзуды анықтау бойынша санкциялар мен ықпал ету шаралары қолданылды, қалған бұзушылықтар бойынша материалдарды қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін Ұлттық Банктің орталық аппаратына жіберілді.

Есепті кезеңде тексеру барысында анықталған бұзушылықтар бойынша 79 ескертумен қатар, 17 млн. теңгеге жуық сомаға айыппұл түрінде әкімшілік жазалар қолданылды.

Сонымен қатар, 110 ықпал ету шарасы (оның ішінде 8 – жазбаша ескерту түрінде, 95 – міндеттеме-хаттарды талап ету түрінде және 7 – жазбаша ұйғарым шығару түрінде), сондай-ақ 18 санкция (уәкілетті ұйымдардың 1 лицензиясын қайтарып алу, 3 лицензиясын және 14 тіркеу куәлігін қолдануды тоқтата тұру) қолданылды.


III. ЭМИССИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫМЫ

3.1. Ұлттық Банктің эмиссиялық операциялары

2010 жыл 2009 жылмен салыстырғанда экономика субъектілерінің қолма-қол ақшаға қажеттілігінің ұлғаюымен сипатталды.

2010 жылы Ұлттық Банктің резервтік қорларынан айналысқа 1 813,1 млрд. теңге сомада қолма-қол ақша шығарылды, бұл 2009 жылы (1 476, 2 млрд. теңге) айналысқа шығарылғаннан 336,9 млрд. теңгеге (22,8%) көп. 2010 жылы қолма-қол ақшаны айналыстан алу көлемі 2009 жылғы көлеммен (1 415,2 млрд. теңге) салыстырғанда 139,5 млрд. теңгеге (9,9%) өсіп, 1 554,7 млрд. теңгені құрады. Осылайша, эмиссиялық нәтиже (+)258,5 млрд. теңге мөлшерінде оң болып қалыптасты, бұл 2009 жылға қарағанда 4,2 есе көп (61,0 млрд. теңге).

2009-2010 жылдардағы эмиссиялық нәтиженің өзгеру динамикасы



2010 жылғы қаңтарда қолма-қол ақшаны алу 2009 жылғы қаңтармен салыстырғанда 3,5 есеге жуық қысқарып, (-) 41,9 млрд. теңгені құрады. Ақпанда эмиссиялық нәтиже теріс мәнді осы кезеңге тән оң мәнге өзгерте отырып, 16,5 млрд. теңгеге өсті, кейінгі үш айда эмиссия 50,9 млрд. теңгеге өсті, маусымда 4,7 млрд. теңгеге қысқарды, шілде – қазан аралығында 73,0 млрд. теңгеге ұлғайды, қарашада 46,6 млрд. теңгеге қысқарды, желтоқсанда қайтадан 2,6 млрд. теңгеге өсті (3.1.1-график).

Осылайша, 2010 жылы эмиссиялық нәтиже қаңтарда алу сомасының айтарлықтай төмендеуі және ақпан – мамыр және шілде – қазан аралығындағы кезеңде қолма-қол ақшаны айналысқа шығарудың өсуі нәтижесінде 2009 жылғы осындай көрсеткіштен көп болып қалыптасты.

2010 жылы эмиссиялық көрсеткішті қалыптастыру ұлттық валютаның құнсыздануы жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан беру көлемінің, сондай-ақ шетел валютасын сатудан банктердің кассасына түсімдердің ұлғаюына алып келген 2009 жылы байқалған, мүлдем қарама-қарсы үрдістердің ықпал етуімен болды. 2010 жылы, керісінше, жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан берудің төмендегені (62,8 млрд. теңгеге немесе 3,6%) тіркелді. Шетел валютасын сатудан банктердің кассасына түсімдерге қатысты айтатын болсақ, онда тоғыз ай бойы олардың төмендеуі қалыптасты және тек жылдың екінші жартысында ғана инфляциялық күтулердің ықпал етуімен осы түсімдер көлемінің олардың тұтастай алғанда 2009 жылмен салыстырғанда бір жылда 63,5 млрд. теңгеге немесе 3,5% өсуіне алып келген біртіндеп өсуі басталды. Бұл ретте банктердің кассалық айналымдарының шығыс бөлігінің өсу қарқыны (12,0%) кірістің өсу қарқынынан (7,9%) асты, бұл нәтижесінде эмиссиялық нәтиженің ұлғаюына алып келді.

Аймақтар бойынша алғанда Алматы қаласын және Оңтүстік Қазақстан облысын қоспағанда, барлық облыста оң эмиссиялық нәтижелер тіркелді. Неғұрлым көп эмиссиялайтын облыстар Қарағанды (95,0 млрд.теңге), Қызылорда (87,0 млрд.теңге) және Шығыс Қазақстан (85,6 млрд. теңге) облыстары болып табылады.

Өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда эмиссиялық нәтиженің өсуі барлық облыстар бойынша байқалады. Алматы қаласы бойынша қолма-қол ақшаны алудың 43,3 млрд. теңге сомаға, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 20,8 млрд. теңге сомаға қысқаруы байқалып отыр, Жамбыл облысы бойынша эмиссиялық нәтиженің эмиссияның теріс мәнін оң мәнге өзгерткен өсуі қалыптасты.

3.2. Қолма-қол ақша айналымы

Банктердің кассалық айналымдары 2010 жыл бойы ай сайын ұлғайды. Неғұрлым барынша ұлғаю, бюджеттің шығыс бөлігін жылдың аяғына дейін игеруге және мемлекеттік мерекелерге байланысты төлемдерге байланысты жылдың аяғында байқалды.

Банктердің кассалары арқылы өтетін қолма-қол ақша айналымының көрсеткіштері 2009 жылдағыдай, банктердің кассасынан берілетін сомалардың қолма-қол ақшаның түсетін көлемінен асып түскен өсуіне көрсетіп отыр.

Банктердің кассаларына түскен қолма-қол ақша көлемі өткен жылмен салыстырғанда 7,9% (немесе 767,2 млрд. теңге) ұлғая отырып, 10 435,1 млрд. теңгені құрады. Қолма-қол ақша беру көлемі 12,0% (немесе 1 220,6 млрд. теңге) ұлғая отырып, 11 365,6 млрд. теңгені құрады.

Ұлғаю іс жүзінде банктердің кассаларына кірістің барлық бабы бойынша болды (III бөлімнің 3.2-бөлімшесіне 1-қосымша). Заемдарды өтеу бойынша және қонақүй, ойын және шоу бизнес кәсіпорындарынан түскен түсімдер бұған кірмейді. 2009 жылмен салыстырғанда шығыс баптарында 142,5 млрд. теңгеге (23,0%) неғұрлым төмендеу шетел валютасын сатып алу үшін банктердің кассаларынан қолма-қол ақша беру бабы бойынша байқалып отыр.

Банктердің кассаларына қолма-қол ақшаны қайтару коэффициенті 2009 жылғы 95,3%-ға қарағанда 91,8% құрады.

Банктердің кассаларына қолма-қол ақша қаражаты түсуінің негізгі үлесін мына түсімдер құрайды:

- тауарларды, қызмет көрсетулерді және орындалған жұмыстарды сатудан – 2 361,7 млрд. теңге немесе банктердің кассаларына қолма-қол ақша түсімдерінің жалпы көлемінің 22,6%-ы. Осы бап бойынша қолма-қол ақша кірісінің өткен жылмен салыстырғанда ұлғаюы 5,5%-ды (122,8 млрд. теңге) құрады;

- шетел валютасын сатудан – 3,5% (63,6 млрд. теңге) ұлғайып, 1 879,2 млрд. теңге (үлестік көрсетумен 18,0%);

- жеке тұлғалардың депозиттері бойынша шоттарға – 1,4% (21,9 млрд. теңге) ұлғая отырып, 1 615,5 млрд. теңгені (үлестік көрсетумен 15,5%-ды) құрады.

Банктердің кассалық айналымдарының шығыс бөлігінің басым баптары мыналар болып қалуда:

- банкоматтарды толықтыру үшін беру – 3 372,30 млрд. теңге, немесе банктердің кассаларынан қолма-қол ақша берудің жалпы көлемінен 29,7%. Осы бап бойынша ұлғаю 28,0% (737,3 млрд. теңге) құрады;

- жеке тұлғалардың депозиттері бойынша шоттардан беру – 1 662,8 млрд. теңге (үлестік көрсетумен 14,6%). Осы бап бойынша 62,8 млрд. теңге (3,6%) мөлшеріндегі төмендеу байқалады;

- тауарлар, қызмет көрсетулер және орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуге қолма-қол ақша беру – 1 266,5 млрд. теңге немесе банктердің кассаларынан қолма-қол ақша берудің жалпы көлемінің 11,1%-ы болды. 2009 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда азаю 131,5 млрд. теңгені немесе 9,4%-ды құрады.

IV. ҚАРЖЫ НАРЫҒЫ

4.1. Валюта нарығы

Ішкі валюта нарығы 2010 жылы Ұлттық Банктің теңге бағамын ұстап тұруға барынша аз қатысқан кезде дамыды. Валюталық дәліздің болуы аса маңызды рөл атқарған жоқ. Теңге бағамының нарықтағы ауытқу ауқымы айтарлықтай тар болды және оның мәндері 2010 жылғы ақпанда кеңейтілген валюталық дәліздің шекті мәндеріне жақындамады.

Тұтастай алғанда 2010 жылы ішкі валюта нарығындағы ахуал шетел валютасына ұсыныстың оған сұраныстан асып кетуі жағдайында қалыптасты. Жылдың ортасы ғана ерекшелік болып табылды. Шетел валютасына ұсыныстың асып кетуінің негізгі себебі Қазақстанның негізгі экспорттық тауарларының әлемдік бағаларының өсуіне және шетелдік капитал ағынының өсуіне байланысты тауарлар экспортынан түскен түсімдердің ұлғаюы болды.

Қазақстан экспортының негізгі позицияларының әлемдік бағалары өсуінің жаңаруына байланысты жыл басынан бастап ұлттық валютаның нығаю үрдісі байқалды. Мамыр және маусым айларында тренд өзінің бағытын ауыстырды. Шілдеден бастап жылдың аяғына дейін теңгенің тұрақтылығы байқалды.


2010 жылы теңгенің бір АҚШ доллары үшін орташа алынған айырбастау бағамы 147,35 теңге болды. Биржалық бағам бір АҚШ доллары үшін 147,50 теңгені құрады. Теңге бір жыл ішінде АҚШ долларына қатысты номиналдық көрсетумен 0,65%-ға нығайды.

2010 жылы теңгенің бір еуроға қатынасы бойынша ресми бағамы 8,27%-ға, Ресей рубліне – 1,63%-ға нығайды (4.1.1-сурет).

4.1.1-сурет

Теңге бағамының АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне динамикасы

өткен айға %-бен



* - «+» теңгенің шетел валютасына нығаюы, «-» - теңгенің шетел валютасына әлсіреуі

2010 жылы биржада және сол сияқты банкаралық нарықта шетел валютасымен операциялар көлемінің ұлғаюы байқалды. Мәселен, доллар позициясындағы биржалық сауда-саттық көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 29,0%-ға ұлғая отырып, 60,63 млрд. АҚШ долл. құрады. Биржадан тыс валюта нарығында резидент банктер мәмілелерінің көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 5,8%-ға өсіп, 52,3 млрд. АҚШ долл. құрады.

Ресей рублімен және еуромен операциялардың валюта нарығының биржалық және биржадан тыс сегменттері айналымындағы үлесі шамалы болды. Биржа нарығында Ресей рублімен операциялар көлемі 5,7 млрд. Ресей рубліне дейін 4,7 есе ұлғайды, еуромен операциялар көлемі 193 млн. еуроға дейін 2,7 есе төмендеді. Биржадан тыс валюта нарығында Ресей рублімен конверсиялық операциялар көлемі 4,6 млрд. ресей рубліне дейін 21,0%-ға ұлғайды, еуромен конверсиялық операциялар көлемі 557,7 млн. еуроға дейін 11,4%-ға төмендеді.

Өткен жылдардағыдай қолма-қол шетел валютасы нарығында басымдық АҚШ долларына берілді. 2010 жылы айырбастау пункттерінің нетто-сату көлемі 22,1%-ға өсіп, 10,3 млрд. АҚШ долл. болды. Ресей рублін нетто-сату көлемі 10,1 млрд. Ресей рубліне дейін 20,6%-ға өсті. Еуро көлемі – 0,4 млрд. еуроға дейін 57,3%-ға төмендеді.

2010 жыл ішінде теңгенің айырбастау бағамына айтарлықтай әсер еткен бірқатар факторлар байқалды, олардың ішіндегі негізгісі еуроның біршама ауытқуы болды. Сондай-ақ Еуроаймақ үшін жыл басындағы тұтыну бағаларының біршама жоғары ауытқулары, мұнайдың едәуір жоғары бағалары және 2010 жылдың екінші-үшінші тоқсандарында Еуроаймақтың кейбір елдерінің экономикаларын тұрақтандыру жөніндегі шаралардың әсері теңгенің бағамына айтарлықтай әсер етті. Сонымен бірге, Ұлттық Банк қолданған шаралар ұлттық валюта бағамының күрт ауытқуларына жол бермеді.

Алайда, салыстырмалы түрде тұрақты номиналдық айырбастау бағамға қарамастан сыртқы факторлар нақты көрсетілген теңге бағамының динамикасына айтарлықтай әсер етті.


Мәселен, сауда әріптестері елдерінің валюталарына нақты тиімді айырбастау бағамының (НТАБ) 2010 жылғы маусымның аяғында есептелген индексі 2000 жылғы желтоқсандағы базалық деңгейден 13,9% жоғары және 2009 жылғы желтоқсандағы деңгейден 13,3% жоғары болды. Еуроның номиналдық нығаюы нәтижесінде НТАБ индексінің нығаюы 2000 жылғы желтоқсандағы базалық деңгейге нығаю 8,3% болған кезде, 2009 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда жыл қорытындысында 7,8% құрады.

2010 жылдың аяғында ТМД елдері валюталарының қоржынына есептелген НТАБ индексі 2009 жылғы желтоқсанның аяғындағы индекстен 2,4%-ға жоғары болды, ал қалған елдердің валюталарына қатынасы бойынша теңге нақты көрсетумен айтарлықтай, 9,9%-ға нығайды.

4.1.2-сурет

Теңгенің нақты айырбастау бағамдарының индекстері

2000 жылғы желтоқсан = 100%



Сауда әріптестері елдердің үлес салмақтары негізінде есептелген НТАБ индексі мұнаймен сауданы қоспағанда базалық деңгейден 4,5% және 2009 жылғы желтоқсандағы деңгейден 6,1% жоғары болды. Осы индекстің талдау мақсатында, айырбастау бағамы өзгерістерінің сыртқы сауда көлемі мен құрылымына әсер етуін неғұрлым барабар бағалау үшін есептелетінін атап өткен жөн, себебі мұнай және газ конденсаты бойынша айырбастау бағамдарының экспортерлердің немесе импортерлердің бәсекелестік басымдықтарына әсер етуі шамалы.

4.2. Банкаралық ақша нарығы

2010 жылы орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 0,2%-ға ұлғайып, баламасында 41,5 трлн. теңгені құрады.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 17,7 трлн. теңгеге жетіп, 6,0%-ға өсті (2010 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 42,7%-ы). Бұл ретте 2010 жылғы желтоқсанда теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 0,57%-ды (2009 жылғы желтоқсанда – 0,64%) құрады.

Ұлттық Банктің банктерден 2010 жылы тартқан депозиттердің көлемі 5,0% өсіп, 17,1 трлн. теңгені құрады.

2010 жылы доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі 11,8% ұлғайып, 126,4 млрд. АҚШ долл. (2010 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 44,8%-ы)

құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2009 жылғы желтоқсанда 0,31%-ды құраса, 2010 жылғы желтоқсанда 0,28%-ды құрады.

Еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 40,2%-ға төмендеп, 24,2 млрд. еуроны құрады (2010 жылы орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 11,4%-ы). Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2009 жылғы желтоқсандағы 0,28%-дан 2010 жылғы желтоқсанда 0,46%-ға дейін өсті.


Рубльмен орналастырылған депозиттердің көлемі шамалы – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 1% болып қалып отыр.

Тұтастай алғанда шетел валютасындағы банкаралық депозиттер үлесінің жоғары болуы жалғасуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 57,3%-ы, ал соңғы жылы оның тұрақты түрде төмендеу үрдісі байқалды.

4.3. Депозит нарығы


2010 жылы резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері 7 397,9 млрд. теңгеге немесе валюталық баламада 50,2 млрд. АҚШ долл. дейін 12,5% өсті, бұл ретте жалпы ішкі өнімнің жоғары өсу қарқынына орай депозиттердің ЖІӨ-ге қатынасы бойынша көлемі төмендеді (4.3.1-сурет).

4.3.1-сурет



2010 жылы халықтың, сол сияқты заңды тұлғалардың депозиттерінің белсенді өсуі байқалды. 2010 жылы банктік емес заңды тұлғалардың депозиттері 5 203,0 млрд. теңгеге дейін 11,2%-ға, жеке тұлғалардікі - 2 194,9 млрд. теңгеге дейін 15,9%-ға өсті (4.3.2-сурет).

Заңды және жеке тұлғалардың депозиттерінің динамикасы




Валюталардың түрлері бойынша депозиттердің құрылымы 2010 жылы ұлттық валютадағы салымдарының едәуір өсуіне және шетел валютасындағы салымдарының төмендеуіне байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Мәселен, ұлттық валютадағы депозиттер 4 807,9 млрд. тенгеге дейін 30,0% өсті, ал шетел валютасындағы салымдар 2 590,0 млрд. тенгеге дейін 9,9%-ға төмендеді. Нәтижесінде, депозиттердің жалпы көлеміндегі теңгелік депозиттердің үлес салмағы 56,3%-дан 65,0%-ға дейін көтерілді.

2010 жылы халықтың банктердегі салымдары (резидент еместердің шоттарын ескере отырып) 2 249,8 млрд. тенгеге дейін 16,2% өсті. Бұл ретте халықтың депозиттерінің құрылымында жинақ ақшаны долларландыру деңгейінің қарқынды төмендеу үдерісі байқалды. Халықтың ұлттық валютадағы салымдары бір жылда 1 249,6 млрд. тенгеге дейін 48,6%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 1 000,2 млрд.тенгеге дейін 8,7%-ға төмендеді. Нәтижесінде халықтың теңгелік депозиттерінің үлес салмағы 43,4%-дан 55,5%-ға дейін көтерілді.

2010 жылдың аяғында жеке тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 10,0%-дан 8,8%-ға дейін төмендеді, шетел валютасымен – 6,7%-дан 6,8%-ға дейін көтерілді (4.3.3-сурет).

Жеке тұлғалардың мерзімді депозиттері бойынша сыйақы ставкаларының динамикасы



4.4. Кредит нарығы


2008 және 2009 жылдары (өсуі тиісінше 2,8% және 2,5%) байқалған кредиттік белсенділіктің айтарлықтай баяулауы, 2010 жылы кредиттеудің төмендеуіне әкелді. 2010 жылы банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 7 596,5 млрд. теңгеге (51,3 млрд. АҚШ долл.) дейін 0,6%-ға төмендеді. Банктердің экономикаға кредиттерінің ЖІӨ-ге қатынасының көрсеткіші 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 44,9%-дан 35,3%-ға дейін төмендеді. (4.4.1-сурет).

Бұл ретте кредиттік белсенділіктің төмендеуі кредит нарығының валюта бөлігінде ғана болды. Шетел валютасындағы кредиттер 2010 жылы 3 213,4 млрд. теңгеге дейін 13,1% төмендеді, ұлттық валютамен – 4 383,1 млрд. теңгеге дейін 11,1% көтерілді. Нәтижесінде теңгелік кредиттердің үлес салмағы 51,6%-дан 57,7%-ға дейін көтерілді.

2010 жылы ұзақ мерзімді кредиттеу 6 349,7 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға төмендеді, қысқа мерзімдісі – 1 246,8 млрд. теңгеге дейін 2,7%-ға көтерілді. Тиісінше, ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 84,1%-дан 83,6%-ға дейін төмендеді.

4.4.1-сурет

Кредиттердің динамикасы, ЖІӨ-ге %-бен




Заңды тұлғаларға кредиттер 2010 жылы 5480,3 млрд. теңге болып, 1,2%-ға көтерілді, жеке тұлғаларға – 2116,2 млрд. теңгеге дейін 4,9% төмендеді. Жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы 29,1%-дан 27,9%-ға дейін төмендеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2010 жылы 1389,3 млрд. теңгеге дейін 18,7%-ға төмендеді, бұл экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 18,3% құрайды (2009 жылғы желтоқсанда – 22,3%).

Салалық бөлуде банктердің экономикаға кредиттерінің барынша айтарлықтай сомасы саудаға – 24,0% (2009 жылғы желтоқсанда – 23,6%), құрылысқа - 18,1% (18,8%), өнеркәсіпке – 9,4% (9,5%), ауылшаруашылығына – 3,8% (3,7%) тиесілі.

Жеке тұлғаларға ұлттық валютадағы кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2010 жылғы желтоқсанда 2009 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 21,6%-дан 20,3%-ға дейін төмендеді, заңды тұлғалардың кредиттері бойынша 14,3%-дан 12,9%-ға дейін төмендеді (4.4.2-сурет).

**Ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша
сыйақы ставкаларының динамикасы**



4.5. Мемлекеттік бағалы қағаздардың нарығы

2010 жылы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша 52 аукцион болды. Эмиссия көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 6,8% азайды және 659,9 млрд. теңге болды, оның ішінде қысқа мерзімді – 152 млрд. теңге, орта мерзімді – 163 млрд. теңге, ұзақ мерзімді – 344,6 млрд. теңге.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қаржы министрлігінің ұлттық валютада номинирленген айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі дисконтталған баға бойынша 1 669,5 млрд. теңге болып, 2010 жылы 29,6%-ға ұлғайды, оның ішінде: қысқа мерзімді – 152 млрд. теңге, орта мерзімді – 477,7 млрд. теңге, ұзақ мерзімді – 1 039,8 млрд. теңге.

Орналасырылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 2,3 есе ұлғайды және 3 298,8 млрд. теңге (2009 жылы - 1 446,5 млрд. теңге) болды. Ұлттық Банктің 2010 жылы шығарылған қысқа мерзімді ноттарының орташа алынған кірістілігі орташа алынған айналыс мерзімі 116,42 күн (2009 жылы - 63,63 күн) кезінде жылдық 1,38% деңгейде (2009 жылы – 3,24%) қалыптасты. 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айналыста 899,5 млрд. теңге (дисконтталған баға бойынша) сомаға қысқа мерзімді ноттар болды.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығындағы Ұлттық Банктің операциялары. 2010 жылдың ішінде Ұлттық Банк мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша операцияларды жасаған жоқ. 2010 жылы Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттарды ұзақ мерзімге сатып алу операцияларын, «тікелей РЕПО» операцияларын жүргізген жоқ.

2010 жыл бойы Ұлттық Банктің портфелінде 481,9 млн. теңге сомаға МЕОКАМ-72 және 757,2 млн. теңге сомаға МЕОКАМ-84 өтелді.

Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздарының портфелі 2011 жылғы 1 қаңтарда 3 808,02 млн. теңге болды.

V. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

2010 жылы Ұлттық Банктің ақша төлемі мен аударымы саласындағы қызметі төлем жүйелерінің техникалық инфрақұрылымын жетілдіруге, оларды халықаралық стандарттарға жақындатуға, сондай-ақ нормативтік құқықтық базаны және төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) тетіктерін жетілдіруге бағытталды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 24 қаңтардағы №16 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйесін түрлендіру бағдарламасына сәйкес 2010 жылы ұлттық төлем жүйелерінің техникалық инфрақұрылымын жетілдіру және оларды жаңа бағдарламалық-техникалық платформаға көшіру жұмысы жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша 2010 жылғы 7 маусымда оларды қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен және айтарлықтай өткізгіштік қабілеттілігімен сипатталатын төлем жүйелерінің жаңа нұсқаларына көшіру жүзеге асырылды. Төлем жүйелерінің негізгі және резервтік орталықтары серверлерінің біртұтас жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайтын кластерлік бағдарламалық қамтамасыз етуді ретке келтіру және тәжірибелік пайдалануға енгізу жүзеге асырылды.

Интеграциялық үдерістерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында 2010 жылғы 7 маусымда Қазақстанның төлем жүйелерінде банк шоттарының нөмірлері және банктік сәйкестендіру кодтары ISO 13616: IBAN (International Bank Account Number - банк шотының халықаралық нөмірі) және ISO 9362: BIC (Bank Identifier Codes – банктік сәйкестендіру кодтары) халықаралық стандарттары ендірілді. Қаржылық қоғамдастықта кеңінен пайдаланылатын банк деректемелерінің стандарттарын қолдану Қазақстанның төлем жүйелеріндегі банктерді және олардың клиенттерін сәйкестендіру жүйесін жетілдіруге, ішкі және халықаралық төлемдерді өңдеуді жеделдетуге, STP (Straight through processing – төлемді тура өңдеу) қағидатын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталды.


Төлем жүйелерінің жеке және заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіру нөмірлерін пайдалануға өтуін жүзеге асыру шеңберінде Ұлттық Банк Төрағасының 2010 жылғы 25 қарашадағы №96 өкімімен Ұлттық Банктің сәйкестендіру нөмірлерін пайдалануға өту бойынша және Қазақстан Республикасының төлем жүйелеріне сынақ жүргізу бойынша жұмыс тобын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сәйкестендіру нөмірлерін пайдалануға көшуге байланысты дайындық іс-шараларын жүргізу туралы» 2010 жылғы 29 қарашадағы № 101 қаулысы бекітілді.

Қазақстанның төлем жүйелерінің қауіпсіздігі мен сенімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк Астана қаласында Ұлттық Банктің жаңа Резервтік орталығын салу жұмысын жалғастырды. Осы жобаның мақсаты негізгі орталық (Алматы қаласы) орналасқан жерде кез келген сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда төлем жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының саммитін (ЕҚЫҰ Саммиті) табысты дайындау және 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда Астана қаласында өткізу үшін жағдайлар жасау мақсатында Ұлттық Банк ЕҚЫҰ Саммитін өткізу кезеңінде бөлшек банктік қызмет көрсетудің тиісті деңгейін, банкоматтардың, айырбастау пункттерінің үздіксіз жұмыс істеуін, Астана қаласында төлем карточкаларына қызмет көрсетуге қабылдау желілерін кеңейтуді қамтамасыз ету үшін банктермен Ынтымақтастық туралы меморандумды жасады.

Тұтастай алғанда, 2010 жылы Қазақстанның төлем жүйелері арқылы (5.1-сурет) 187,7 трлн. теңге (немесе 1 273,9 млрд. АҚШ долл.) сомасына 29,7 млн. транзакция жүргізілді. 2009 жылмен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 14,6% (3,8 млн. транзакция) ұлғайды, төлемдер сомасы 17,5% (28,0 трлн. теңге) өсті.

Қазақстанның төлем жүйелеріндегі төлемдер ағынының динамикасы



5.1. Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ)

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БААЖ-де 51¹⁸ пайдаланушы тіркелді, оның ішінде 39 банк және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті, Мемлекетаралық банк, Еуразия даму банкі, Ұлттық Банк, Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 6 ұйым.

2010 жылы БААЖ арқылы 184,5 трлн. теңге (немесе 1 251,8 млрд. АҚШ долл.) сомасына 11,5 млн. транзакция жүргізілді. 2009 жылмен салыстырғанда төлем саны 14,7%-ға (1 467,7 мың транзакцияға) ұлғайды, төлем сомасы 17,5%-ға (27,4 трлн. теңгеге) өсті. БААЖ-дегі төлемдер сомасының өсуі негізінен Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен операциялар бойынша төлемдер сомасының 33,3% ұлғаюына себепші болды.

2010 жылғы БААЖ-дегі бір төлем құжатының орташа сомасы 16,1 млн. теңгені құрап, 2009 жылмен салыстырғанда 2,4%-ға (382,5 мың теңгеге) ұлғайды. 2010 жылы БААЖ арқылы бір күнде орташа алғанда 740,8 млрд. теңге сомаға 46,0 мың транзакция өткен, бұл 2009 жылғы деңгейден саны бойынша 5,9 мың транзакцияға (14,7%) және сома бойынша 110,2 млрд. теңгеге (17,5%) көп.


Бұл ретте БААЖ, елдің жүйелік-маңызды төлем жүйесі арқылы қаржы секторының операциялары бойынша барынша ірі және мерзімді төлемдер жүргізіледі. Осыған байланысты бұл жүйе арқылы 2010 жылы елдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы сомасынан 98,3% және олардың жалпы санынан 38,6% жүргізілді. БААЖ арқылы негізінен Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен (БААЖ-де төлемдердің жалпы көлемінің 47,8%-ы), банкаралық депозиттермен және банктер мен олардың клиенттерінің меншікті қаражатының аударымдарымен (тиісінше 25,8%) операциялар бойынша, сондай-ақ шетел валютасымен және қымбат металдармен операциялар бойынша (10,7%) төлемдер жүргізілді. 2010 жылы тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін төлемдер көлемі жалпы төлемдер көлемінің 7,2%-ын, ал бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер көлемі тиісінше 4,0%-ды құрады.

Жүйедегі өтімділіктің орташа күндік көлемі (пайдаланушылардың ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру үшін жүйеге аударған ақша сомасы) 2010 жылы 732,4 млрд. теңге болды, 2009 жылмен салыстырғанда 26,7% (154,1 млрд. теңгеге) ұлғайды. Тұтастай алғанда 2010 жылы БААЖ-дегі пайдаланушылардың өтімділігінің орташа күндік көлемі төлемдердің орташа күндік төлемінің 98,9% болды, бұл жүйені пайдаланушылардың төлемдерді жүргізуге арналған өтімділікті жеткілікті түрде қамтамасыз етуін сипаттайды. БААЖ-дегі

¹⁸ ҚБЕО сайтында 50 пайдаланушы + ҚБЕО КП бар.

орташа күндік ақша айналымдылығының коэффициенті¹⁹ (ААК) 1,02, ақша өтімділігінің коэффициенті²⁰ (АӨК) - 1,39 болды, бұл кредиттік, өтімділік және жүйелік тәуекелдері аз болып табылатын мәндерге сәйкес келеді.

5.1.1-сурет



Төлем жүйелерін тиімді дамыту көрсеткіштерінің бірі төлем жүйелері жұмысының (жұмыс істеу қабілетінің) үздіксіздігінің жоғары коэффициентін²¹ ұстап тұру болып табылады. 2010 жылы БААЖ жұмыс істеу қабілетінің коэффициенті 99,34% болды, бұл көрсетілген төлем жүйесінің жоғары жұмыс істеу тиімділігін көрсетеді.

5.2. Банкаралық клиринг жүйесі

Банкаралық клиринг жүйесінде қатысушылар саны 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 39 болды, оның 33-і банк, Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті, Ұлттық Банк, Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы (3 шот – зейнетақы төлемдеріне, әлеуметтік аударымдарға және әлеуметтік төлемдерге арналған) және «Қазпочта» АҚ.

2010 жылы Банкаралық клиринг жүйесі арқылы 3 253,5 млрд. теңге (немесе 22,1 млрд. АҚШ долл.) сомаға 18,3 млн. төлем құжаты өткізілді. 2009 жылмен салыстырғанда клиринг жүйесіндегі құжаттардың саны 14,5%-ға ұлғайды (2,3 млн. құжатқа), төлемдер сомасы 18,6%-ға (511,2 млрд. теңгеге) өсті. Клиринг жүйесіндегі төлемдердің жалпы көлемінің ұлғаюы негізінен тауарлар және материалдық емес активтер үшін есеп айырысулар бойынша төлемдер көлемінің 24,4% және көрсетілген қызметтің 18,0% өсуіне себепші болды.

Банкаралық клиринг жүйесіндегі бір төлем құжатының орташа сомасы 2009 жылмен салыстырғанда 3,6%-ға (6,2 мың теңгеге) ұлғая отырып, 2010 жылы 178,3 мың теңгені құрады. 2010 жылы орташа алғанда клиринг жүйесі арқылы бір күнде 13,1 млрд. теңге сомаға 73,3 мың құжат өтті, бұл 2009 жылғы деңгейден төлемдер саны бойынша 9,3 мың транзакцияға (14,5%) және төлемдер сомасы бойынша 2,1 млрд. теңгеге (18,6%) көп.

Банкаралық клиринг жүйесіндегі тәуекелдерді басқару және ақша айналымдылығын талдау мақсатында ақша айналымдылығы коэффициентінің (ААК) есебі қолданылады. 2010 жылы орташа күндік ААК 5,33 болды, бұл жүйедегі жоғары ақша айналымдылығын сипаттайды. Бұл ретте 2009 жылы осы көрсеткіш 5,28 болды. Пайдаланушылардың клиринг нәтижелері бойынша таза позициясының орташа күндік сомасы 2010 жылы 2,6 млрд. теңге

¹⁹ Ақша айналымдылығының коэффициенті БААЖ-гі дебет айналымының жүйе өтімділігіндегі қатынасына тең.

²⁰ Ақша өтімділігінің коэффициенті жүйе өтімділігінің (барлық пайдаланушылардың кіріс қалдықтары) БААЖ-дегі дебет айналымының сомасына және БААЖ-да орындалмаған (қайтарып алынған) төлемдеріне қатынасына тең.

²¹ Төлем жүйесінің бір жылғы жұмыс қабілеттілігінің коэффициенті төлем жүйесінің нақты жұмыс уақытының (төлем жүйесі тоқтатылған уақыт кезеңін қоспағанда, төлем жүйесінің операциялық күні ашылғаннан бастап операциялық күні жабылғанға дейінгі уақыт кезеңі) жалпы жұмыс уақытына (төлем жүйесінің операциялық күні ашылғаннан бастап операциялық күні жабылғанға дейінгі уақыт кезеңі) қатынасы ретінде есептеледі.

(БААЖ-де пайдаланушылардың орташа күндік айналымдар сомасынан 0,35%) болды, бұл БААЖ арқылы таза позицияларды есептеу кезінде өтімділік тәуекелінің төмендеуіне ықпал етеді.

Клиринг жүйесінде төлемдерді есептеу нетто (таза) негізде күніне бір рет жүзеге асырылады, бұл ретте төлемдерді өңдеуге арналған тарифтер БААЖ-ға қарағанда біршама төмен. Сондықтан клиринг жүйесінде 5 млн. теңгеге дейін төлем сомасымен бөлшек төлемдер жүргізіледі. Мәселен, 2010 жылы осы жүйе арқылы барлық қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы санынан 61,4% және жалпы көлемінен 1,7% өңделді. Осы жүйедегі төлемдердің негізгі көлемі тауарлар және материалдық емес активтер үшін есеп айырысулар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің төлемдеріне (жүйедегі төлемдердің жалпы көлеміндегі үлесі 33,5% болды), көрсетілген қызметке (үлесі – 27,3%), сондай-ақ бюджетке төлемдер (салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер төлеу) және бюджеттен төлемдерге (үлесі – 20,4%) тиесілі. 2010 жылы клиринг жүйесінің жұмыс істеу қабілетінің коэффициенті 99,77% болды, бұл осы жүйе жұмысының жоғары тиімділігін көрсетеді.

5.3. Төлем құралдары

2010 жылы банктер және «Қазпочта» АҚ төлем құралдарын²² пайдалана отырып (5.3.1-кесте) 122,0 трлн. теңге (немесе 828,2 млрд. АҚШ долл.) сомаға 188,0 млн. транзакция жүргізді.

5.3.1-кесте

Төлем құралдарын пайдалану туралы мәліметтер

(мың транзакция және млрд. теңге)

Төлем құралы		2009 жыл		2010 жыл		Өзгеруі (%-бен)
		абс. мәні	жалпы көлемінен %-бен	абс. мәні	жалпы көлемінен %-бен	
Төлем тапсырмасы ²³	Саны	39 052,9	23,8%	46 656,1	24,8%	19,5%
	Сомасы	82 791,4	92,0%	114 604,7	93,9%	38,4%
Төлемдік талап-тапсырма	Саны	209,9	0,1%	207,9	0,1%	-1,0%
	Сомасы	372,6	0,4%	820,4	0,7%	120,2% (2,2 есе)
Инкассалық өкім	Саны	357,9	0,2%	861,9	0,5%	140,8% (2,4 есе)
	Сомасы	287,2	0,3%	523,2	0,4%	82,2%
Төлем карточкалары	Саны	118 076,5	72,1%	136 322,2	72,5%	15,5%
	Сомасы	2 649,6	2,9%	3 347,3	2,7%	26,3%
Басқа да құралдар ²⁴	Саны	6 077,7	3,7%	3 925,0	2,1%	-35,4%
	Сомасы	3 875,5	4,3%	2 738,0	2,2%	-29,4%
Жалпы қорытынды	Саны	163 775,0	100,0%	187 973,1	100,0%	14,8%
	Сомасы	89 976,3	100,0%	122 033,6	100,0%	35,6%

²² МЗТО, Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетін, Ұлттық Банкті, Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының Кастодиан Банкін, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ын, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ын, Мемлекетаралық банкті, Еуразия Даму банкін, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ-ын қоспағанда, клиенттердің жүргізілген банк ішіндегі және банкаралық төлемдері және банктердің және «Қазпочта» АҚ меншікті операцияларының төлемдері бойынша төлем құжаттары ескеріледі.

²³ Банктер және «Қазпочта» АҚ клиенттерінің төлем тапсырмалары, сондай-ақ банктердің және «Қазпочта» АҚ-ның меншікті операциялары бойынша төлем тапсырмалары ескеріледі.

²⁴ Басқа да төлем құралдарына тауарлар мен қызмет көрсету үшін есеп айырысуға арналған чектер, орындалған аккредитивтер және банк шотын тікелей дебеттеу кіреді.

Көрсетілген төлем құралдарынан Қазақстанның аумағында барынша таратылғаны төлем тапсырмалары (жоғарыда көрсетілген төлем құралдарын пайдалана отырып қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы санынан 24,8%) және төлем карточкалары (тиісінше 72,5%) болып табылады. Ең аз үлес төлемдік талап-тапсырмаларға (төлемдердің саны бойынша 0,1% және көлемі бойынша 0,7%) және инкассалық өкімдерге (төлемдердің саны бойынша 0,5% және көлемі бойынша 0,4%) тиесілі.

2009 жылмен салыстырғанда пайдаланылған төлем құралдарының саны 24,1 млн. транзакцияға (14,8%) ұлғайды, сомасы 32,0 трлн. теңгеге (35,6%) өсті. Төлемдер көлемінің ұлғаюына төлем тапсырмаларын пайдалана отырып, төлем сомаларының 31,8 трлн. теңгеге (38,4%) ұлғаюы себепші болды. Бұл ретте бір төлем тапсырмасының орташа сомасы 2009 жылмен салыстырғанда 15,9%-ға ұлғайды және 2010 жылы 2,5 млн. теңге болды. Төлемдер санының жалпы өсуі негізінен төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар санының 18,2 млн. транзакцияға (15,5%-ға) ұлғаюымен сипатталады.


Төлем карточкалары. Қазақстан төлем карточкаларының нарығы Қазақстандағы қаржы нарығының анағұрлым тез дамиды және болашағы бар сегменттерінің бірі болып табылады. Нарықта қызмет көрсетудің ауқымды аясы бар және әр түрлі карточкалық бағдарламалардың айтарлықтай саны ұсынылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда орта есеппен алғанда 2 адамға бір төлем карточкасы тиесілі.

Төлем карточкаларын шығаруды Қазақстан Республикасының 20 банкі және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырады. Бұл ретте төлем карточкаларының нарығында VISA International, Europay International, American Express International, Diners Club International және China Union Pay сияқты халықаралық төлем карточкалары ұсынылды. Жергілікті өнімдерге Altyn Card («Қазақстан Халық Банкі» АҚ эмитенті), SmartAlemCard карточкалары («БТА Банк» АҚ) және «Ситибанк Қазақстан» АҚ жергілікті карточкалары жатады.

Қазақстандық банктер және «Қазпочта» АҚ эмиссиялаған және таратқан төлем карточкаларының жалпы саны 2011 жылғы 1 қаңтарда 8,4 млн. бірлік болды, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 10,2% немесе 777,1 мың бір. артық (5.3.1-сурет). Бұл ретте осы карточкаларды ұстаушылар саны өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 9,5% ұлғайып, 7,8 млн. адам болды. Бұрынғысынша, елде барынша танымал карточкалар Visa International және Europay International халықаралық төлем жүйелерінің карточкалары болып табылады, олардың үлесі айналыстағы карточкалардың жалпы санының 97,8%-ын құрайды. Қазіргі уақытта Visa International карточкаларын Қазақстан тұрғындарының 35,2%-ы пайдаланады. Жергілікті карточкалардың арасында Altyn Card және SmartAlemCard жүйесінің карточкалары барынша таратылған, олардың үлесіне айналыстағы карточкалардың жалпы санының 1,0%-ы тиесілі.

5.3.1-сурет

Айналыстағы төлем карточкаларының саны




2011 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын 10 721 сауда кәсіпорны жұмыс істейді, бұл 2010 жылғы 1 қаңтарда белгіленген олардың

санынан 6,3% немесе 632 бірлікке артық. Бұл ретте осы кәсіпкерлер төлем карточкаларына қызмет көрсетуге арналған жабдықты 16 528 сауда нүктесіне орналастырды (11,6% немесе 1 713 бірлікке өсу).

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі мынадай түрде берілген: 7 605 банкомат (01.01.2010 жылғы ахуалмен салыстырғанда өсуі – 9,3% немесе 644 бірлік), 25 914 Pos-терминалы (13,1% немесе 3 001 бірлікке өсу) және 711 импринтер (14,4% немесе 120 бірлікке төмендеу) (5.3.2-сурет).

5.3.2-сурет

2010 жылы кәсіпкерлердің және төлем карточкаларына арналған жабдық санының өзгеру динамикасы



2010 жылы Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген транзакциялар көлемі 3 347,3 млрд. теңге (22,7 млрд. АҚШ долл.) сомаға 136,3 млн. транзакция болды. 2009 жылмен салыстырғанда транзакциялар саны 15,5% (18,2 млн. транзакция), ал сомасы – 26,3% (697,6 млрд. теңге) ұлғайды.

Бұл ретте қазақстандық эмитенттердің карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар саны 2009 жылмен салыстырғанда саны бойынша 13,4%-ға және сомасы бойынша 25,2%-ға ұлғайып, 2 936,1 млрд. теңге сомаға 110,8 млн. транзакция болды. Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып тауарлар және қызмет көрсетулер үшін қолма-қол жасалмайтын төлемдер 2009 жылмен салыстырғанда саны бойынша 25,4%-ға және сомасы бойынша 34,9%-ға ұлғайып, 411,1 млрд. теңге сомаға 25,6 млн. транзакция болды.

VI. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ

Төлем жүйелері саласында қаржы және банк заңнамасын, валюта заңнамасын жетілдіру мақсатында 2010 жылы Ұлттық Банк мыналарды әзірледі:

1) Мемлекет басшысы 2011 жылғы 17 қаңтарда қол қойған «Жеке тұлғалардың кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қолма-қол валютаны Қазақстан Республикасына әкелудің және Қазақстан Республикасынан әкетудің қаржы мониторингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының 06.12.2010 жылғы №20-29/П-1265, 002-881(1.38-т.), И-632 (1.2-т.)

тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының 2010 жылғы 13 желтоқсанда өткен 235-ші отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қолма-қол валютаны Қазақстан Республикасына әкелудің және Қазақстан Республикасынан әкетудің қаржы мониторингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында көзделген түзетулерді қосу туралы мәселе қаралды және мақұлданды:

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы, ол қазіргі уақытта Парламенттің қарауында жатыр (әзірлеуші – Қаржы министрлігі);

- «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы, оны әзірлеу 2011 жылға жоспарланды. Осы жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2011 жылға арналған жоспарында көзделген (наурыз, сәуір, маусым). Әзірлеуші – Ұлттық Банк;

2010 жыл бойы Ұлттық Банк әзірлеген және қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінде жатқан «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электрондық ақша мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын пысықтау жөнінде белсенді жұмыс жүргізілді.

Сондай-ақ мынадай заң жобаларын қарау кезінде белсенді жұмыс жүргізілді:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша тәуекелдерді азайту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

3) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ипотекалық кредиттеу және қаржы қызметін тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

4) «Қазақстан Республикасы мен Еуропа Инвестициялық Банкі арасындағы Еуропа Инвестициялық Банкінің Қазақстан Республикасындағы қызметін реттейтін негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

5) «Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Сегізінші қосымша хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

6) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау және қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

7) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік органдардың құзыретін заңнамалық және (немесе) заң аясындағы деңгейлерде бекітіп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;

8) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Көрсетілген кезеңде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген және жаңадан қабылданған заңнамалық актілерін іске асыру мақсатында Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Президент Жарлығының жобасын әзірледі (2010 жылғы 24 ақпанда қабылданды).

Сонымен қатар 2010 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлеген «Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасымен жұмыс жүргізілді.

Есепті кезеңнің ішінде мыналар қаралып, қорытындылар берілді:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары келісуге ұсынған 111 Заң және Президент Жарлықтарының жобаларын, оның ішінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Мемлекеттік монополия туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын қарау кезінде белсенді жұмыс жүргізілді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімдерінің, басқа мемлекеттік органдар әзірлеген басқару және басқа да құқықтық актілердің 141 жобасы бойынша;

ҚҚА нормативтік құқықтық актілерінің 65 жобасы бойынша, оның ішінде ҚҚА Басқармасының қарауына енгізілетін материалдар бойынша;

мемлекеттік органдар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың хатшылығы келісуге жіберген халықаралық ынтымақтастық саласындағы халықаралық шарттар мен басқа құжаттардың 62 жобасы бойынша.

2010 жылы Әділет министрлігінде Ұлттық Банктің 24 нормативтік құқықтық актісі тіркелді:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 шілдедегі № 66 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 30 қарашадағы № 105 қаулысы;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 қарашадағы № 107 қаулысы;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 27 қазандағы № 106 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 қарашадағы № 108 қаулысы;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 14 қазандағы № 122 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 30 қарашадағы № 109 қаулысы;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 15 қыркүйектегі № 108 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 117 қаулысы;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жекелеген қаржы ұйымдарының қаржылық есептілік тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 25 мамырдағы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 121 қаулысы;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы» 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 122 қаулысы;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысы;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қызметінің айрықша түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері туралы» 2009 жылғы 16 шілдедегі № 63 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 6 қаулысы;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктердің арасында, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 25 қарашадағы № 428 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 15 қаулысы;

11) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Электрондық терминалдар мен қашықтан кіру жүйелері арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдары бойынша мәліметтерді ұсыну тәртібі, нысандары және мерзімдері туралы ережені бекіту жөнінде» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 16 қаулысы;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 18 қаулысы;

13) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің және ипотекалық ұйымдардың Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған Есепшоттары толық көрсетілген бухгалтерлік есептің үлгі есепшот жоспарын бекіту туралы» 2002 жылғы 30 шілдедегі № 274 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 19 қаулысы;

14) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық ұйымдардағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» 2002 жылғы 30 шілдедегі № 275 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 20 қаулысы;

15) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы» 2004 жылғы 10 қарашадағы № 140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 21 қаулысы;

16) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Монетарлыққа жататын қызметті айқындау туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы № 153 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 27 қаулысы;

17) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» 2010 жылғы 21 мамырдағы № 42 қаулысы;

18) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 шілдедегі № 66 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 21 мамырдағы № 43 қаулысы;

19) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 21 мамырдағы № 50 қаулысы;

20) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында заңды және жеке тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 467 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 25 маусымдағы № 61 қаулысы;

21) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы» 2010 жылғы 25 маусымдағы № 62 қаулысы;

22) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Уәкілетті банктердің ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздері бойынша есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде» 2005 жылғы 29 қазандағы № 135 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 26 шілдедегі № 64 қаулысы;

23) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сәйкестендіру нөмірлерінің мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 20 тамыздағы № 76 қаулысы;

24) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына төлемдер жөнінде мәліметтер беру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдары тәсілдері бойынша төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және ұсыну мәселелері бойынша кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы» 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 78 қаулысы.

VII. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

7.1. Халықаралық ынтымақтастық

2010 жылғы 28-29 мамыр аралығында Ұлттық Банк Алматы қаласында аймақтың орталық банктері басшыларының қатысуымен Орта Азия, Қара теңіз аймағы және Балқан елдері Орталық Банктерінің Басқарушылар Клубының 23-ші отырысын өткізді.

Орталық Банктер Басқарушылар Клубының отырысы табысты өтті және Клуб мүшелеріне ақша-кредит саясатын жүргізу және ғаламдық қаржы тұрақсыздығы жағдайында қабылданатын шаралар мәселелері бойынша интерактивті тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

2010 жылғы 9-10 желтоқсанда Санья қ. (ҚХР) Қытай Халық Банкі Төрағасының орынбасары Ма Дэлун мырзаның және Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Б.Ш. Тәжіяқовтың төрағалық етуімен Қазақстан-Қытай Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі шағын комитетінің 6-шы отырысы өтті.

Отырысқа Қазақстан тарапынан Ұлттық Банктің, ҚҚА-ның, АӨҚОҚРА-ның, «Ұлттық Банктің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК-ның, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-ның, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның, «БТА Банк» АҚ-ның, «Қытайдың Алматы қ. сауда-өнеркәсіп банкі» АҚ-ның және «Қытайдың Қазақстандағы банкі» ЕБ АҚ-ның өкілдері қатысты.

Шағын комитет отырысының барысында Қазақстан және Қытай тараптары бірқатар өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады, олардың көпшілігі бойынша өзара түсіністікке және бірыңғай пікірге қол жеткізді, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың қаржы топтары арасындағы байланыстардың одан әрі перспективалық дамуына арналған бағыттарды айқындады.

Шағын комитет шеңберінде Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының қаржы-экономикалық жағдайының ағымдағы ахуалы туралы, ұлттық валюталармен есеп айырысу туралы және «Қорғас» халықаралық шекара маңындағы ынтымақтастық орталығындағы ынтымақтастық туралы мәселелер, юаньмен жүргізілетін Fogex операциялары және олар бойынша өзара есеп айырысулар саласындағы, екі елдің төлем жүйелерінің өзара іс-әрекет жасау мүмкіндіктері туралы, банк карталарын пайдаланумен есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде ынтымақтастықты кеңейту туралы, қор нарықтарының қызметін реттейтін органдардың өзара іс-әрекеті туралы, сақтандыру нарығын дамыту туралы мәселелер қаралып, талқыланды.

Отырыс қорытындылары бойынша көрсетілген отырыс барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды уақтылы және тиімді іске асыру мақсатында Қазақстан-Қытай Қаржы ынтымақтастығы жөніндегі шағын комитетінің 6-шы отырысының Хаттамасын іске асыру бойынша жұмыс жоспары әзірленді, сондай-ақ «Қорғас» халықаралық шекара маңындағы ынтымақтастық орталығындағы ынтымақтастық жасауға байланысты мәселелерді, екі елдің төлем жүйелерінің өзара іс-әрекет жасауын, сондай-ақ Тараптардың ұлттық валюталарымен есеп айырысуларын талқылау үшін Тараптардың коммерциялық банктерінің қатысуымен орталық банктер арасындағы жұмыс тобының құрамы қалыптастырылды.

2010 жыл бойы Ұлттық Банк ШЫҰ Арнайы шотының жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары туралы ұсыныстарды келісу бойынша жұмыс жүргізді. 2010 жылғы 15-16 қарашада Пекин қаласында ШЫҰ Арнайы шотын қалыптастыру мәселелері және жұмыс істеу қағидаттары бойынша Сараптамалық жұмыс тобының кезекті отырысы болып өтті. Кездесу барысында Тараптар ШЫҰ дамыту қорын қалыптастыру тәртібі және жұмыс істеу қағидаттары туралы ұсыныстардың 2009 жылғы 20 тамыздағы жобасын талқылады. Отырыс барысында қатысушылар Ұсыныстардың жобасы бойынша пікір алмасты, сондай-ақ ШЫҰ Арнайы шотын қалыптастыру және жұмыс істеу мәселелері бойынша Ресей тарапы

ұсыныстарының жобасын талқылады және 2011 жылғы 1-тоқсанның ішінде ШЫҰ Арнайы шотын қалыптастыру және жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарына ұсыныстар әзірлеу жөніндегі сараптамалық жұмыс тобының кезекті отырысын өткізуге уағдаласты.

2010 жылы Ұлттық Банк Төрағасының 25 сапары және Ұлттық Банк Төрағасы орынбасарларының 15 сапары ұйымдастырылды.

Халықаралық рейтинг агенттіктерімен ынтымақтастық. 2010 жылғы 20 – 21 қыркүйек аралығындағы кезеңде «Fitch» халықаралық рейтингтік агенттігі талдаушыларының Алматы қаласына сапары болды. Осы кезеңде «Fitch» талдаушыларының Ұлттық Банктің, ҚҚА-ның, «Тройка Диалог» АҚ-ның, «Baker McKenzie» компаниясының басшылығымен, Еуропа Қайта құру және Даму Банкінің Қазақстан Республикасындағы Өкілдігінің басшылығымен кездесулері ұйымдастырылды.

2010 жылғы 3 – 5 қараша аралығындағы кезеңде Standard&Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі талдаушыларының Алматы қаласына сапары болды. Осы кезеңде Standard&Poor's талдаушыларының Ұлттық Банктің, ҚҚА-ның, «Халық Банк» АҚ-ның, «Еуразия Даму Банкі» АҚ-ның басшылығымен кездесулері ұйымдастырылды.

2010 жылғы 10 – 11 қараша аралығындағы кезеңде Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі талдаушыларының Алматы қаласына сапары болды. Осы кезеңде Moody's талдаушыларының Ұлттық Банктің, ҚҚА-ның, «АТФ Банк» АҚ-ның басшылығымен кездесулері ұйымдастырылды.

Ұлттық Банктің Standard & Poor's, Moody's Investors Service, Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттіктерімен ынтымақтастығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарына мынадай ақпарат берілді:

1) «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасауды, бағалауды және рейтингтер беруді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен, агенттіктермен және өзге де институттармен өзара іс-қимыл жасау туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 12 маусымдағы № 162-ө Өкімін орындау шеңберінде;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 1143 қаулысымен бекітілген Халықаралық рейтингтік агенттіктермен жұмыс жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес;

3) «Халықаралық рейтингтік агенттіктеріне ақпарат ұсыну көрсеткіштері мен нысандарының тізбесін бекіту туралы» Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 121, Қаржы министрінің 2008 жылғы 14 маусымдағы № 330, Ұлттық Банк Төрағасының 2008 жылғы 5 тамыздағы № 228, Статистика агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 9 маусымдағы № 120, ҚҚА Төрағасының 2008 жылғы 1 тамыздағы № 311 бірлескен бұйрығына сәйкес.

ТМД елдерімен ынтымақтастық. 2010 жылғы 1-2 қарашада Санкт-Петербург қаласында Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссияның кезекті 12-ші отырысы өткізілді, оған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының орталық (ұлттық) банктерінің және банктерінің, ҚҚА-ның, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның, «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның, «Ұлттық Банктің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК-ның, сондай-ақ Еуразия даму банкінің, Мемлекетаралық банктің, Ресей банктері қауымдастығының, Ресейдің аймақтық банктері қауымдастығының, Мәскеу банкаралық валюта биржасының, «Ұлттық сақтандыру гильдиясы» коммерциялық емес әріптестіктің өкілдері қатысты.

Шағын комиссия отырысы барысында Қазақстан және Ресей тараптары бірқатар өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады, олардың көбі бойынша өзара түсіністік пен бірыңғай пікірге қол жеткізді, сондай-ақ Қазақстан және Ресей қаржы топтарының арасындағы байланыстардың бұдан әрі перспективалық дамуы үшін бағыттар айқындалды.

Шағын комиссия шеңберінде Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының 2008-2010 жылдардағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайындағы банк жүйелері туралы, халықаралық резервтердің динамикасы және Ресей Федерациясының Орталық банкі мен Ұлттық Банктің шетел валютасындағы өтімділігі туралы, Қазақстан мен Ресейдің төлем баланстарының екі жақты деректерін қамтуды жақсарту және оның шынайылығы бойынша өзара іс-қимыл туралы, мемлекетаралық төлемдерді жүргізуді жетілдіру және ТМД елдерінің ортақ төлем-есеп айырысу жүйесін құру мүмкіндігі мәселелері қаралды және талқыланды.

Отырыстың қорытындылары бойынша осы отырыс барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды уақтылы және тиімді іске асыру мақсатында Шағын комиссияның 12-ші отырысының хаттамасын іске асыру бойынша жұмыс жоспары әзірленді, сондай-ақ қазіргі кезде Ұлттық Банктің, ҚҚА, АӨҚОҚРА өкілдерінен және қаржы нарығына қатысушылардан ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарын айқындау және Ресей Федерациясымен ынтымақтастық барысында туындайтын проблемалық мәселелерді шешу үшін жұмыс тобының құрамы қалыптастырылуда.

ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті және Кеден одағының комиссиясы. 2010 жыл ішінде Ұлттық Банк ЕурАзЭҚ және Кеден одағы шеңберінде жұмыс жүргізді.

Ұлттық Банк Кеден одағының қалыптасуына байланысты бірқатар келісімдер, шарттар және басқа нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеуге, келісуге және іске асыруға қатысты.

Қажет болған кезде Ұлттық Банк өкілдері Кеден одағы комиссиясының отырыстарына, сол сияқты Ұлттық Банктің құзыретіне қатысты Кеден одағының шеңберінде шарттар мен келісімдерді әзірлеу бойынша сараптамалық мәжілістерге және жұмыс тобының отырыстарына қатысты.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Бірыңғай экономикалық кеңістігін қалыптастыру бойынша іс-қимылдар жоспарына сәйкес Ұлттық Банк төмендегі келісімдерді әзірлеу мен келісуге қатысты: Валюталық саясаттың келісілген қағидаттары туралы келісім, Келісілген макроэкономикалық саясат туралы келісім, Капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін қаржы нарығында жағдайлар жасау туралы келісім, Қызмет көрсету саудасы мен инвестициялар туралы келісім. Бұл келісімдерге 2010 жылғы 9 желтоқсанда ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесі (Кеден одағының жоғарғы органы) барысында мемлекет басшылары деңгейінде қол қойылды.

2010 жыл ішінде Ұлттық Банк ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесі шеңберінде жұмыс жүргізді. Ұлттық Банктің өкілдері сарапшылардың кеңесіне (2010 жылғы 12 - 13 мамыр, Душанбе қ-сы) және ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшылары кеңесінің 22-ші отырысына (2010 жылғы 8 – 9 шілде, Душанбе қ-сы) қатысты.

2010 жылғы 14-15 қазанда Алматы қаласында Ұлттық Банк ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшылар кеңесінің 23-ші отырысына материалдар дайындау жөніндегі сарапшылардың кеңесін ұйымдастырып, өткізді.

2010 жылғы 29 қарашада Алматы қаласында Ұлттық Банк ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшылары кеңесінің 23-ші отырысын ұйымдастырды және өткізді.

Отырыс барысында ТМД қатысушы мемлекеттердің арасында тауар айналымына қызмет көрсету үшін есеп айырысу валюталары ретінде ұлттық валюталарды пайдалану мүмкіндігін зерделеу бойынша сараптамалық топтардың жұмыс нәтижесі туралы, ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің 2008-2010 жылдардағы валюталық саладағы ынтымақтастығы тұжырымдамасының II-кезеңін іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау барысы және Іс-шаралар жоспарының келесі кезең бойынша ұсыныстары туралы ақпаратпен алмасу жүргізілді.

Еуразия экономикалық қоғамдастығына қатысушы мемлекеттердің ақша-кредит және валюталық саясатты жүргізу қағидаттары мен тетіктерін үйлестіру туралы келісімнің жобасы бойынша жұмыс барысы туралы мәселелерді талқылау қорытындылары бойынша Тараптар көрсетілген Келісімнің жобасын мақұлдау туралы шешім қабылдады, сол сияқты ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің Хатшылығына көрсетілген Келісімнің жобасын Қоғамдастық органдарының қарауына белгіленген тәртіппен енгізу ұсынылды.

Отырыс барысында ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін кәсіби оқыту бағдарламасы және ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерінің ЕурАзЭҚ-қа қатысушы мемлекеттердің валюталық саладағы ынтымақтастығы тұжырымдамасының III-кезеңін (2011-2012 жылдардағы) іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

2010 жыл ішінде Ұлттық Банк төмендегі құжаттар бойынша мемлекетішілік рәсімдер жүргізді:

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы (1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі, ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» ҚР Заңы 2010 жылғы 1 маусымда Астана қаласында қабылданды);

2010 жылы 5 шілдеде Астана қаласында қол қойылған Жеке тұлғалардың кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шартты ратификациялау бойынша;

2009 жылғы 11 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында қол қойылған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің капитал қозғалысына байланысты операцияларды реттеу және бақылау жөніндегі валюталық саясатының негізін құрайтын қағидаттар туралы келісімді ратификациялау бойынша.

2010 жылы Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасымен, Грузиямен, Моңғолиямен, Қырғыз Республикасымен жасалған халықаралық шарттарды, сондай-ақ ЕурАзЭҚ шеңберінде жасалған халықаралық шарттарды түгендеу жөніндегі жұмыс жүргізілді.

2010 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСРО мемлекеттерінің арасындағы 1992-1993 жылдардағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың нәтижесінде туындаған (корреспонденттік шоттарға өткенге дейін және кейін) берешектерді реттеу бойынша жұмыс жүргізді.

2010 жылы 21 мамырда Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы өзара қаржы міндеттемелерін реттеуге байланысты 3 772,6 мың теңге мөлшеріндегі ақша қаражатын баланстан тыс есептен шығару туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Әзірбайжан Республикасымен мемлекетаралық есеп айырысуларды реттеу туралы» № 46 қаулысы қабылданды.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық. Ұлттық Банк 2010 жылы Ұлттық Банкте Халықаралық қайта құру және даму банкі ашқан «А» шотына қызмет көрсету жөнінде жұмыс жүргізді.

2010 жылғы 25 мамыр – 8 маусым аралығында және 1-8 желтоқсан аралығында ағымдағы макроэкономикалық жағдайды және Қазақстан Республикасының экономикалық саясаты мәселелерін талқылау үшін МВҚ-ның өкілдері Қазақстан Республикасына екі рет сапармен келді. Сапарлар барысында миссияның Ұлттық Банктің басшылығымен және Ұлттық Банк бөлімшелерінің өкілдерімен кездесуі ұйымдастырылды. Миссияның жұмысы барысында сондай-ақ ақша-кредит саясаты және валюталық саясат, банк секторына қатысты саясат мәселелері, сондай-ақ құрылымдық реформалар саласындағы негізгі міндеттер қаралды.

Ұлттық Банк 2010 жылы Қазақстан Республикасының ХВҚ Бельгия шағын тобынан ХВҚ Швецария шағын тобына ауысу бойынша жұмысты жүргізді. Ауысу шеңберінде 2010 жылғы 3 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Үкіметі арасында Бреттон-Вуд мекемелеріндегі өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, сондай-ақ Ұлттық Банк ХВҚ-ның Атқарушы Директорларын сайлауға қатысты.

7.2. Ұлттық Банктің ақпараттық-түсіндіру қызметі

Ұлттық Банктің қызметі туралы жұртшылықты хабардар ету мақсатында 2010 жылы әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында (баспа басылымдарында, теледидарда, радио бойынша) кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүзеге асырылды. Ұлттық Банк Ұлттық Банктің алдына қойылған міндеттерге және мақсаттарға қол жеткізу жолдарына және стратегиялық жоспарларда, Президенттің Қазақстан халқына жолдауларында, Үкіметтің бағдарламаларында айқындалған басымдықтарды іске асыруға қатысты мәселелер бойынша халық үшін материалдарды дайындауды жүзеге асырды.

Ұлттық Банктің 2010 жылғы ақпараттық-түсіндіру жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды.

Республикалық және шетелдік БАҚ-тардағы жарияланымдар. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарын және қызметінің басқа мәселелерін түсіндіру мақсатында әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында (баспа басылымдарында, теле- радио арналарда, интернет-сайттарда) сөз сөйлеу арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді.

2010 жылы республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында Ұлттық Банкке жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға байланысты 1970 ақпараттық материал орналастырылды, оның ішінде: баспа басылымдарында – 1068, ақпарат агенттіктерінің таспаларында – 472, теледидар бағдарламаларының эфирінде және жаңалық блоктарында 430 сөз сөйлеулер мен бейне сюжеттер.

2010 жылы Ұлттық Банкке республикалық және шетелдік БАҚ-тан 100-ден астам сұрату келіп түсті, оларға жеткілікті түрде жауаптар дайындалды.

Ұлттық Банк ақпараттық-түсіндіру қызметтерінде орталық қоғамдық-саяси және іскерлік баспа БАҚ-қа ерекше орын береді, себебі олар Қазақстан Республикасында ақпарат таратудың ресми көзі болып табылады. Осы мақсаттар үшін Ұлттық Банк мемлекеттік және орыс тілдерінде «Ұлттық Банк хабарлайды, түсініктеме береді, түсіндіреді» арнайы беттерін жасауды ұсынды, 2010 жылы орталық қоғамдық-саяси және іскерлік БАҚ-та олардың шығарылуы жалғастырылды. Ұлттық Банк осы ақпарат алаңдарында халық үшін Ұлттық Банк қызметінің негізгі бағыттары және қаржы нарықтарының жұмысы жөніндегі мәселелерді түсіндіруін жалғастырды.

«Айқын» газетінде «Ұлттық Банк хабарлайды, түсініктеме береді, түсіндіреді» мемлекеттік тілде 6 бет, «Казахстанская правда» газетінде «Национальный Банк информирует, разъясняет, комментирует» орыс тілінде 6 бет жарияланды, оларда халыққа ақша-кредит саясатына, валюталық реттеуге, төлем жүйелеріне, Ұлттық қорға, ипотекалық кредиттеуге, алтынвалюта резервтеріне, ақша айналысына, банкноттарды алуға және түпнұсқалығын анықтауға қатысты мәселелер түсіндірілді.

Ұлттық Банк «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Заң газеті», «Юридическая газета», «Бюллетень государственных закупок» республикалық газеттерінде Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін, ресми хабарламаларды, мемлекеттік сатып алу туралы конкурстар туралы хабарландыруларды жариялады. Өткен кезеңде 78-тен астам хабарлама, оның ішінде нормативтік құқықтық актілер жарияланды.

Республикалық теле- және радиоарналармен жұмыс. Жүргізіліп жатқан экономикалық реформаларды түсіндіру және халықтың Қазақстан Республикасының қаржы жүйесіне сенімін нығайту, қаржы-экономикалық нарықтардағы жаңалықтар мен үрдістерді

көрсету мақсатында 2010 жылғы қаңтардан бастап Ұлттық Банктің «Территория теңге» апта сайынғы ақпараттық-талдау бағдарламасының «Хабар» агенттігінің эфирінен жаңа форматта шығуы жалғасты.

Бағдарлама ақпараттық-талдау сипатында болып табылады және қаржы-экономикалық нарықтардағы жаңалықтар мен үрдістерді жария етеді. Осы хабар қаржы секторын реформалау барысын жүйелі негізде жариялайды және елдің азаматтарына Мемлекет басшысының орта мерзімді кезеңге арналған мақсаттарға қол жеткізу бойынша жұмыстардың қалай жүріп жатқаны туралы хабарлайды.

Хабар мемлекеттік органдардың, Ұлттық Банктің, ҚҚА-ның және Үкіметтің макроэкономикалық саясатты жетілдіру мәселелері бойынша ілеспе және тиімді өзара іс-әрекетінің тұтас бейнесін көрсетеді.

Ұлттық Банктің «Территория теңге» телебағдарламасының негізгі қатысушылары, сарапшылары және комментаторлары Ұлттық Банктің, ҚҚА-ның, Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастығының, банктердің өкілдері, Парламенттің депутаттары, Үкіметтің, Президент Әкімшілігінің өкілдері, реттеуші мемлекеттік органдардың ресми өкілдері, банктік, зейнетақы, сақтандыру компанияларының, бағалы қағаздар нарығының топ-менеджерлері болып табылады.

2010 жылы бағдарлама эфирге 32 рет шықты (апта сайынғы қайталаумен).

Президенттің жыл сайынғы жолдауларында, Үкіметтің бағдарламалық құжаттарында үнемі ескерілетін халықтың қаржылық және инвестициялық сауаттылығын арттыру қажеттілігі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысының жоғары әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, 2010 жылы «Капитал әліппесі» ақпараттық-түсіндіру бағдарламасы «Қазақстан» ұлттық телеарнасының эфирінен аптасына 2 рет (қайталаумен) мемлекеттік және орыс тілдерінде Ұлттық Банктің өкілдерінің қатысуымен шығуды жалғастырды.

Осы бағдарлама 2010 жылы Ұлттық Банктің және қаржы ұйымдарының өкілдерінің сарапшы ретінде қатысуымен мемлекеттік және орыс тілдерінде 33 рет апта сайынғы қайталаумен шықты.

Ақпарат агенттіктерімен және Интернет-порталдармен жұмыс. Ұлттық Банк «Интерфакс-Қазақстан», «Қазақпарат», «Kazakhstan-Today», «Рейтер», «Dow Jones Newswires», «Блумберг», «АКИпресс» ақпарат агенттіктерімен белсенді жұмысты жалғастырды, интернет-сайттармен жұмыс белсенді жүргізілуде.

2010 жылы ақпарат агенттіктері Ұлттық Банктің қызметі туралы **472** материал шығарды.

Шетелдік және Қазақстанның БАҚ-пен жұмыс. Қазақстан Республикасының шетелдегі оң имиджін қалыптастыру, сондай-ақ ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарын және елдің қаржы жағдайын түсіндіру мақсатында шетелдік БАҚ-та Ұлттық Банктің 93-тен астам материалын жариялау ұйымдастырылды. Ұлттық Банктің басшылығы шетелдік жетекші баспа компанияларымен хат-хабар алмасу нәтижесі бойынша 19 жазбаша сұхбат берді.

Қазақстанның қаржы секторы және банк жүйесі туралы материалдар орналастыратын Қазақстанның БАҚ-на мониторинг жүзеге асырылды. Қазақстанның БАҚ-та мониторинг барысында 5 000-нан астам хабарламалар мен сюжеттер анықталды және талданды, «Ұлттық Банктің қызметі туралы БАҚ» 47 апталық шолу дайындалды, бұл БАҚ-та Ұлттық Банк туралы орналастырылатын ақпаратқа уақтылы ден қою және қажетті шешімдерді қабылдау мақсатында қадағалауға мүмкіндік береді.

Есепті кезең ішінде баспа және электрондық БАҚ-ның Қазақстанның банк жүйесіндегі ағымдағы оқиғалар туралы сұратулары бойынша Ұлттық Банк басшылығының және мамандарының 100-ден астам түсіндірмесі мен сұхбаты, БАҚ үшін Ұлттық Банк басшылығының қатысуымен 12 баспасөз-конференциясы және 4 брифинг ұйымдастырылды.

Есепті кезең ішінде Ұлттық Банктің: ресми қайта қаржыландыру ставкасын белгілеу туралы; қаржы нарығындағы ахуал туралы; ұлттық валютаның айырбастау бағамы туралы;

2009 жылғы төлем балансын алдын ала бағалау туралы; халықаралық резервтер және ақша базасы туралы; Ұлттық Банктің валюта нарығындағы жағдай туралы ресми хабарламасы жөнінде; кредит нарығын дамытудың сапалық өлшемдері туралы; уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің қатынасы туралы; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы; Банкнот фабрикасының басқарудың интеграцияланған жүйесіне өтуі туралы; басқа мәселелер туралы 30 баспасөз релизі жарияланды.

Ұлттық Банктің баспа басылымдарын шығару. Шетелдік және республикалық мемлекеттік және қаржылық құрылымдарды ақша-кредит саясатының статистикалық деректері, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері, талдама материалдар туралы хабардар ету мақсатында Ұлттық Банктің мерзімді ресми басылымдарын шығару жүзеге асырылды, оларды жариялау 2010 жылы жалғастырылды: Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы/Вестник Национального Банка Казахстана, Статистикалық Бюллетень/Статистический Бюллетень, Statistical Bulletin, Қазақстан Республикасының Төлем балансы/Платежный баланс и внешний долг Республики Казахстан, Экономикалық Шолу/Экономическое Обозрение, Инфляцияға шолу/Обзор инфляции, Inflation report, қазақ/орыс және ағылшын тілдерінде Ұлттық Банктің жылдық есебі, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Қазақстанның қаржы тұрақтылығы туралы есеп, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің жинақтары.

Аумақтық филиалдармен жұмыс Есепті кезеңде аумақтық филиалдардың аймақтық БАҚ-пен жұмысына назар аударылды. 2010 жылы Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары 2265 хабарлама орналастыруды ұйымдастырды: оның ішінде баспасөзде жариялау - 1411, теледидарда – 540, радиода – 167, өткізілген PR-акциялар – 147.

VIII. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ

2010 жылы Ұлттық Банк қаржы ұйымдары мен арнайы қаржы компаниялары үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді және әдістемелік ұсынымдарды бұдан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Атап айтқанда, инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерін бухгалтерлік есепке алуын жүргізу тәртібі белгіленді.

Қаржы министрінің бұйрығымен және Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бірлесіп бекітілген қаржы ұйымдарының және нақты сектор ұйымдарының валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын қолдану тәртібі жетілдірілді.

Клиенттерден алынған ақша қаражатын ХҚЕС сәйкес брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік балансында тану бөлігінде 33 «Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» бухгалтерлік есеп стандартына өзгерістер енгізілді.

Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің Үлгі шот жоспарына өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің үлгі шот жоспары жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған номиналды кірістілік көрсеткіші мен кірістіліктің ең аз мәні арасындағы айырманы өтеу бойынша талаптар мен міндеттемелерді, ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдарымен және т.б. мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелерді есепке алуға арналған жаңа шоттармен толықтырылды. Банктердің үлгі шот жоспары бойынша бағалы қағаздар бойынша алдыңғы

ұстаушылар есептеген сыйақы шоттарын алып тастау, есептік санатына қарай бағалы қағаздар бойынша резервтердің (провизиялардың) жеке шоттарын енгізу және банктер мен ипотекалық ұйымдар жасайтын операцияларды көрсету тәртібін жетілдіруге байланысты басқа өзгерістер көзделген, сол сияқты есептік санатына қарай бағалы қағаздар бойынша резервтердің (провизиялардың) қайта енгізілген жеке шоттарын нақтылау көзделген.

Банктер мен ипотекалық ұйымдардың Бас бухгалтерлік кітапты жүргізу және бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру тәртібін жетілдіру мақсатында нақтыланған шоттар бойынша Бас бухгалтерлік кітапты жасауға талаптардың және өзектілігін жоғалтуға байланысты Ұлттық Банк Басқармасының бірқатар қаулыларының күші жойылды.

Оған қоса, 2010 жыл ішінде ХҚЕС және ҚҚА банктер үшін талаптарында көзделген қаржы активтерінің құнсыздануына резервтерді (провизияларды) есептеу әдістері арасындағы айырманы реттеу бойынша жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Ұлттық Банк арнайы шотта пайда болатын айырманы банктер бухгалтерлік есептің автоматтандырылған жүйесіндегі шығыстар есебінен резервтерді (провизияларды) ХҚЕС талаптарына сәйкес келетін мөлшерде ғана жасауы үшін капитал бөлігінде ескеруді ұсынды. Бұл тәсіл ХВҚ, ХҚЕС бойынша кеңес және «үлкен төрттік» аудиторлық компаниялары өкілдерінің пікірін ескере отырып жасалды. Банктер үшін тиісті түсіндірулер әзірленді, сол сияқты аудиторлық компаниялардың мамандарын тарта отырып қаржы активтерінің құнсыздануы және резервтерді (провизияларды) есепке алуға ұсынылған жаңа тәсілді қолдану мәселелері бойынша семинар өткізілді. Капитал бөлігіне (3300) жаңа шотты енгізуді көздейтін Ұлттық Банк НҚА және бухгалтерлік есепте оны қолдану тәртібі Ұлттық Банк Басқармасының 2011 жылғы отырысында қабылданды.

2010 жылы Ұлттық Банк қосалқы бухгалтерлік есепті және Бас бухгалтерлік кітапты жүргізуді автоматтандыру жүйелеріне қойылатын талаптарды қаржы ұйымдарының сақтауына бақылауды жүзеге асыруын жалғастырды. Бұл мәселе бойынша 21 қаржы ұйымына, оның ішінде бухгалтерлік есепті және Бас бухгалтерлік кітапты автоматтандыруға қойылатын автоматтандырылған банк жүйесінің болуы туралы қорытынды беру мақсатында ұйымдардың бастамасы бойынша тексеру жүргізілді. 2010 жылы бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыратын жүйелерге қойылатын талаптардың сақталуына тексеріс жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар бойынша 18 ұйымға жазбаша ұйғарым берілді. Тексеруге жататын ұйымдарды іріктеу барысын жетілдіру мен жүйелеу және оларға ықпал ету шараларын қолдану мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиісті жүйесі әзірленді.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы қаржы ұйымдарының және басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру үшін ҚҚА-ның қызметкерлері, қаржы ұйымдарының жұмыс істейтін бухгалтерлері және Ұлттық Банк филиалдарының қызметкерлері үшін ХҚЕС сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және ХҚЕС-тегі соңғы өзгерістер мәселелері бойынша лекциялар мен тренингтер өткізді.

2010 жылы Ұлттық Банктің қызметкерлері Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің МВА бағдарламасы бойынша Магистратурасында «Қаржылық есеп», «Сақтандыру ұйымдарында бухгалтерлік есеп және есептілік» және «Салық салу» пәндері бойынша оқытушылық қызмет жүргізді. Өткізілген лекциялар мен семинарлар шеңберінде бухгалтерлік есептің негіздері, шоттар жоспары, қаржылық есептілік және қаржы ұйымдары жасайтын негізгі операцияларды есепке алу әдістері жария етілді.

IX. АКТИВТЕРДІ СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

9.1. Ұлттық қорды басқару

Ұлттық қор портфелінің 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жалпы нарықтық құны 33 755,82 млн. АҚШ долл. тең болды, оның ішінде валюталық портфель – 31 025,07 млн. АҚШ долл. (91,91%) және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ

облигацияларының портфелі – 2 730,75 млн. АҚШ долл. (8,09%). Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамындағы тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің нарықтық құны – тиісінше 8 775,13 (28,28%) және 22 249,94 (71,72%) млн. АҚШ долл.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамына кіретін бағалы қағаздардың және басқа қаржы құралдарының нарықтық құны BNY Mellon кастодиан-банкінің деректеріне негізделген.

BNY Mellon кастодиан-банкінің деректері бойынша 2010 жылы инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) құралған, ол 916,1 млн. АҚШ долл. құрайтын базалық валютада - АҚШ долларымен есептелген.

Ұлттық қордың кірістілігі. 2010 жылы Ұлттық қордың кірістілігі 3,02% болды. Ұлттық қордың құрылуынан бастап 2010 жылғы 31 желтоқсан аралығында кірістілігі 59,67% болды, бұл жылдық көрсеткіште 5,00% болды. Кірістілікті есептеу Ұлттық қордың базалық валютасы – АҚШ долларында жүзеге асырылды (IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 1-қосымша, 9.1.1-сурет).

Тұрақтандыру портфелінің кірістілігі. 2010 жылы дербес басқарудағы тұрақтандыру портфелінің активтері ақша нарығының құралдарына, АҚШ қазынашылық бағалы қағаздарына, сол сияқты Батыс Еуропа елдерінің МБҚ орналастырылды. 2010 жылы тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 0,86% болды (IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 1-қосымша, 9.1.2-сурет).

Жинақ портфелінің кірістілігі. 2010 жылы жинақ портфелінің кірістілігі 4,01% болды (IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 1-қосымша, 9.1.3-сурет).

«Ауқымды облигациялар» мандатының түрі. Мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқаруды Ұлттық Банк дербес те, инвестициялық басқару жөніндегі халықаралық компаниялар да (сыртқы басқарушылар) жүзеге асырады. 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дербес басқарудағы мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтері 79,17% болды, ал қалған активтердің 20,83%-ы сыртқы басқаруда болды.

2010 жылы облигациялардың қосалқы портфелін немесе «Ауқымды облигациялар» мандатының түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқарудың кірістілігі 2,98% болды. 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы мандат түрін басқаруды 7 сыртқы басқарушы және Ұлттық Банк жүзеге асырды (IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 2-қосымша, 9.1.4-сурет).

«Ауқымды акциялар» мандатының түрі. Мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтерін басқаруды Ұлттық Банк дербес те, сыртқы басқарушылар да жүзеге асырды. 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дербес басқарудағы мандаттың осы түрі бойынша жинақ портфелінің активтері 3,93% болды, ал осы қосалқы портфель активтерінің қалған 96,07%-ы сыртқы басқаруда болды. Мандаттың осы түрі бойынша активтерді басқарудың кірістілігі 6,80% болды. 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы мандат түрі бойынша активтерді басқаруды 5 сыртқы басқарушы және Ұлттық Банк жүзеге асырды (IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 2-қосымша, 9.1.4-сурет).

«Ауқымды тактикалық бөлу» мандатының түрі. Жинақ портфелінің «Активтерді ауқымды тактикалық бөлу» мандатының түрі бойынша активтерін қазіргі кезде басқаруды 2 сыртқы басқарушы жүзеге асырады. Жинақ портфелінің осы мандат түрі бойынша активтерін басқару кірістілігі 6,15% болды. (IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 2-қосымша, 9.1.4-сурет).

9.2. Ұлттық Банктің клиенттеріне қызмет көрсету бойынша кастодиандық, брокерлік және басқа да қызмет

Клиенттердің Ұлттық Банкте кастодиандық, сенімгерлік және брокерлік қызмет көрсетуде тұрған активтерінің жалпы сомасы 2010 жылдың басындағы осындай

көрсеткішпен салыстырғанда 3,4 есеге артық азайып, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 446 011,1 млн. теңге болды. Ұлттық Банктің көрсеткен қызметтен болған кірістердің жалпы сомасы 2010 жылы 76,9 млн. теңге болды, өтелген шығыстардың жалпы сомасы – 38,2 млн. теңге.

Кастодиандық қызмет көрсетуде 2010 жылдың 1 қаңтарында 2 клиент болды. Кастодиандық шарттарды бұзуға байланысты олардың активтері 2010 жыл ішінде басқа кастодиандардың шотына аударылды. Осыған байланысты 2010 жылдың аяғында Ұлттық Банкте кастодиандық қызмет көрсетуде тұрған клиенттер жоқ. Ұлттық Банктің кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызметтен болған кірістер сомасы 2010 жылы 33,9 млн. теңге болды, өтелген шығыстардың сомасы – 6,9 млн. теңге.

Ұлттық Банктің сенімгерлік қызмет көрсетуінде 2010 жылдың басында 5 клиент болды. Сенімгерлік басқару шарттарын бұзуға байланысты 2 клиенттің активтері басқа номиналды ұстаушыларға аударылды. Нәтижесінде, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша клиенттердің сенімгерлік басқарудағы активтерінің жалпы сомасы есепті жылдың басындағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 35,5%-ға жуық ұлғайып, 446 011,1 млн. теңгеге жетті. Ұлттық Банктің сенімгерлік қызмет бойынша көрсетілген қызметтен болған кірістер сомасы 2010 жылы 19,4 млн. теңге болды, өтелген шығыстардың сомасы – 28,1 млн. теңге болды.

Ұлттық Банктің брокерлік қызмет көрсетуінде 2010 жылдың басында 2 клиент болды. Брокерлік қызмет көрсету туралы шарттарды бұзған соң олардың активтері басқа номиналды ұстаушылардың шоттарына аударылды. Осыған байланысты есепті кезеңнің аяғында Ұлттық Банкте брокерлік қызмет көрсетуде тұрған клиенттер жоқ. Ұлттық Банктің брокерлік қызмет бойынша көрсетілген қызметтен болған кірістер сомасы 2010 жылы 23,6 млн. теңге болды, өтелген шығыстардың сомасы – 3,2 млн. теңге болды.

X. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ҚЫЗМЕТ

10.1. Ұйымдық құрылым

Ұлттық Банктің құрылымы және жалпы штат санының лимиті Президенттің «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген.

Президенттің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған органдардың штат санын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 1072 Жарлығымен Ұлттық Банктің штат санының лимиті 3 580 бірліктен 3 043 бірлікке дейін (15%-ға) қысқартылды.

Ұлттық Банктің штат санын оңтайландыру бойынша шараларды іске асыру мақсатында орталық аппараттың және филиалдардың құрылымын жекелеген құрылымдық бөлімшелерді тарату және қайта құру бөлігінде оңтайландыру іс-шаралары жүзеге асырылды. Ұлттық Банктің және ведомстволық бағынышты ұйымдар қызметкерлерінің санын қысқарту бойынша іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілді.

Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымы есепті кезеңнің аяғында (X бөлімнің 10.1-бөлімшесіне 1-қосымша) 12 департаменттен (1 департамент Астана қаласында) құралған орталық аппараттан, орталық аппараттың 9 дербес басқармасынан, 18 филиалдан, Ресей Федерациясындағы өкілдіктен және 4 есеп беретін ұйымнан тұрды.

Ұлттық Банк «Ұлттық Банктің «Q-BRO» Резервтік Орталығы» АҚ-ның жалғыз құрылтайшысы (100,0%), «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның (100,0%), «ГНПФ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (90,0%) акционері болып табылады.

Есепті кезеңде Ұлттық Банк Басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 112 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банкінің жанындағы

Ұлттық талдамалық орталық» АҚ-ның акциялар пакетін Үкіметтің меншігіне өтеусіз беру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылды.

10.2. Адам ресурстары саласындағы саясат

Ұлттық Банк бойынша (PMK және АҚ қоса алғанда) кадрлардың тұрақтамау деңгейі 2009 жылмен салыстырғанда 0,5 пайыздық тармаққа төмендеп, 11,4% құрады. Орталық аппарат пен филиалдар бойынша кадрлардың тұрақтамауы - 7,9% (0,5 пайыздық тармаққа төмендеді), ұйымдар бойынша – 7,4% (1,2 пайыздық тармаққа өсті) және акционерлік қоғамдар бойынша – 29,3% (9,1 пайыздық тармаққа төмендеді) ((X бөлімнің 10.2-бөлімшесіне 1-қосымша, 10.2.1.-кесте).

Ұлттық Банк қызметкерлерінің білім құрылымында жоғары білімі бар қызметкерлер 73%, арнаулы орта білімі бар қызметкерлер 13,2% және орта білімі бар қызметкерлер 13,8% (орта білімі бар қызметкерлердің жалпы санының 60%-дан астамын жұмысшы мамандықтарының қызметкерлері құрайды) болды. Ұйымдар бойынша бұл көрсеткіштер тиісінше 56,3%, 20,9%, 22,8%, акционерлік қоғамдар бойынша - 83,3%, 16%, 0,7% болды.

Қызметкерлердің құрамында әйелдердің үлес салмағы орталық аппаратта 69,6%, филиалдарда 58,2%, ұйымдарда 41,6%, акционерлік қоғамдарда 72,7% болды.

Ұлттық Банкте «он жылдан жиырма жылға дейін» жұмыс стажы бар қызметкерлер Ұлттық Банктің анағұрлым тұрақты санаты болып табылады және олардың үлес салмағы 33,2% болды. «Бір жылдан үш жылға дейін» жұмыс стажы бар қызметкерлер – 9,8%, «үш жылдан бес жылға дейін» - 17,2%, «бес жылдан он жылға дейін» - 21,8%, «жиырма жылдан астам» - 12,9%. «Бір жылға дейін» жұмыс стажы бар қызметкерлер ең аз үлес салмақты (5,1%) құрайды.

2010 жыл ішінде Ұлттық Банк орталық аппаратының 8 бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға 56 кандидаттың қатысуымен 5 конкурс өткізілді. Конкурсант өткен қатысушылар саны 8 адам, 3 адам Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кадр резервіне алу үшін ұсыныс жасалды. «Ұлттық Банктің Банктік сервистік бюросы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі – БСБ PMK) БСБ PMK директорының 1 бос лауазымына орналасуға бір конкурс өткізілді, оған 1 кандидат қатысты. Конкурстың нәтижесі бойынша бұл кандидат конкурстық комиссияның оң қорытындысын алды.

Ұлттық Банктің орталық аппаратының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері және филиалдардың номенклатуралық қызметкерлері аттестациядан өтті: 122 қызметкер атқарып отырған қызметіне сай деп танылды, орталық аппараттың 4 қызметкері жоғары санаттағы лауазымға орналасуға әкімшілік мемлекеттік қызметтің кадр резервіне енгізілді.

Ұлттық Банктің қызметкерлерін 2010 жылы оқыту Ұлттық Банк қызметінің негізгі бағыттары бойынша, оның ішінде ХҚЕС мәселелері бойынша, USAID өкілдерінің қатысуымен қолданбалы эконометрика және EViews (кіріспе және жалғастырушы курстар) бойынша, төлем балансының статистикасы бойынша, валюталық реттеу мәселелері бойынша процестік басқару мәселелері бойынша және банк қызметінің басқа аспектілері бойынша Ұлттық Банктің базасында, Қазақстан Республикасының оқу орталықтарында, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және басқа мемлекеттік органдарда, шетелдік орталық банктерде және халықаралық ұйымдарда оқыту жүзеге асырылды. Ұлттық Банктің қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру гендерлік теңдік (ерлер мен әйелдерге біліктілігін қайта даярлаудың және арттырудың барлық түрлеріне кіру үшін тең жағдайда қамтамасыз ете отырып) бойынша қағидатты сақтай отырып жүргізілді. Оқығандар саны 918 болды, оның ішінде Ұлттық Банктегі семинарлар мен тағылымдамаларда - 518 (оның ішінде 123 – ҚҚА-ның, Ұлттық Банктің ұйымдары мен кәсіпорындарының өкілдері).

Ұлттық Банктің Магистратура қызметі бойынша Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің MBA бағдарламасы бойынша магистратурасымен

ынтымақтастығы шеңберінде магистранттардың жетінші шығарылымы жүзеге асырылды (Ұлттық Банкке жұмысқа - 7 адам, ҚҚА - 10 адам орналастырылды), 2010-2011 оқу жылына «қаржы талдаушысы», «қаржылық тәуекел-менеджер», «актуарий», «сактандыру бизнесі» мамандықтары бойынша адамдар жинақтады. Күндізгі оқу нысанына 35 тыңдаушы, оның ішінде 28-і өтеусіз негізде қабылданды.

Ұлттық Банк орталық аппаратының бөлімшелерінде жоғары оқу орындарының 45 студенті, оның ішінде Магистратураның 10 магистранты кәсіби практикадан өтті.

Ұлттық Банктің атаулы стипендиясын беру бойынша конкурс өткізілді, оның қорытындылары бойынша Ұлттық Банктің атаулы стипендиясы ізденушілер тобына - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Халықаралық Бизнес университетінің студенттеріне берілді.

Ұлттық Банк Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 81 қаулысымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық Банктің 2009-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында 2010 жылы Ұлттық Банкте мемлекеттік тілді ендіруге және дамытуға бағытталған жұмыс жүргізілді.

Мемлекеттік тілді оқыту мақсатында тиісті деңгейлер бойынша оқыту курстары ұйымдастырылды. Оқығандар саны орталық аппарат бойынша – 88 қызметкер, филиалдар бойынша - 260. Әрбір кезең аяқталған соң Ұлттық Банк басшылығына курстарда мемлекеттік тілге оқытудың тиімділігі туралы ақпарат берілді және оқытушымен мемлекеттік тілді білу деңгейін бұдан әрі арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Курс тыңдаушыларын соңғы сынақтан өткізу және сауалнама жүргізу жүргізілді, оқу курсы бағдарламасын аяқтау туралы сертификаттар берілді. Тоқсан сайын Ұлттық Банк орталық аппараты бөлімшелері мен филиалдары қызметкерлерінің My Edu қазақ тіліне қашықтықтан оқытудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануы бойынша ақпарат дайындалды.

Қазақстан Республикасының министрліктерімен және ведомстволарымен, филиалдармен және орталық аппараттың бөлімшелерімен хат-хабар алмасу кезінде бөлімше қызметкерлерінің құжаттарды, сол сияқты Директорлар кеңесі және Басқарма қаулыларының жобаларына ілеспе құжаттарды мемлекеттік тілде дербес дайындау жұмысы жалғастырылуда.

Ұлттық Банк актілерінің, шешімдерінің және өзге де құжаттарының үлгі нысандарын дайындау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның жұмысы ұйымдастырылды, 2010 жылы 29 үлгі нысан бекітіліп, жұмыс істеу үшін жіберілді.

Ұлттық Банктің орталық аппараты қызметкерлерінің – жергілікті емес ұлт өкілдерінің арасында Қазақстан халықтары тілдерінің күніне арналған мемлекеттік тілді білу бойынша «Тіл – достық негізі» атты конкурс өткізілді. Конкурстың қорытындылары бойынша жеңімпаздар дипломдармен және ескерткіш сыйлықтармен марапатталды.

Үкіметтің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы» 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1246 қаулысына сәйкес Мәдениет министрлігіне Ұлттық Банктің жиынтық есебі, сол сияқты Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасының жобасына енгізу үшін ұсыныстар жіберілді.

Қызметкерлерді мотивациялау. Президенттің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1117 Жарлығымен Ұлттық Банк жүйесінің және қаржы жүйесінің қызметкерлері мемлекеттік наградалармен марапатталды: «Құрмет» орденімен - 5 адам, «Ерен еңбегі үшін» медалімен - 8 адам, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» төс белгісімен – 1 адам, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен - 14 адам. Бұдан басқа Ұлттық Банктің 69 қызметкеріне «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еңбек сіңірген қызметкері» төс белгісі және 67 қызметкерге Ұлттық Банк Төрағасының алғыс хаты берілді.

Есепті кезеңде Ұлттық Банк жүйеде жоғары білікті мамандарды тұрақтандыруға бағытталған қосымша әлеуметтік пакеттің құрамдас бөлігі болып табылатын қызметкерлерді сақтандыру бойынша жұмысты жалғастырды. Ұлттық Банк қызметкерлерінің тізім бойынша санынан сақтандырылғандардың үлес салмағы орташа 92%-дан астамын құрады.

Ұлттық Банк егде жастағы адамдарды әлеуметтік қолдау шеңберінде Ұлттық Банк жүйесінің бұрынғы қызметкерлері - жұмыс істемейтін зейнеткерлермен жұмысты жалғастырды, олардың саны есепті жылдың аяғында 857 адам (Ұлттық Банк қызметкерлерінің тізім бойынша санына шаққанда 40,0%).

Ұлттық Банк қызметкерлерді қосымша ынталандыру үшін есепті кезеңде Ұлттық Банктің филиалдарының 2010 жылдағы жұмыстарының қорытындысы бойынша рейтингісін анықтау бойынша жұмыс жүргізді.

10.3. Ақпарат технологияларын дамыту

Жобалау және зерттеу жұмыстары. 2010 жылы Ұлттық Банктің интеграцияланған автоматтандырылған ақпарат жүйесін (бұдан әрі-ИААЖ) дамыту және пысықтау бойынша 23 жоба бойынша жұмыс жүргізілді, оның ішінде 17 жоба бойынша жұмыстар есепті кезеңде аяқталды, 6 жоба бойынша жұмыстар 2011 жылы жалғастырылады.

Жобалау жұмыстары шеңберінде:

ИААЖ шағын жүйелерін банк шоты нөмірінің және банктік сәйкестендіру кодының жаңа құрылымына көшу бөлігінде пысықтау және тестілеу бойынша жұмыс аяқталды. Пысықталған шағын жүйелер өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді;

ИААЖ шағын жүйелерін жеке сәйкестендіру және бизнес-сәйкестендіру нөмірлеріне көшу бөлігінде пысықтау жұмыстары жүргізілді. ИААЖ шағын жүйелерін сәйкестендіру нөмірлерін пайдалануға өткізу бойынша жұмыстар 2011 жылы бекітілген Іс-шаралар жоспарына сәйкес жалғастырылады;

Ұлттық Банк бөлімшелерінің өтінімдері бойынша қолданыстағы автоматтандырылған шағын жүйелерді (бұдан әрі- ААШЖ) пысықтау және дамыту, жаналарын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді;

тәуекелдерді басқарудағы және менеджментіндегі активтердің кірістілігін есептеуді автоматтандыру мақсатында DST GS компаниясының «HiPerformance» бағдарламалық өнімін өнеркәсіптік пайдалануға ендіру бойынша жұмыс жүргізілді;

Ұлттық Банкті Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ведомствоаралық электрондық құжат айналымына қосу мақсатында Ұлттық Банкті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының бірыңғай тасымалдау ортасына қосу бойынша және Ұлттық Банкте 2010 жылғы 1 маусымнан бастап база өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген Бірыңғай электрондық құжат айналымының абоненттік пунктін құру бойынша жұмыс жүргізілді;

лицензиялардың бірыңғай ұлттық тізілімін қалыптастыру, сол сияқты «бір терезе» қағидаты бойынша лицензиялар беру үдерісін автоматтандыру мақсатында жүргізілген «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасында дамыту мен ендіру бойынша жұмысқа байланысты «Экспорттық-импорттық валюталық бақылау нәтижелерін жинау мен талдау» ААШЖ-ін «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесімен ықпалдастыру бөлігінде пысықтау жұмысы жүргізілді;

Ұлттық Банк веб-порталының пилоттық жобасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді.

Жаңа ақпарат технологиясы мен бағдарламалық өнімдерді оларды Ұлттық Банкте пайдалану мүмкіндігін талдау мақсатында зерделеу бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ұлттық Банкте пайдаланылатын қосымшалардың жұмыс қабілеттілігін зерделеу мақсатында Windows 7 операциялық ортада негізгі (базалық) функцияларды орналастыру, ретке келтіру және тестілеу бойынша жұмыс жүргізілді. Жұмыс 2011 жылы жалғастырылады.

Ақпарат технологияларын дамыту және стандарттау. Жаңа бағдарламалық өнімдерді және тиісті технологияларды зерделеу бойынша жұмыстар Ұлттық Банктің қызметін автоматтандыру кезінде оларды пайдаланудың мақсатқа сай екендігін айқындау үшін жүргізілді:

1) Ұлттық Банк орталық аппараты мен резервтік есептеу орталығы арналарының өткізу қабілеттілігін ұлғайту үшін гигабиттік Ethernet желісі стандарттарының жай-күйін талдау жүргізілді;

2) корпоративтік желілерді қорғау үшін жаңа вирусқа қарсы бағдарламалар – 6.0 нұсқаның DrWeb және McAfee зерделенді;

3) еңбек, уақытша және материалдық шығындарды айқындау мақсатында 2011 жылы Lotus Notes-тың R8 нұсқасына өздігінен көшу мүмкіндігін зерделеу басталды.

Ұлттық Банктің ақпарат технологиясы бойынша нормативтік базасын дамыту жұмысы жүргізілді.

Ақпарат технологиясы департаментінің сапа менеджменті жүйесін (бұдан әрі - СМЖ) қолдау үшін департаменттің СМЖ-нің кезекті қадағалау аудиті жүргізілді. «TUV Интернационал РУС» сертификаттау орталығы СМЖ-нің екінші қадағалау аудитінің ISO 9001:2008 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне табысты өтуін растады.

АТ-инфрақұрылымын қолдау. Ұлттық Банктің АТ-ресурстарын қолдау АТ-ресурстарын басқару, қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметті ұсыну арқылы жүзеге асырылды.

Ұлттық Банктің бөлімшелері мен филиалдарында пайдаланылатын ИААЖ 45 тапсырмасы мен шағын жүйесіне қызмет көрсету және басқару жүзеге асырылды. Пайдаланушылардың өтінімдерін Help Desk қолдау қызметі қабылдады және өңдеді.

Консультациялық және практикалық көмек көрсетілді, пайдаланушылардың жұмысын жақсарту үшін есептер әзірленді және түрлендірілді.

2009 жылғы 3 849 бірлік компьютер жабдығына қарағанда 2010 жылы 3 570 бірлік пайдаланылуда және қызмет көрсетілуде, оның ішінде: серверлер - 145, дербес компьютер - 2 261, қолға алып жүретін компьютер - 135, принтер – 901 бірлік және сканер – 128 бірлік, сондай-ақ байланыс құралдары: автоматты телефон станциялары - 21, факсимильді аппараттар - 160.

Ұлттық Банктің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында серверлерді, тармақталған кабель желісінің активті жабдығын, деректер базасын және почта жүйелерін жұмыс жағдайында ұстау, ЭЕМ залының қосымшалар кешені бойынша ақпаратты шешу және беру жүзеге асырылды. Ұлттық Банктің орталық аппараты бөлімшелерінің және оның филиалдарының компьютер жабдығына техникалық қызмет көрсету және жүйелік қызмет көрсету бойынша жұмыстар орындалды, сондай-ақ есептеу техникасына және байланыс құралдарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ұлттық Банктің интернет-ресурсына қызмет көрсету мен дамыту бойынша жұмыс шеңберінде жақсарту жүргізілді: мета-тегтер интернет-ресурстың бағдарламалық кодына қосылды; интернет-ресурсты сәйкестендіру (танылуы) үшін браузерде арнайы белгіні (favicon деп аталатын) көрсету функциясы іске асырылды; интернет-ресурстың беттерін іске қосу жылдамдығы ұлғайтылды.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Негізгі өңдеу орталығынан аумақта орналасқан Ұлттық Банктің Резервтік есептеу орталығының жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Маңызды күрделі шағын жүйелер бойынша ақпаратты резервтеу Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық құжаттарында айқындалған технологиялық тәртіпке сәйкес нақты уақыт режимінде жүзеге асырылды.

Вирусқа қарсы қорғау қамтамасыз етілді: Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелерінде вирусқа қарсы түгендеу жүргізілді, оның барысында әрбір жұмыс орнында базаның өзектілігінің барынша жоғары деңгейіне және вирусқа қарсы бағдарламаның болуына қол жеткізілді, Ұлттық Банк орталық аппаратының пайдаланушыларын Касперский

вирусқа қарсы жана 6.0.4.1424, ал филиалдарды 6.0.4.1212 нұсқасына көшіру жүргізілді. 6.0.4. 1424 нұсқаның қорғау сенімділігі мен жұмыс жылдамдығының анағұрлым жоғары көрсеткіштері бар.

Ұлттық Банктің жаңа Резервтік орталығын құрудың 2009-2014 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Техникалық инфрақұрылымды жетілдіру. Ұлттық Банктің ақпараттық жүйелерін пайдаланушылардың ұлғайып келе жатқан қажеттілігін басқарудың сапасын жақсарту, барынша қанағаттандыру мақсатында сенімділік, өндірушілік, қауіпсіздік саласында анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған қызметтің түрлі бағыттарын дамыту және түрлендіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұлттық Банктің орталық аппаратында және филиалдарында нақты және моральдық тұрғыдан ескірген техникалық құралдарды жаңа компьютерлерге ауыстыруға байланысты оларды пайдаланудан шығару жөнінде жұмыс жүргізілді. Осы мақсатта есепті жылы 625 дербес компьютер, 20 қолға алып жүретін компьютер, 3 принтер сатып алынды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарымен ақпарат алмасу қызметінің сапасын жақсарту мақсатында арнаның өткізу қабілеттілігі орталық аппаратта 8,192 Мбит/сек дейін, Орталық филиалда 4,096 Мбит/сек дейін, қалған аумақтық филиалдарда 1,024 Мбит/сек дейін ұлғайтылды.

10.4. Ішкі аудит

Ұлттық Банк Басқармасының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 116 қаулысымен бекітілген 2010 жылға арналған Тексеру жоспарына сәйкес 2010 жылы 32 аудиторлық тексеру, оның ішінде 2009 жылдан өткен 4 аудиторлық тексеру және 2 жоспардан тыс аудиторлық тексеру жүргізілді. Іске асырылған аудиторлық тексерудің нәтижелері бойынша Ұлттық Банктің бөлімшелеріне ішкі бақылау жүйесін, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту бойынша ұсынымдар берілді.

Ұлттық Банктің жобалары бойынша жұмыстардың уақтылы және толық жүргізілуін бақылау мақсатында 2010 жылы екі жобаның мониторингі жүзеге асырылды. Ұлттық Банктің бөлімшелеріне және басшылығына жедел ақпарат ұсыну арқылы T24 АБАЖ ендіру және HiPerformance және HiRisk бағдарламалық өнімдерді ендіру және техникалық қолдау.

2008 жылы жүргізілген қызметтің сапасына сыртқы бағалау нәтижесі бойынша 2010 жылға арналған Іс-шаралар жоспарына сәйкес Ұлттық Банктің ішкі аудит әдіснамасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Сондай-ақ 2010 жылы мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын ендіру шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет тізіліміне енгізілген стандарттарды келісу мен бекіту бойынша жұмыс жүргізілді.

Президенттің 2010 жылғы 24 ақпандағы № 928 Жарлығымен Ұлттық Банктің 3 мемлекеттік қызмет стандарты бекітілді: айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру, валюталық операция туралы хабарлау куәлiгiн беру, валюталық операция туралы тiркеу куәлiгiн беру.

Мемлекеттік қызметтің үлгі стандартына өзгерістер енгізуге байланысты және Үкіметтің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 28 маусымдағы № 662 және «Үкіметтің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 5 қарашадағы № 1166 қаулыларын орындау үшін Ұлттық Банк бұрын бекітілген стандарттарға өзгерістер енгізді, сол сияқты Үкіметтің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет тізіліміне енгізілген 2 қызмет бойынша стандарттардың жобалары қосымша әзірленді: бухгалтерлік есепті автоматтандыруға және бас бухгалтерлік кітапқа қойылатын талаптарға жауап беретін

автоматтандырылған банк жүйесінің болуы туралы қорытынды беру, банк операцияларын жүргізуге арналған үй-жайлардың дайындық дәрежесі туралы қорытындылар беру.

10.5. Қаржы-шаруашылық қызмет

2010 жылы Ұлттық Банктің кірісі 64 018,5 млн. теңге болды, шығындары – 14 908,8 млн. теңге, таза пайда 49 109,7 млн. теңге және 2009 жылмен салыстырғанда 14 945,0 млн. теңгеге (43,7%-ға) ұлғайды.

Ұлттық Банктің монетарлық қызметі бойынша 2010 жылы сыртқы және ішкі нарықтардағы операциялардың нәтижесінде нетто-кіріс 14 238,4 млн. теңгеге (29,0%) өсіп, 63 293,6 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты (X бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 1-қосымша, 10.5.2-кесте).

Сыртқы нарықтағы операциялар бойынша нетто-кірістер валюта портфелі бойынша нетто-кірістердің 857,7 млн. теңгеге (2,1%-ға) өсуі нәтижесінде 40 983,3 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты.

Ішкі нарықтағы операциялар бойынша нетто-кірістер 12 771,5 млн. теңгеге (143,0%-ға) өсіп, 21701,1 млн. теңге сомасында қалыптасты.

Ұлттық Банктің монетарлық емес қызметі бойынша 2010 жылғы кірістер алтынның шағын құймаларының сатылуына және «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның акцияларын Үкіметтің 2009 жылғы 7 мамырдағы № 668 қаулысына сәйкес Ұлттық Банктің меншігіне берілуіне байланысты негізінен 2009 жылғы көзделмеген кірістер есебінен 724,9 млн. теңгені құрады және 354,7 млн. теңгеге (32,9%) азайды (X бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 2-қосымша, 10.5.3-кесте).

Шығындар 14 908,8 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты және 1 061,3 млн. теңгеге (6,6%) азайды. Нәтижесінде нетто-шығындар 14 183,9 млн. теңге болды.

Ұлттық Банктің **күрделі шығыстары** 214,2 млн. теңгеге (1,6%) төмендеп, 12 946,8 млн. теңге сома мөлшерінде жүзеге асырылды (X бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 3-қосымша, 10.5.4 - кесте).

Ұлттық Банктің ұйымдары.

Ұлттық Банктің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының өнімді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түскен кірістері 2010 жылы 13 468,6 млн. теңгені, өнімді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіруге жұмсалған шығыстар 10 185,8 млн. теңгені құрады. Бюджетке корпоративтік табыс салығын төлегеннен кейінгі кәсіпорындардың таза кірісі 2 657,1 млн. теңге болды.


Ұлттық Банктің акционерлік қоғамдары.

Акционерлік қоғамдардың кірістері 2010 жылы 15 640,5 млн. теңгені, шығыстары 3 572,9 млн. теңгені құрады. Бюджетке корпоративтік табыс салығын төлегеннен кейінгі таза кіріс 11 290,4 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты.

СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАР

<u>I бөлімнің 1.1-бөлімшесіне 1-қосымша</u>	64
<u>I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 1-қосымша</u>	65
<u>I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 2-қосымша</u>	65
<u>I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 3-қосымша</u>	67
<u>I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 1-қосымша</u>	68
<u>I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 2-қосымша</u>	70
<u>I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 3-қосымша</u>	71
<u>III-бөлімнің 3.2-бөлімшесіне 1-қосымша</u>	72
<u>IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 1-қосымша</u>	73
<u>IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 2-қосымша</u>	74
<u>X бөлімнің 10.1-бөлімшесіне 1-қосымша</u>	75
<u>X бөлімнің 10.2-бөлімшесіне 1-қосымша</u>	76
<u>X бөлімнің 10.5 -бөлімшесіне 1-қосымша</u>	77
<u>X бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 2-қосымша</u>	78
<u>X бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 3-қосымша</u>	79
<u>X бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 4-қосымша</u>	80

Экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша
2009-2010 жылдардағы орташа айлық жалақы, теңге



I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 1-қосымша


1.2.1-сурет

Кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс конъюнктурасы



1.2.2-сурет


Шикізат және материалдар бағасының өзгеруі



I бөлімнің 1.2-бөлімшесіне 2-қосымша

1.2.3-сурет


Кәсіпорындардың дайын өнімі бағасының өзгеруі



2010 жылы экономика бойынша дайын өнім бағасының өсу қарқыны айтарлықтай ұлғайды, оның үстіне жылдың екінші жартысында бірінші жартысына қарағанда өсу көрсеткіші жоғары қарқынмен болды (жылдың аяғында көрсеткіш өзгерісінің диффузиялық индексі 60,7 құрады). Бағаның өсуі «өндіруші өнеркәсіп», «өңдеуші өнеркәсіп», «электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу» салаларында байқалды.


1.2.4-сурет

Кредиттеу талаптары



2010 жылдың аяғында төңгемен және шетел валютасымен кредиттер бойынша орташа пайыздық ставка төмендеді (тиісінше 14,1%-ға және 12,1%-ға дейін). Кәсіпорындар қалаған төңгемен де, шетел валютасымен де пайыздық ставкалар, тиісінше 10,3% және 8,8% болып төмендеді.

Банктердің кредиттері



***1.2.1, 1.2.2, 1.2.3, 1.2.4, 1.2.5-графиктеріне методологиялық түсіндірме:**

Графиктердегі көрсеткіштер мынадай есептеу деректерімен берілді: кәсіпорындар жауаптары топтарының арасындағы пайыздық ара-қатынас, оң және теріс жауаптар санының арасындағы айырма және т.с.с. Кестелерде және графиктерде келтірілген диффузиялық индекс оң жауаптардың жиынтығы және «өзгеріссіз» деген жауаптардың жартысы ретінде есептеледі. Осы индекс қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады (Еуропа, Англия ССБ Банкінің тәжірибесі бойынша). Егер оның мәні 50-ден жоғары деңгейде болса - бұл оң өзгерісті, ал егер 50-ден төмен деңгейде болса, теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте диффузиялық индекстің мәні 50 деңгейінен (жоғары немесе төмен) қаншалықты әрі болса, көрсеткіштің өзгеру қарқыны (ұлғаю немесе азаю) соншалықты жоғары.

I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдама ұсыным

млн. АҚШ доллары

	2008	2009	2010	2010			
				I	II	III	IV
А. Ағымдағы шот	6325,5	-4359,2	4319,0	2776,6	1901,2	-426,7	67,9
Сауда балансы	33518,8	14969,4	28881,4	8014,9	8488,8	6112,6	6265,2
Экспорт	71970,8	43931,1	60837,9	13616,8	16335,6	14814,1	16071,5
Импорт	-38452,0	-28961,7	-31956,5	-5601,9	-7846,8	-8701,4	-9806,3
Қызмет көрсету балансы	-6693,6	-5810,7	-7053,1	-1435,5	-1404,0	-1918,3	-2295,3
Экспорт	4425,6	4233,8	4244,6	903,1	1060,2	1160,3	1121,0
Импорт	-11119,2	-10044,5	-11297,7	-2338,6	-2464,1	-3078,6	-3416,3
Еңбекке ақы төлеу балансы	-1452,0	-1304,8	-1345,7	-338,1	-331,7	-333,5	-342,4
Инвестициялық кірістер балансы	-18063,1	-11530,3	-15729,0	-3481,7	-4682,4	-4063,2	-3501,7
Алуға арналған кірістер	3235,3	2495,3	1830,1	425,5	405,1	366,5	633,1
Ұлттық Қордың резервтері мен активтері бойынша сыйақы	1189,1	820,9	827,8	179,2	209,4	211,6	227,6
Шетелдік тікелей инвестициялардан кірістер, нетто	-188,8	-469,9	-428,6	-139,2	-184,2	-168,5	63,3
Өзге де инвестициялық кірістер	2235,0	2144,3	1431,0	385,5	379,9	323,4	342,2
Ақы төлеуге арналған кірістер	-21298,4	-14025,6	-17559,2	-3907,2	-5087,5	-4429,7	-4134,8
Қазақстандағы тікелей инвестициялардан кірістер, нетто	-16956,0	-10710,9	-14922,9	-3298,1	-4458,6	-3720,8	-3445,4
Борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы	-4316,2	-3293,2	-2528,1	-609,0	-627,0	-603,7	-688,4
Портфельдік инвестициялар бойынша дивидендтер	-26,2	-21,5	-108,1	-0,1	-1,9	-105,2	-1,0
Ағымдағы трансферттер балансы	-984,7	-682,8	-434,6	17,0	-169,5	-224,3	-57,8
В. Капиталмен және қаржымен операциялар шоты	1609,7	7876,2	-990,8	1158,1	-1167,8	-1030,6	49,4
Капиталмен операциялар шоты	-12,6	-29,5	7888,2	2501,5	636,4	4680,2	70,0
Қаржы шоты	1622,3	7905,6	-8878,9	-1343,4	-1804,1	-5710,8	-20,6
Тікелей инвестициялар	13117,9	10653,4	2155,1	3390,6	2121,6	403,5	-3760,6
Шетелдік тікелей инвестициялар	-1203,9	-3118,1	-7805,9	-19,0	-319,4	-2059,9	-5407,6
Активтер	-4126,9	-4416,8	-3731,4	-46,4	-1735,7	-2132,0	182,7
Міндеттемелер	2923,1	1298,8	-4074,5	27,4	1416,3	72,1	-5590,4
Қазақстандағы тікелей инвестициялар	14321,8	13771,4	9961,0	3409,6	2440,9	2463,5	1647,0
Активтер	425,9	272,7	27,9	26,0	68,2	-21,7	-44,6
Міндеттемелер	13895,8	13498,7	9933,1	3383,6	2372,7	2485,2	1691,6
Портфельдік инвестициялар	-9377,5	2996,1	8712,0	3914,6	-2743,5	820,7	6720,3
Активтер	-7277,6	1875,6	-7166,0	-849,2	-2685,4	-2523,8	-1107,6
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-6408,8	3315,3	-7404,8	-1563,5	-1568,1	-2840,1	-1433,1
Банктер	335,6	-163,1	-61,7	240,5	-482,7	67,5	113,0
Басқа секторлар	-1204,4	-1276,6	300,5	473,8	-634,6	248,9	212,4
Міндеттемелер	-2099,9	1120,5	15878,0	4763,8	-58,1	3344,4	7827,9
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-136,3	334,8	-107,8	355,6	-262,8	-353,4	152,7
Банктер	-1540,7	422,2	8235,3	4278,8	-146,5	3702,7	400,3
Басқа секторлар	-422,9	363,5	7750,6	129,4	351,1	-4,9	7275,0

Туынды қаржы құралдары (нетто)	187,3	56,8	13,0	67,7	162,9	-241,7	24,0
Орта- және ұзақ мерзімді заемдар мен кредиттер	1389,8	-3301,1	-8948,8	-7029,7	-1348,4	-2132,9	1562,2
Активтер	-2080,3	721,2	3848,4	155,6	694,6	2219,2	778,9
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-94,0	1,0	0,2	0,3	-0,7	0,3	0,3
Банктер	-1131,8	1414,2	3495,9	335,3	785,0	535,4	1840,2
Басқа секторлар	-854,5	-693,9	352,3	-180,0	-89,7	1683,5	-1061,6
Міндеттемелер	3470,1	-4022,3	-12797,2	-7185,3	-2043,1	-4352,2	783,3
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	33,5	1148,3	1424,0	51,8	37,8	1068,6	265,7
Банктер	-2736,6	-9965,5	-15574,6	-7286,5	-2630,9	-5859,8	202,5
Басқа секторлар	6173,1	4794,8	1353,4	49,3	550,0	439,0	315,1
Басқа да қысқа мерзімді капитал	-3695,1	-2499,6	-10810,3	-1686,7	3,4	-4560,4	-4566,6
Активтер	-1553,2	-1781,6	-10200,2	-973,2	-1751,0	-821,0	-6655,1
Міндеттемелер	-2141,9	-718,0	-4870,6	293,7	-1471,3	-623,7	-3069,4
С. Қателер мен қалып қойғандар	-5746,5	-1055,2	1406,5	343,3	-663,2	1480,0	246,5
D. Жалпы баланс	2188,8	2461,8	4734,7	4278,0	70,2	22,8	363,8
E. Қаржыландыру	-2188,8	-2461,8	-4734,7	-4278,0	-70,2	-22,8	-363,8
ҚҰБ резервтік активтері	-2188,8	-2461,8	-4734,7	-4278,0	-70,2	-22,8	-363,8
ХВҚ кредиті	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 2-қосымша

Жалпы сыртқы борыштық стандартты ұсынымы

млн. АҚШ доллары

	31.12.2007	31.12.2008	31.12.2009	31.03.2010	30.06.2010	30.09.10	31.12.10
БАРЛЫҒЫ ЖСБ	96 893,0	107 933,4	113 239,3	111 436,2	114 285,0	112 431,4	119 242,5
<i>Қысқа мерзімді</i>	11 953,1	9 976,6	10 295,2	9 787,2	11 761,3	7 474,9	9 036,7
<i>Ұзақ мерзімді</i>	84 939,9	97 956,7	102 944,0	101 649,0	102 523,7	104 956,5	110 205,8
Мемлекеттік басқару секторы	1 491,5	1 641,9	2 218,1	2 264,2	2 352,0	3 492,3	3 800,3
<i>Қысқа мерзімді</i>	60,3	23,8	0,0	0,0	13,6	41,2	49,1
Ақша нарығының құралдары	60,3	23,8	0,0	0,0	13,6	41,2	49,1
Несилер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да борыштық міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
<i>Ұзақ мерзімді</i>	1 431,2	1 618,1	2 218,1	2 264,2	2 338,4	3 451,1	3 751,2
Облигациялар және басқа да борыштық бағалы қағаздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Несилер	1 431,2	1 618,1	2 218,1	2 264,2	2 338,4	3 451,1	3 751,2
Сауда кредиттері	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да борыштық міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Ақша-кредиттік реттеу органдары	106,9	12,1	1 017,5	1 355,9	1 016,6	693,6	1 000,6
<i>Қысқа мерзімді</i>	105,0	10,2	479,7	832,2	508,7	159,1	470,4
Ақша нарығының құралдары	104,8	10,0	376,1	741,2	467,6	85,4	230,9
Несилер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қолма-қол ақша және депозиттер	0,0	0,3	103,6	91,0	41,1	73,7	239,5
Басқа да борыштық міндеттемелер	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
<i>Ұзақ мерзімді</i>	1,9	1,9	537,8	523,6	507,9	534,4	530,2
Облигациялар және басқа да борыштық бағалы қағаздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Несилер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қолма-қол ақша және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да борыштық міндеттемелер	1,9	1,9	537,8	523,6	507,9	534,4	530,2
Банктер	45 946,2	39 221,2	30 082,5	26 069,5	24 699,2	18 957,7	20 023,8
<i>Қысқа мерзімді</i>	6 102,8	3 093,4	3 938,4	3 488,4	5 136,9	1 108,6	1 678,2
Ақша нарығының құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Несилер	3 747,5	2 010,9	353,1	399,6	422,8	151,6	227,7
Қолма-қол ақша және депозиттер	1 863,9	702,7	837,6	1 130,0	743,3	796,8	1 330,1
Басқа да борыштық міндеттемелер	491,4	379,7	2 747,7	1 958,8	3 970,8	160,2	120,4
<i>Ұзақ мерзімді</i>	39 843,4	36 127,8	26 144,0	22 581,1	19 562,3	17 849,1	18 345,6
Облигациялар және басқа да борыштық бағалы қағаздар	3 266,2	2 518,3	2 752,0	6 738,3	6 425,7	10 426,1	10 715,7
Несилер	35 875,9	33 082,0	23 102,4	15 590,0	12 876,1	7 154,3	7 354,7
Қолма-қол ақша және депозиттер	701,4	527,6	289,6	252,8	260,6	268,6	275,1
Басқа да борыштық міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа секторлар	49 348,4	67 058,2	79 921,2	81 746,6	86 217,1	89 287,9	94 417,8
<i>Қысқа мерзімді</i>	5 685,0	6 849,3	5 877,1	5 466,6	6 102,1	6 166,0	6 838,9
Ақша нарығының құралдары	0,3	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0
Несилер	1 437,3	2 247,2	927,5	823,5	858,3	1 046,1	1 141,9
Қолма-қол ақша және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері	3 704,2	4 001,8	3 786,3	4 058,6	4 121,9	4 180,9	5 332,8
Басқа да борыштық міндеттемелер	543,1	600,2	1 163,1	584,4	1 121,8	938,9	364,2
<i>Ұзақ мерзімді</i>	43 663,4	60 208,9	74 044,1	76 280,0	80 115,0	83 121,9	87 578,8
Облигациялар және басқа да борыштық бағалы қағаздар	671,4	604,6	801,8	796,0	1 185,0	1 226,0	9 055,1
Несилер	40 156,4	56 441,4	70 217,3	72 493,8	76 019,9	78 968,6	75 498,4
Қолма-қол ақша және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері	2 835,6	3 162,8	3 025,0	2 990,2	2 910,1	2 927,3	3 025,2
Басқа да борыштық міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Анықтама үшін: тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек	30 080,6	40 198,8	50 213,2	51 929,5	55 334,8	57 580,9	53 246,8
Аффилирленген кәсіпорындар алдындағы борыштық міндеттемелер	2 458,8	5 337,6	6 643,7	6 672,0	8 088,0	8 160,3	2 569,8
Тікелей инвесторлар алдындағы борыштық міндеттемелер	27 621,9	34 861,1	43 569,5	45 257,4	47 246,8	49 420,6	50 677,0

I бөлімнің 1.4-бөлімшесіне 3-қосымша

Жалпы сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	2008	2009	2010 ж. 1-тоқ.	2010 ж. 2-тоқ.	2010 ж. 3-тоқ.	2010 ж. 4-тоқ.	2010
--------------------	------	------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	------

А. Абсолюттік өлшемдер (млн. АҚШ долл.)

1. Жалпы сыртқы борыш (кезең аяғына бағалау)	107 933,4	113 239,3	111 436,2	114 285,0	112 431,4	119 242,5	119 242,5
<i>Оның ішінде фирмааралық берешек</i>	<i>40 198,8</i>	<i>50 213,2</i>	<i>51 929,5</i>	<i>55 334,8</i>	<i>57 580,9</i>	<i>53 246,8</i>	<i>53 246,8</i>
2. Фирмааралық берешекті қоспағанда жалпы сыртқы борыш (кезең аяғына бағалау)	67 734,6	63 026,1	59 506,7	58 950,2	54 850,5	65 995,7	65 995,7
3. Борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер (фирмааралық берешекті қосқанда)*	31 830,5	30 426,9	5 172,4	4 979,0	4 909,2	6 770,6	21 831,1
4. Борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер (фирмааралық берешекті қоспағанда)*	23 267,9	22 352,5	3 201,6	3 013,9	2 944,1	4 148,7	13 308,3
5. Кезең ішінде тауарлар мен факторлық емес қызметтер экспорты, (ТҚЭж)**	76 396,4	48 165,0	14 519,9	17 395,8	15 974,4	17 192,5	65 082,6
6. Бір жыл ішінде тауарлар мен факторлық емес қызметтер экспорты (ТҚЭж)**	76 396,4	48 165,0	53 550,6	60 550,3	62 955,8	65 082,6	65 082,6

Б. Салыстырмалы өлшемдер

1. Жан басына шаққандағы жалпы сыртқы борыш (АҚШ долл., фирмааралық берешекті қоспағанда)	4 293,4	3 930,3	3 698,2	3 650,4	3 383,7	4 015,9	4 015,9
2. Жалпы сыртқы борыштың ЖІӨ қатынасы (% , фирмааралық берешекті қосқанда)	80,9	98,6	91,0	87,5	81,5	81,7	81,7
3. Жалпы сыртқы борыштың ЖІӨ қатынасы (% , фирмааралық берешекті қоспағанда)	50,7	54,9	48,6	45,1	39,7	45,2	45,2
4. Жалпы сыртқы борыштың ТҚЭж қатынасы (% , фирмааралық берешекті қосқанда)	141,3	235,1	208,1	188,7	178,6	183,2	183,2
5. Жалпы сыртқы борыштың ТҚЭж қатынасы (% ,фирмааралық берешекті қоспағанда)	88,7	130,9	111,1	97,4	87,1	101,4	101,4
6. Борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭж қатынасы (% ,фирмааралық берешекті қосқанда)	41,7	63,2	35,6	28,6	30,7	39,4	33,5
7. Борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭж қатынасы (% ,фирмааралық берешекті қоспағанда)	30,5	46,4	22,0	17,3	18,4	24,1	20,4
8. Сыйақы төлемдерінің ТҚЭж қатынасы (%)	7,5	10,5	7,9	6,8	7,3	6,6	7,1
10. Халықаралық резервтердің бастапқы мерзім бойынша қысқа мерзімді борышқа қатынасы	186,9	224,3	277,3	226,2	372,3	313,1	313,1

Анықтама үшін:

Халық саны (мың адам) ***	15 776,5	16 036,1	16 090,9	16 148,9	16 210,1	16 433,8	16 433,8
Кезеңдегі ЖІӨ (млрд. теңге)***	16 052,9	17 007,6	4 372,9	4 760,7	5 505,7	6 874,2	21 513,5
12 айға ЖІӨ, (млрд. АҚШ долл.)	133,5	114,8	122,4	130,6	138,0	146,0	146,0

* 2000 жылдан бастап – ұзақ мерзімді борышты өтеу және қызмет көрсету

** ҚР Төлем балансы, ҚҰБ бағалау

*** ҚР Статистика агенттігі

III-бөлімнің 3.2-бөлімшесіне 1-қосымша

3.2.1-кесте


Екінші деңгейдегі банктердегі қолма-қол ақшаның қозғалысы

Банктердің кассалары арқылы өтетін қолма-қол ақша ағыны	2010 жыл үшін (млн.теңге)	2009 жыл үшін (млн.теңге)	Кезең үшін өзгеріс	
			(млн.теңге)	%-бен
ЕДБ кассаларына кіріс	10 435 080,7	9 667 885,7	767 195,0	7,9
тауарларды, қызмет көрсетуді және жұмысты сатудан	2 361 660,9	2 238 840,35	122 820,5	5,5
коммуналдық төлемдерден	198 787,5	160 932,17	37 855,3	23,5
көлік кәсіпорындарынан	62 194,7	55 845,94	6 348,7	11,4
байланыс кәсіпорындарынан	92 331,2	80 232,04	12 099,2	15,1
қонақ үй, ойын және шоу-бизнес кәсіпорындарынан	2 059,2	5 327,74	-3 268,6	-61,3
сақтандыру ұйымдарынан	5 359,4	5 631,67	-272,2	-4,8
шетел валютасын сатудан	1 879 192,0	1 815 626,99	63 565,0	3,5
жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттарға	1 615 464,7	1 593 589,96	21 874,8	1,4
салықтар, алымдар және кеден төлемдерінің түсуі	115 053,7	103 291,36	11 762,3	11,4
заемдарды өтеу	127 711,7	174 753,92	-47 042,2	-26,9
банкоматтардан алынғандар	908 479,0	729 299,01	179 180,0	24,6
өзге де түсімдер	3 066 786,7	2 704 514,57	362 272,2	13,4
ЕДБ кассаларынан беру	11 365 618,4	10 145 022,6	1 220 595,9	12,0
тауарларға, қызмет көрсетуге және жұмысқа ақы төлеуге	1 266 510,7	1 397 970,70	-131 460,0	-9,4
еңбекақы төлеуге	358 498,2	359 694,13	-1 196,0	-0,3
ауылшаруашылығы өнімінің ақысын төлеуге	69 428,4	39 525,61	29 902,8	75,7
көлік, байланыс кәсіпорындарына	636,5	781,336	-144,9	-18,5
сақтандыру ұйымдарына	316,9	434,958	-118,1	-27,1
шетел валютасын сатып алуға	475 913,6	618 448,66	-142 535,0	-23,0
жеке тұлғалардың салымдары бойынша шоттардан	1 662 835,7	1 725 621,71	-62 786,1	-3,6
жеке және заңды тұлғаларға берілген заемдар	52 788,5	65 009,10	-12 220,6	-18,8
зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге	510 019,6	396 054,57	113 965,1	28,8
банкоматтарды толықтыруға	3 372 325,5	2 634 989,24	737 336,3	28,0
өзге де берілгендер	3 596 344,9	2 906 492,54	689 852,3	23,7

IX бөлімнің 9.1-бөлімшесіне 1-қосымша


9.1.1-сурет

Ұлттық қордың құрылғанынан бастап кірістілігі, АҚШ долларымен




9.1.2-сурет

Тұрақтандыру портфелінің кірістілігі




9.1.3-сурет


Жинақ портфелінің кірістілігі



Жинақ портфелінің мандат түрі бойынша кірістілігі



Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымы



Ұлттық Банк және АҚ қызметкерлерінің саны

	Есепті кезең аяғындағы саны				Тұрақтамау көрсеткіші, %	
	Штат бойынша, бірлік		Тізім бойынша, адам		2009 ж.	2010 ж.
	2009 ж.	2010 ж.	2009 ж.	2010 ж.		
1	2	3	4	5	6	7
Орталық аппарат	652	624	665	651	10,2	5,7
Филиалдар	1 722,5	1 432,5	1 767	1 491	7,7	8,8
Жиынтығы:	2 374,5	2 056,5	2 432	2 142	8,4	7,9
ҚРҰБ ұйымдары (РМК)	939,5	933,5	962	941	6,2	7,4
ҚРҰБ бойынша барлығы:	3 314	2 990	3 394	3 083	7,8	7,8
АҚ	615	737	561	754	38,4	29,3
Барлығы:	3 929	3 727	3 955	3 837	11,9	11,4

Х бөлімнің 10.5 -бөлімшесіне 1-қосымша

10.5.1-кесте

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің нәтижелері

млн. теңге

	2009 ж.				2010 ж.				ауытқу	
	ҚҰБ	РМК	АҚ	Барлығы	ҚҰБ	РМК	АҚ	Барлығы	(+/-)	(%)
Кірістер	50 134,8	9 829,0	19 805,2	79 769,0	64 018,5	13 468,6	15 640,5	93 127,6	13 358,6	16,7
Шығындар	15 970,1	8 421,5	7 192,6	31 584,2	14 908,8	10 185,8	3 572,9	28 667,5	-2 916,7	-9,2
Бөлінбеген пайда/ (шығын)	34 164,7	1 407,5	12 612,6	48 184,8	49 109,7	3 282,8	12 067,6	64 460,1	16 275,3	33,8
Корпоративтік табыс салығы		182,0	1 542,8	1 724,8		625,7	777,2	1 402,9	-321,9	-18,7
Бөлінбеген пайда/ (шығын) қалдығы	34 164,7	1225,5	11 069,8	46 460,0	49 109,7	2 657,1	11 290,4	63 057,2	16 597,2	35,7

10.5.2-кесте

Ұлттық Банктің монетарлық қызмет бойынша кірістері мен шығындары (нетто - негізде)

млн. теңге

р/с №	Атауы	Нетто-нәтиже		Ауытқу	
		2009 жыл	2010 жыл	(+/-)	(%)
1	2	3	4	5	6
1	Сыртқы нарық	40 125,6	40 983,3	857,7	2,1
1.1	АВА басқару	40 125,6	40 983,3	857,7	2,1
1.1.1	Алтын портфелі	462,2	96,9	-365,3	-79,0
1.1.2	Валюта портфелі	39 663,4	40 886,4	1 223,0	3,1
1.1.2.1	Сыртқы басқарудағы	-3 069,3		3 069,3	-100
1.1.2.2	Ішкі басқарудағы	42 732,7	40 886,4	-1 846,3	-4,3
1.2	Өзге				
2	Ішкі нарық	8 929,6	21 701,1	12 771,5	143,0
2.1	ҚР Үкіметімен операциялар	-246,6	-262,0	-15,4	6,2
2.2	МБҚ-мен операциялар	-3 787,5	218,4	4 005,9	-105,8
2.3	Ішкі қаржы жүйесімен, қаржылық емес ұйымдармен және жеке тұлғалармен операциялар	23 617,1	19 659,9	-3 957,2	-16,8
2.4	Провизияларды құру және жою	-10 654,2	2 085,4	12 739,6	-119,6
2.5	Өзге	0,8	-0,6	-1,4	-175,0
3	Қайта бағалаудан нәтиже		609,2	609,2	0,0
	Монетарлық қызметтен нәтиже	49 055,2	63 293,6	14 238,4	29,0

Х бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 2-қосымша

10.5.3-кесте

Ұлттық Банктің монетарлық емес қызмет бойынша кірістері мен шығындары

млн. теңге

р/с №	Атауы	2009 жыл	2010 жыл	Ауытқу	
				(+/-)	(%)
1	2	3	4	5	6
1	Барлық кірістер	1 079,6	724,9	-354,7	-32,9
1.1	Өтелген шығындар	14,2	14,6	0,4	2,8
1.2	Инвестициялық бағалы қағаздар - салынған капитал бойынша кірістер	140,2	139,4	-0,8	-0,6
1.3	Өзге де кірістер	466,9	487,4	20,5	4,4
1.4	Көзделмеген кірістер	458,3	78,2	-380,1	-82,9
1.5	Бұрын құрылған провизияларды жою		5,3	5,3	0,0
2	Барлық шығындар	15 970,1	14 908,8	-1 061,3	-6,6
2.1	Ұлттық валютаны жеткізу және тасымалдау бойынша	45,6	59,4	13,8	30,3
2.2	Ұлттық Банктің операциялары бойынша комиссия төлеуге	0,9	1,0	0,1	11,1
2.3	Негізгі құрал-жабдықтармен, материалдық емес активтермен және ТМҚ-мен операциялар бойынша	2 172,3	1 987,4	-184,9	-8,5
2.4	Өзге	699,1	812,5	113,4	16,2
2.5	ҚҚА қаржыландыруға байланысты шығындар	2 598,5	2 654,1	55,6	2,1
2.6	Әкімшілік шығындар және қызметкерлерге шығындар	8 819,6	9 361,4	541,8	6,1
2.7	Көзделмеген шығындар	1 634,1	33,0	-1 601,1	-98,0
	Монетарлық емес қызметтен нәтиже	-14 890,5	-14 183,9	706,6	-4,7

Ұлттық Банктің күрделі шығыстары

млн. теңге

№	Атауы	2009 жыл	2010 жыл	Ауытқу	
				(+,-)	(%)
1	2	4	5	6	7
1	Объектілердің құрылысы	1,2		-1,2	-100
2	Жұмыс істеп тұрған өндірісті қайта салу және кеңейту	0,1	4,6	4,5	46,0 есе
3	Негізгі құрал-жабдықтарды күрделі жөндеу	20,3	136,1	115,8	6,7 есе
4	Негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу	319,9	655,8	335,9	105,0
5	Материалдық емес активтерді сатып алу	119,6	150,4	30,8	25,7
6	Өзге шығыстар	12 700,0	12 000,0	-700,0	-5,5
	Күрделі шығыстар жиынтығы	13 161,1	12 946,8	-214,2	-1,6

Х бөлімнің 10.5-бөлімшесіне 4-қосымша

Ұлттық Банк ұйымдары қызметінің нәтижелері

МЛН. ТЕНҒЕ

P/C №	Атауы	Кірістер			Шығыстар			Корпоративтік табыс салығы			Таза кіріс (шығын)		
		2009ж.	2010ж.	Өсу (төмендеу) қарқыны %	2009ж.	2010ж.	Өсу (төмендеу) қарқыны %	2009ж.	2010ж.	Өсу (төмендеу) қарқыны %	2009ж.	2010ж.	Өсу (төмендеу) қарқыны %
	Барлығы	29 634,2	29 109,1	-1,8	15 614,1	13 758,7	- 11,9	1 724,8	1 402,9	-18,7	12 295,3	13 947,5	13,4
	Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар	9 829,0	13 468,6	37,0	8 421,5	10 185,8	20,9	182,0	625,7	3,4 есе	1 225,5	2 657,1	2,2 есе
1	ҚТС	2 822,4	5 186,3	83,7	2 686,4	4 146,3	54,3	5,9	215,7	36,6 есе	130,1	824,3	6,3 есе
2	ҚБЕО	1 703,0	1 835,7	7,8	1 280,3	1 193,4	-6,8	73,0	134,7	84,5	349,7	507,6	45,2
3	БСБ	325,5	424,6	30,4	300,1	349,4	16,4	9,8	9,7	-1,0	15,6	65,5	4,2 есе
4	БФ	4 978,1	6 022,0	21,0	4 154,7	4 496,7	8,2	93,3	265,6	2,8 есе	730,1	1 259,7	72,5
	Акционерлік қоғамдар	19 805,2	15 640,5	-21,0	7 192,6	3 572,9	-50,3	1 542,8	777,2	-49,6	11 069,8	11 290,4	2,0
1	ҚДКҚ } КРҰБ Q-BRO } үлесі 100% «ГНПФ» ЖЗҚ (КРҰБ үлесі 90%)	13 253,6	8 214,9	-38,0	1 852,2	299,7	6,2 есе	859,1	6,5	-99,2	10 542,3	7 908,7	-25,0
2		212,1	275,0	29,7	200,3	183,4	-8,4	0,5	0,8	60,0	11,3	90,8	8 есе
3		6 339,5	7 150,6	12,8	5 140,1	3 089,8	-39,9	683,2	769,9	12,7	516,2	3 290,9	6,4 есе